Ақпаратты рұқсат етілмеген жетуден қорғаудың заң шығарушы шаралары елде бар заңдарды орындау немесе лауазымды тұлғалардың – пайдаланушылардың және қызмет етуші адамдардың оларға тапсырылған, қорғауға жататын ақпараттың кемуі немесе модификациясы үшін, оның ішінде ақпаратқа немесе аппаратураға қасақана рұқсатсыз жету үшін заңның жауапкершілігін реттейтін жаңа заңдарды, қаулыларды, ережелерді және нұсқауларды кірістіруге негізделеді.

Қауіпсіздіктің негізгі технологияларына мыналар жатады: аутентификация, авторизация, тексеру және қорғалған арна технологиясы.

Аутентификация (authentication) – жағымсыз тұлғалардың желіге рұқсатына жол бермейді және ресми пайдаланушыларға кіруге рұқсат береді. Аутентификацияны идентификациядан айырған жөн. Идентификация пайдаланушымен жүйеге өз идентификаторын хабарлауда қорытылады, ал аутентификация – бұл пайдаланушының өзін кіммін десе, сол екенін, әсіресе онымен енгізілген идентификаторлық соныкі екенін дәлелдеу процедурасы болып табылады.

Авторизация (authorization) желілік әкімге пайдаланушылардың желі ресурстарына рұқсатын басқару тәсілін береді. Ресми және ресми емес пайдаланушыларды танып білетін аутентификациядан айырғанда, авторизация жүйесі тек қана аутентификация процедурасын өткен ресми пайдаланушылармен жұмыс жасайды. Авторизацияның мақсаты – әрбір ресми пайдаланушыға ол үшін жүйе әкімімен анықталған нақты рұқсат түрлері мен қорларға рұқсат беруден түзеледі.

Авторизацияның негізгі принципі – «қауіпсіздіктің жалғыз қол қою принципі» пайдаланушыларға желіге бір рет логикалық кіруді іске асыруға және оларға қолдануға рұқсат етілген барлық қорларға жетуге мүмкіндік береді. Авторизация жүйелері операциялық жүйе құралдарымен іске асырылған немесе өзі Kerberos жүйесі типті бөлек күрделі бағдарламалық пакеттерді ұсынған болуы мүмкін.

Тексеру (auditing) – бұл қорғалатын жүйелік қорларға рұқсатпен байланысты оқиғалардың жүйелік журналда бекітілуі. Есептеу және байқау құралдары қауіпсіздікпен байланысты маңызды оқиғаларды немесе рұқсат құру, алу не жүйелік қорларды жою үшін жасалынған кез келген әрекеттерді анықтауға және жазып қоюға мүмкіндік береді. Тексеру тіпті жүйені «бұзудың» сәтсіз әрекеттерін де белгілеп қалу үшін қолданылады.

Қорғалған арна технологиясы ашық транспорттық желі, мысалы, Internet бойымен мәліметтерді беріп жіберудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өңделген. Қорғалған арнаға үш негізгі функциялардың орындалуы кіреді:

- абоненттердің өзара аутентификациясы;
- арна бойымен таралатын хабарлаулардың бекітілмеген рұқсаттан қорғанысы;
- арна бойымен келіп түсетін хабарлаулардың тұтастылығын растау.

Қосылуды құру кезінде екі жақтың өзара аутентификациясы, мысалы, сертификаттарды айырбастау жолымен орындалуы мүмкін. Құпиялық шифрлеудің қандай да бір әдісімен қамсыздандырылуы мүмкін [1].

Таралатын хабарлаулардың тұтастығы оған (оны кілтпен шифрлемес бұрын) оның мәтініне бір жақты функцияны қолданудың нәтижесінде алынған дәйджестің қосылуының арқасында жүзеге асырылады.

Қорғалған арна технологияларын орындау әр түрлі болады. Сонымен қатар олар OSI моделінің әртүрлі деңгейлерінде жұмыс істей алады. Осылайша SSL хаттамасының функциялары OSI моделінің келісті деңгейіне сәйкес келеді. Желілік хаттаманың жаңа үлгісі IP анықтама бойынша қорғалған арнаға тән барлық функцияларды – аутентификацияны, шифрлеуді және тұтастықты қамтамасыз етуді алдын ала ескереді. Ал PPTP туннельдеу хаттамасы мәліметтерді арналық деңгейде қорғайды.

Қорғалған арнаны орындау, тек қана таңдалған хаттамамен емес, сонымен қатар оның пайда болу тәсілімен де анықталады:

- шеткі тораптардың арнайы бағдарламаларының жасақтама арнасында;

- жеке және жалпы желілердің арасындағы шекарасында тұрған шлюздердің арнайы бағдарламалық жасақтама арнасында.

Бірінші жағдайда жойылған клиент компьютерінде орнатылған бағдарламалық жасақтама қорларына клиент қатынайтын, бірлескен желі сервері бар, қорғалған арна орнатады. Бұл тәсілдің артықшылығы – бүкіл еру жолының бойында арнаның толық қорғанушылығы, сонымен қатар қорғалған арналарды жасаудың кез-келген хаттамаларын қолдану мүмкіншілігі, әйтеуір каналдың түпкі нүктелерінде бір хаттамаға сүйенсе болды. Кемшіліктер – шешімнің артықшылығы және децентралдануы болып табылады. Хакерлер үшін әдетте телефондық желі арналары немесе бөлінген арналар емес, пакеттердің коммутациясы бар желілер әлсіз болып саналады, артықшылық осыдан құралады. Сондықтан бірлескен желінің әрбір клиенттік компьютеріне және әрбір серверіне арнайы бағдарламалық жасақтаманы орнатудың қажеті жоқ. Қорғалған арналарды құру процедураларының децентралдануы желі қорларына рұқсатпен орталықтандырылған басқаруды жүргізуге рұқсат етпейді. Үлкен желіде әрбір серверге және әрбір клиенттік компьютерге оларда мәліметтерді қорғау құралдары конфигурациялау мақсатымен бөлек әкімшілік ету – бұл көп еңбекті процедура [4].

Қазіргі қоғамдағы ақпарат өскелең ұрпаққа берер тәрбиесі қандай?

Ақпарат әлемінің біртұтас мемлекетке тигізер әсерінің таяқтың екі ұшы секілді пайдасымен қоса зияны да бар. Соның бірі теледидардан жарияланатын бағдарламалардың көтерген ерсі тақырыптары. Ата-ана балаларымен бірге отырып ақпарат алуға қысылатын заман болды.

Талданар жұмыстың тамыры тереңде болуы маңызды. Сүттің бетіндегі қаймақты ғана қылқытқандай болмай, түпкі қазығына да бүгін бас сұқпақпын. Ендеше ата мен әжені – IPhone мен iPad–қа алмастырған бүкіләлемдік желі Интернет тақырыбына тоқталайын.

Қоғамның талабы дейміз, заманның дамуы дейміз, әйтеуір интернет әлемін қорғаштап шығатын сылтау табамыз. Иә, аз уақыт ішінде барлық керекті–керексіз ақпараттармен толыққанды қамтамасыз ете алатын да осы интернет әлемі. Солай бола тұра, интернеттің қайдан шыққанын, қалай пайда болғанын білуге ұмтылмайтынымыз да бар.

Интернет ұғымы ХХ ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкілғаламдық желі Интернет. Оның шығу тарихы да қызық. 1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ–тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды. Бұл күнде интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

Қазақстанда интернеттің пайда болу күні қашан дегенге екі жауап бар. Біріншісі – 1991 жылдың сәуір айы. Сол жылы «Парасат» фирмасы базасында Relkom жүйесінің Қазақстандағы алғашқы аймақтық торабы ашылған болатын. Бұл торап UUCP бойынша электрондық пошта қызметін көрсететін. Ал екінші туған күні – Казнет дүниеге келген 1994 жылдың 19 қыркүйегі. Осы күні алғаш рет KZ домені тіркелген еді. Сол жылдың аяғында қазақстандық сайттардың саны 15-ке жеткен.

Алғашқы кезде интернетті пайдаланушылардың саны аз болғандықтан, сыналған шенеуніктер бұл үрдіске аса мән бере қойған жоқ. Аз уақыттан соң жүйедегі ақпарат қағазға шығарылып, ел арасында таратыла бастайды. Сөйтіп интернеттің аудиториясы көбейе түседі.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша, интернетті мектептегі балаларды қоспағанда, ел тұрғындарының 3,1% қолдана алмайды, 18,4% «компьютерлік өнерді» енді ғана бастап үйреніп келеді, ал 11,6% азаматтар «тәжірибелі пайдаланушы» санатына жатады.

Тағы бір ескеретіні, интернеттен алынған ақпаратқа бастапқыдан сенімсіздікпен қарау үрдіске айналған болатын және жалған ақпараттардың көптеп таралуын ескерсек, мұндай іс-әрекет үлкен мәнге ие. Сонымен қатар, лицензия алған желілік басылымдар түрлі қоғамдық ұйымдармен және билік органдарының өкілдерімен қарым-қатынас құруда біршама басылымдықтарға ие. «Страна.ru» жобасының бас редакторы М.Литвиновичтің пікірінше, «лицензияның болуы – желілік БАҚ-тың берген мәліметтерінің шындыққа сай келуінің кепілі, себебі интернетте ақпарат тарату тәртібінің қатаюына, сол арқылы кәсіби деңгейінің жоғарылауына септігін тигізеді» деген болатын.

Қазақстан ғана емес, барлық елде интернет-журналистика саласының бір түріне арналған. Яғни, басты құралдарының бірі. Қазір қарап отырсаңыз, барлық телеарнаның, барлық мекеме, ұйымдардың электронды нұсқасы пайда болды, мысалы, әлеуметтік желіде парақшасы, Youtube видеохостингтерде аккаунттары және арнайы сайттары бар.

Адамзатты өзіне қаратқан Интернеттің басшысы жоқ. Ол – тәуелсіз, еркін. Сондықтан, адамдар да оның алдында тәуелсіз болғанын қалар едім.

Интернетті меңгеруіміз керек деп таңертеңнен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көзіміз жетті. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтану керек. «Асыл тастан, өнер жастан» демекші қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, дені сау, білімді ұрпақ интернеттен қажетті мағлұматтарды жинап, Қазақстанға өз үлесін қосады деп сенемін! Тек қана оны сауатты пайдалану керек.

Ал сіз интернет әлемін жүйелі пайдаланып жүрсіз бе? Қаншалықты уақытыңызды арнайсыз? Сізге келер пайдасы мен зияны қандай?!

Талқылар танымды тақырып әлі алда. Жалғасын күтіңіз...

Тәрбие мен сана шекарасына тікелей әсер ететін ол – ақпарат!

Жан-жақтан түсетін ақпаратты балалар үшін қауіпсіз деп айта аламыз ба? БАҚ-тағы жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі заңнамалық тұжырымдар бар ма?! Әлемде қандай, Қазақстанда қандай?

Осы сауалдар төңірегінде ізденіп көрелік. Соңына дейін оқыңыз. Келіскен тұсыңыз, не айтар ақпаратыңыз болса, пікірге қалдыра кетіңіз!

Жастар – ел болашағы. Олардың алған білімдері мен хабардар болған ақпараттарына біртұтас ел болып жауап береді. Мемлекет мүшелерінің денсаулығына, адамгершілігіне, рухани дамуына кері әсерін тигізетін ақпараттардан қорғау шаралары сол кезеңдерде қабылданған барлық заңнамада көзделген. Соның ішінде бала мүддесі, бала денсаулығы, бала тәрбиесі басты тақырып болып тұрды. Сондықтан да, 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымында Балалар құқықтары туралы конвенция болып, мұнда балалардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени құқықтарымен қатар, саяси, азаматтық құқықтары да қаралды. Бұл конвенция алғашқы толыққанды жазылған халықаралық құжат деп есептеледі. Конвенцияның арқасында бала құқығы алғаш рет халықаралық құқықтық күшке ие болып, 2002 жылы бұл құжатты 191 ел ратификациялаған. Бұл мемлекеттер әр 5 жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымына балалар құқықтары жөнінде есеп беріп отырды. Бұқаралық ақпарат құралдары тарататын ақпараттарға басты назар аударылып, балалардың әлеуметтік, рухани, адамгершілік қасиеттеріне және әл-ауқатына, олардың психикалық ойлау жүйелері мен баланың дене салауатының жақсы қалыптасуына бағытталған материалдар мен ақпараттар тарату керек.

Сондықтан да барлық мемлекеттер мына жағдайларды қолдайды:

– Балаларға пайдалы әлеуметтік және мәдени тұрғыдан білім беретін, сапалы ақпараттар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарын қолдайды;

– Әр мемлекеттердің ұлттық, мәдени деректерін алып, ақпараттарды дайындау кезінде, оларды таратып, басқалармен алмасу кезінде халықаралық ынтымақтастықты сақтауды қолдайды;

– Жасөспірімдерге арналған әдеби шығармаларды көбейтуді қолдайды;

– Балалардың өміріне қауіп төндіретін ақпараттардың алдын алуды және сондай материалдардың таралуына жол бермейтін қағидаларды қолдайды.

Атап айтқанда, бұл конвенцияда балалардың дем алуына және бос уақыттарын тиімді өткізулеріне, ойындар ойнап, ойын-сауық шараларына қатысуларына рұқсат етілген. Тек мұнда қойылатын бір ғана талап, барлық іс-әрекет, барлық шаралар баланың жасына сәйкес болуы керек делінген.

ЖАРНАМА туралы баптарға тоқталайық. Өйткені, жарнамадан көргенін қайталайтын жастар да, жарнамада көрсетілген заттарға қызығып, сол дүниені алатын адамдардың қарасы да мол екені анық. 11-інші бапта былай делінген: «Балаларға арналып, балаларды пайдалану арқылы жасалған жарнама

олардың мүдделеріне зиян тигізбеуі және олардың ерекше қабылдау қабілетін ескеруі тиіс».

Адам өміріне зиянды, бірақ қолданыста жүрген тауарлар туралы жарнамаларға көп елдер өте қатаң тыйым салған. Бұл ең дұрыс қабылданған шешім деп санаймын. Өйткені, темекі бұйымдары мен алкоголь ішімдіктері және тағы басқа зиянды тауарларды ешқашан насихаттауға болмайды. Олардан бала түгілі үлкендерді де аулақ ұстау қажет. Көптеген елдер мұндайға аса зор мән береді. 15 бапта темекі бұйымдарының жарнамасына тыйым салынады.

Бұл халықаралық деңгейдегі құжаттар. Ал Қазақстан Республикасының Конституциясында «қоғамдық имандылық» деген сөз тіркестері көп кездеседі. Осы турасында Конституцияның 12 бабының 5 бөлімінде: «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс». Бұл тек Қазақстан Республикасында ғана емес, халықаралық деңгейдегі құқықтық құжаттарда да сөз еркіндігіне шектеулер қойылады. Өйткені ешкім ешкімнің ала жібін аттамай, ешкім ешкімді білмей жатып сөге жөнелмеу керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарының басты міндеттерінің бірі де. Яғни, олар қатыгездік пен күш жұмсағанға, зорлыққа қарсы бағытталған заңнаманы басшылыққа ала отырып, қоғамдық адамгершілікті қорғайды. Ата заңда жоғарыда қысқаша айтып өткен 20 баптың 3 бөлігі де конституциядағы нормаларды күштеп өзгертуге, соғыс пен қатыгездікті, әлеуметтік, расалық, ұлттық, нәсілдік, діндік, жүздік, рулық басымдықтарды үгіттеуге қарсылық білдіреді.

«БАҚ туралы» заңда барлық мүдделер мен нормалар атап өтілген. 1 баптың 14 бөлігінде эротика ұғымы көрсетіліп, мән–мағынасы түсіндірілген. Яғни, эротикалық өнім дегеніміз – адамгершілік ар–ұяттан аттап өтетін, қазаққа ашық айтқандығы тән емес дүние болып табылатын, қызығушылық тудырып, үнемі алаңдатып тұратын баспалық басылым немесе теле–радиодағы бағдарлама. Бұл туралы Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңда 14 баптың 2 бөлігінде эротикалық сипаттағы материалдарды жариялап тарататын мерзімді басылымдарды стационарлық емес үй–жайларда және білім беретін ұйымдар, балаларға қатысты мекемелердің, ғибадат өткізілетін үйлердің жанында және сол аумақтарды сатуға тыйым салынған. Сонымен қатар, он сегізге толмаған жастағы балаларға бөлшек сауда жасауға тыйым салынады. Бұл эротикалық ақпараттарды тарату жергілікті атқарушы органдар белгілеген арнайы стационарлық мекендерде жүргізілуі тиіс.

2000 жылы 6 қыркүйекте Нью–Йоркте Қазақстан Республикасы балалар тақырыбында, яғни, баланы сату, балалардың жаман іспен айналысуы немесе оған мәжбүрлеу, балалардың азғырушылыққа байланысты Балалар құқықтары туралы қабылданған конвенцияға факультативтік хаттамаға қол қойған болатын.

Баланың ақпараттық қауіпсіздігіне байланысты «Қазақстан Республикасының баланың құқығы туралы» заңды 2002 жылы 8 тамыз күні қабылдап, Баланың құқықтары жөніндегі конвенция ратификацияланды. Осы заңдардағы баптарға сүйенсек, баланың сөз бостандығы мен ар-ождан еркіндігін сақтап, ақпараттарды алуына рұқсат беріліп, қоғамдық өмірге араласу құқығына ие болатыны айтылған. Алайда мұның барлығы белгілі бір заң шеңберінде жүзеге асырылып, егер теріс дүние балаға әсер ететін болса, заңда бекітілген шеңберден асуға тыйым салынады.

Мемлекеттік құжаттарға арнайы тоқталғандықтан мына бапты да айта кеткен жөн. 34 бапта: «Порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалану» заңға қарсы болып табылады.

Сонымен қатар, баланы алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерінің зиянды әсері туралы айтып, олардан қорғайтын заң ережелері де бекітілген.

Ең сорақы қылмыстардың бірі – баланы жаман әрекетке итермелеу. Бұл мәселеге мемлекет ешқашан да бей-жай қараған емес. Балаларды жаман әрекеттен және азғырушылықтан қорғау үшін заңға 40 бапты енгізген: «Баланы жезөкшелікпен айналысуға тартқандарға, балаға порнографиялық материалдарды немесе заттарды, баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзгеде нәрселерді таратқандарға, жарнамалағандарға немесе сатқандарға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауаптылық белгіленеді». Халықаралық құжаттармен салыстырғанда Қазақстан Республикасының заңнамасы балалардың ақпараттық қауіпсіздігі тұрасында халықаралық стандарттарға әлі де алыстау екені байқалады.

Әлеуметтік желіде сұрау жүргізгенде 13 жастан басталған ересек балалардың 54%-ы теледидар көретіндігін айтса, 60% бейнені, яғни, видеоларды көп қарайтындығын, 53%-ы компьютерлік ойындарда ойнаса, 51%-ы интернетте зорлық пен қатыгездікті көп көретіндерін айтып өтті. Ал 13 жастан асқан үлкен балалардың біразы негативті мазмұнды журналдардың қолжетімділігін айтқан болатын. Бұл жауаптарға қарап, көңілің толқып, болашақты ойлап қам жеуге болады. Қанша жерден шегелеп заң шығарып, нормаларын бекітсе де балалардың өз ауыздарынан естіп отырғанымыз мынау?! Істің тындырылуы бір адамға емес, бүткіл біртұтас халыққа байланысты екенін де ұмытуға болмас.

Көптеген педагогтар бүгінгі бала тақырыбында сөз қозғағанда, көпшілігінің ойлары бір жерден шығуда. «Біздің елде кез-келген бейне материалдарды жалға алатын дүкенге келіп, емін-еркін сауда жасай алады. Яғни, бала қалаған бейне өнімді ала алады және соны көреді. Бейне өнімді де, баланы да шектеп жатқан ешкім жоқ. Ең қызықтысы, сатушы да еш ойланбастан балаға немесе жасөспірімге сұраған тауарды еш уайымсыз бере салады!...» десе, біреулері «қазір сатушыларға бәрібір болып кеткендей. Олар

тауардың ақшасы төленсе болды, бала болсын, жасөспірім болсын қуана-қуана балаларға тыйым салынған заттарды бере салады».

Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заң жобасының 29-бабы «Телебағдарламаларды тарату кезінде балалар мен жасөспірімдерді қорғау», 1-тармағында «Жергілікті уақыт бойынша 06.00-ден 22.00-ге дейінгі кезеңде балалар мен жасөспірімдердің тәндік, психикалық, имандылық, моральдық және рухани дамуына зиян келтіруі мүмкін телебағдарламаларды, сондай-ақ «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Е 18» индексімен индекстелген фильмдерді таратуға жол берілмейді» деп жазылған.

Бала үшін зиянды ақпараттың таралуы және қорғау жолдары қандай?

Телеарналар мен газет-журналдардың жекеменшікке өтуі арнайы жолақты кесе берулеріне мүмкіндік жасағандай. Қазіргі таңда ақпараттың таратылуы, көрсетілуі орынды деп толыққанды айта алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдары жағымсыз, қисынсыз, қатыгез, теріс, бұрыс ақпараттарды ашық та айқын тарататын болған. Кез-келген балаға сауалнама жүргізгенде бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылық, қатыгездік пен сатқындық емін-еркін көрсетілетінін білдік. Әсіресе, мұндайлар видео жүзінде көп таралады. Біреуі теледидардан көрсе, біразы интернеттегі арнадан, YouTube, VK, WhatsApp, telegram және тағы басқа әлеуметтік желілерден көретіндерін айтты. Сонымен қатар, мұның барлығы қарап отырсаңыз, өте қолжетімді және тегін. Оның орнына тіл үйрену, қызықты мәліметтер алу, қазақ ұлтының бүгінінің қадірін білу үшін тарихын насихаттайтын дүниелерді неге көрсетпеске?! Көрсетілмейді емес, әрине мұндай бағдарламалар, мақалалар, очерктер жетерлік. Бірақ соны баланың санасына тән қызықтыратын, құштарлығын арттыратын, тағы да білсем екен деп ұмтылатындай етіп жасау аз.

Бүгін де балалар арасында ұялы телефондағы смс немесе неше түрлі видеоны бір-біріне «лақтырып» жіберу ең қауіптісі секілді. Балаларды да үнемі бақылауда ұстап отыру мүмкін емес. Оның ортасы қандай екенін де білмей қаламыз. Интернет арқылы көшедегі бұзақылардың төбелестерін көріп, қатыгездіктеріне таңдай қағып, қызық көріп, соны бір күні істеулері бек кәміл. Қазір барлық балада ұялы телефон, смартфон. Жоқ болса, басқалардан кем болатындай ата-анасынан алып беруді талап етеді. Қолқалап қоймаған соң, ата-ана қалайда алып береді. Соның кесірі өзіне де, өзге де тиіп кетуі мүмкін екенін бала ойланып та жатқан жоқ.

Ауылда өскен бала мен қалада өскен баланың айырмашылығы жер мен көктей. Бірақ қазір ауылдың да жағдайы жақсарып, барлығында бірдей болмаса да, көптеген аймақта интернет ұстайды. Ауылда қайнаған тірлік болған соң ба, ауылдың балалары әлеуметтік желіні шектен тыс пайдаланбайды. Үлкендердің ортасында көп жүргендіктен бе, экранда көрсетілетін зорлық көріністерге қарсы және дұрыс деп санамайды. Ал қаладағы балалардың жағдайлары да, ойлары да керісінше. Көбіне қыздар

жағы теріс пікірін білдірсе, ұлдардың басым көпшілігі «онда тұрған ештеңе жоқ» деп түсінеді.

Балалардың барлығы бірдей бұқаралық ақпарат құралдарын, аудио мен бейне көрсетілімдерін шектен тыс көп пайдалану зиян болатынын ұғына бермейді. Жобалап алғанда жасөспірімдер ең бастысы компьютерлік ойындарды ойнауды, интернетті көп пайдалануды, теледидар, видео қарауды зиянды деп есептейді екен. Осылардың ішінде ең қауіптісі ретінде компьютерлік ойындар мен интернет деп санайды. Олардың ойнайтын ойындарында үнемі қантөгіс, аяусыздық орын алады. Барлық ойындар сондай, біреуді өлтіріп кету, қанатып кету, зорлық көрсету, әйтеуір өзің таңдап алған персонажды қалай болғанда да аман алып қалу керек. Алайда оның персонаж екенін ұмытып, сол ойынның ішіне кіріп кетеді. Бала түгілі үлкенді де сол ойынды ойнатып, «мынау сенсің, ал жеңуің керек» десе, дел–сал күйде мән бермей емес, керісінше білек сыбана кірісіп жеңуге ұмтылары анық нәрсе. Бұл компьютерлік ойындардың адам санасын улауының нақ көрінісі.

Жалпы айтқанда теледидар, бейне мен аудио, музыка, интернет, компьютердегі ойындар балалардың өмірлерінде аса үлкен рөл атқарып тұр. Әр елді мекенде байланыстың әртүрлілігін, яғни, теледидар мен интернеттің, компьютерлік ойындардың таралу жиілігі әртүрлі екендігін де ескере кеткен жөн. Соған байланысты да қарасақ, ауылдық жерде балалар көбіне теледидар қараса, қалалық жерлерде үнемі интернетте «отырады», компьютерлік ойындар ойнап, дисктерден немесе онлайн бейнежазбалар көргенді қалайды.

Ал теледидардан 10 жастан бастап, 18 жас аралығындағы балалар ең танымал, атақты комедия, мелодрама, сериал, ойын-сауық, музыкалық бағдарламаларды қарайды. Одан кейін балалардың 30 пайызы мультфильмдер мен спорт турасындағы хабарларды, боевиктерді қарағанды ұнатады. Әсіресе, ер балалар боевик, атыс–шабысқа үйір.

Ал 6 жастан 9 жасқа дейінгі балалар мультфильмдер қарауды жақсы көреді, одан кейін барып өздерінің білім деңгейлерін көрсететін интеллектуалды бағдарламалар, хабарлар, тіл үйрететін, оқытатын, шеберлікке баулитын хабарларды, сирек кездесетін жануарлар мен адамдар көп бара бермейтін табиғат орындары мен ондағы тіршілікті көрсететін деректі фильмдерді, саяхаттарды көргенді ұнатады. Ал содан кейін барып, мелодрама мен комедия, драма көреді. Яғни, қаншалықты баланың жасы кіші болса соншалықты ол өз–өзіне қызықты дүниелер іздеп, танымын кеңейтіп, білгісі келетіні көбейіп, танымдық бағдарламаларға көп қызығады. Ал неғұрлым баланың жасы үлкен болса, соғұрлым ол жеңіл нәрсеге, күлкілі дүниеге, не ойын–сауық бағдарламаларға үйір болады екен.

Ендігі кезек сүйікті кейіпкерлер болмақ. Балалардың қызығатынын, фильм, мультфильмдегі сүйікті кейіпкерлерін, ол кейіпкерлерді неліктен ұнататындықтарын, қай қасиеттерін жақсы көретіндіктерін білу – адамгершілік құндылықтарын айқындауға негіз болады. Көпшілігін күлкілі, әзілқой кейіпкерлер қызықтырады. Ал өздерін бір кейіпкерге балайтын болса міндетті түрде ержүрек, қаһарман, батыр бейнелерді тандайды. Ең керемет

кейіпкерлерінің төбелескендегі қимылдарын, жеңіп шығатын тәсілдерін ерекше бағалап, ешкімге ұстатпайтын, ешқашан еңсесі түспейтін қасиеттерін ұнатады. Сүйікті кейіпкерлердің мына қасиеттерін көпшілік бала бірдей атап өтті: мейірімді болуы, достыққа адалдық, көмекке дер кезінде келуі, мақсатқа жетуі, әділдікті ту етуі, адамгершілігі мен шынайылық қасиеттері. Біреуіне Джеки Чанның төбелескені ұнаса, екіншісіне күлкілі қылықтары үшін ұнайды. Ал кейбіреулеріне мейірімділігі мен аңғал да адал жүзі ұнайды. Біреуге «Сумерки» фильмінде басты рөлдегі Эдвард Калин бойындағы ерекше қасиетімен ұнаса, басқаларына сұлулығы үшін, қызға деген шын махаббаты үшін ұнайды. Яғни, жағымды кейіпкерлердің жағымды істері балаларды сүйсіндіреді.

Ал енді компьютерлік ойындарға тоқталайық. GTA, Counter–strike, Mafia II, Dota, Counter strike, FEAR 2, postal, NFS, Warcraft, Mortal Combat, Call of Duty және тағы басқа көптеген компьютерлік ойындар бүгінде балалардың басты қызығы.

Қазіргі таңда барлық қалалық жерде компьютерлік клубтар бар. Балалар уақыттарының басым көпшілігін сол жерлерде өткізеді. Компьютерлік клуб үйде ойнағанға қарағанда әсерлі, әрі ол жерде орта да қызып тұрады. Ойынның қызығына түсіп кеткен оқушылар қалайда бір–бірін жеңіп шығуға тырысады және аяқталмайынша тапжылмай отырады. Кейде ұтыс тігіп, жеңіс кімге бұйырса сол пайдаға келетін кездер де болады. Мұндай ойынға құштарланып алған баланың сабаққа деген ынтасы болмайды. Өмірге деген белсенділігі азаятыны сөзсіз.

Ал қазір балалар қаншалықты кітап оқиды? Әдебиет оқитын балалар саны аз екені түсінікті. Бүгінде кітапты қолға ұстап отырып оқу емес, электронды нұсқасын оқу жеңілдірек секілді саналады. Газет пен журналдардың да балалар өмірінде өз орындары бар. Бірақ оларда осыған келгенде жалқаулық басым. Жалпы балалардың қызығушылығы арттыратын газет–журналдар мыналар: «Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық газет, «Айгөлек» республикалық балалар журналы, «Балдырған» балалар журналы, «Ақжелкен» журналы және тағы басқа. Балалардың атап көрсеткен басты газет-журналдары осылар болды.

Баланың жас шамасының да олардың қызығушылықтары мен таңдаулары кезінде өзіндік орны бар екендігі байқалады. Өйткені ересек балалар зұлымдық пен қатыгездік суреттелетін, зорлық әрекеттердің элементтері көрсетілетін ойындарға көбірек әуес. Қантөгіс пен атыс–шабыс – олардың жан рахатын тыныштандырады. Ал бұл жастағы балалар ойын-сауық, шоу бағдарламаларды ұнатады. Сонымен қатар, олар өздерінің сүйікті кейіпкерлерін жеке дара қасиеттері үшін, адамгершілігіне қарап таңдайды.

Ал мұндай ойын-сауыққа арналған, көңіл көтеретін хабарларды 6 және 9 жастағы балалар аса қатты ұната бермейді, ал 16 жастан бастап 18 жастағы балалардың көпшілігіне бұл тақырып жақсы таныс. Соған орай да жасы үлкен балалар қатыгездік сипаттағы ойындарға әуес болып келеді.

Бала тағдыры – ұлттың болашағы. Бала жаныңның арашасы. Қазіргі таңда бала тақырыбында көтеріліп жүрген мәселелер жетерлік. Ғаламның соншалықты дамығанының салдарынан баладан бөлек, ата-ана, аталар мен әжелерге дейін ұялы телефонның, компьютердің, планшеттің ішінде отыратын болды. Емін-еркін, арқа-жарқа отырып әңгіме айтудан қалып барамыз. Басқа жұртқа таңсық дүние болмас, бірақ қазаққа тән емес қылық. Шет елдіктер үшін ұл мен қыз ата-ананы бағуға міндетті емес, ал қазақ халқы ұрпағымен мақтанады. Тәлім де, тәрбие де бөлек. Сол себепті адам санасын улайтын дүниелерді баладан сақтаған абзал. Қазір екінің бірі ұялы телефон шұқылап, өзімен-өзі ақырып, не шошынып секіріп, не томаға тұйықталып, не ашулы кейіпке еніп отыратыны, адамдармен қарым-қатынаста дәл сол эмоциядан шыға алмай тұратыны анық байқалады.

Балаларға қазіргі ақпараттық технологиялардың теріс әсері.

Бүгінгі ғасырдың жаңалықтары күннен-күнге ғаламат өзгеріспен дамуда. XX ғасырда–ақ бұқаралық ақпарат құралдарында да даму процестері жүріп, жаңа технологиямен қамтамасыз етілді. Оған балалардың қолдары тез жете бастады. Өйткені сол жылдары–ақ ақпарат көздерінің қатары көбейіп интернет те қосылып, барлық жерде пайда болған болатын. Ақпарат алмасудың жаңа түрі көбейіп, интерактивті компьютерлік бағдарламаларды, әртүрлі ойындарды, бейне–аудио жазбаларды, әндерді, комикстер мен кітаптарды, баспасөз басылымдарды балалар еркін түрде қолдана алатын дәрежеге жетті.

Ал коммерциялық теледидар 1941 жылы шыққан болатын. Бұл кезде жаңа ақпараттың енді-енді елге келу кезеңі болатын. Алайда қанша жерден коммерциялыққа айналу үдерісі болса да, оның тигізіп жатқан өзіндік пайдасы да болды. Атап айтқанда, балаларға білім беру туралы бағдарламалар жасалып, олардың бала үшін орасан зор әсері тиді.

Қазіргі балалар тым ақылды.

Біріншіден, олар тумысынан бөлек, сана-сезімдері, қабылдау жүйелері өзге. Мектепте аузы аңқиған бұрынғының балаларын көру қиын. Қазіргі таңда мектеп жалғыз ақпарат көзі емес, ұстаздардың да маңызы басқаша. Ежіктеп бәрін үйретіп, балаларды әр тақырып сайын жаңалық ашқандай қызықтыратын жүйе бүгінде қатты өзгеріске ұшыраған. Жаңа тақырыпқа мұғалім көп ізденіп дайындалу керек. Өйткені балалар барлығын біледі және оларға қажетті емес ақпаратпен білімдерін таяздауға болмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының балаларға әсер етуі анағұрлым басымдылыққа ие. Бұл біріншіден ата-аналарды, одан кейін медицина қызметкерлері мен ұстаздарды алаңдатып, жиі талқылауға түсетін тақырып болып тұр. Тек Қазақстанда ғана емес, әлемде басты назардағы мәселе. Мысалы, Америка Педиатрия академиясының өкілдері ақпарат көздерінің күрделенуі балалардың аудиториясының да ұлғаюына тікелей әсер етіп жатыр деп санайды. Мұның оң және теріс екі жағы бар. Оң әсері, балалар жаңа дүниені үйренуге, білімге құштар, көптеген талқылауға қатысуға мүмкіндік алады, ән әлемі, ойын–сауықтар арқылы бойдағы өнерлерін де дамытуға үйір

болады. Ал теріс жағы, балалар көрген нәрсесін қайталап істеуі мүмкін. Мысалы, зорлық–зомбылық, қатыгез іс-әрекеттер мен эротикалық сипаттағы ақпараттарға тап болуы мүмкін. Нақты емес дене формасын көрсетумен қатар, зиянды әдеттерге жататын темекі тарту, ішімдік ішу сынды нәрселерді дұрыс деп қабылдаулары мүмкін. Мұндай теріс мақсаттағы ақпараттар балалардың аудиториясына бағыттала отырып, басты қауіп төндіреді.

Бәрімізге белгілі америкалық ғалым, әрі әдістемеші Реен Хоббс компьютерлік сауаттылық түсінігіне тоқталып, екі факторды атады.

Ол компьютерді және интернетті қолдануды компьютерлік сауаттылыққа жатқызуға болмайтындығын айта отырып, керекті ақпаратты қарау, тыңдау, көру, оқу арқылы сараптап та, талдап та білу керектігі маңызды деп көрсетті. Бұл бірінші фактор. Ал екінші факторда ата-аналар мәселесі қарастырылған. Яғни, ата-ана баланың интернетті пайдалану шегін бақылауда ұстауы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарында сан алуан ақпараттар тарауы мүмкін, мүмкін ғана емес, рас. Сондықтан да, фантазия мен шындықтың ара-жігін ажыратып, адаспайтын жол сілтеу – ата-ананың басты міндеті. Ата-ананың тікелей баламен қарым-қатынасы олардың да ақпаратқа сыни көзбен қарауларына әсер етеді.

Мектеп психологының айтуы бойынша: «Негізінен барлық жағдай ата-анаға байланысты. Ата-ана баланың күн тәртібін бақылауда ұстаса, бәрі өз режимімен жүреді. Ал егер ата-ана баланың күн тәртібінен бейхабар болса, бала да бетімен кетеді. Күні бойы теледидар қарайды, смартфоннан шықпайды. Бұл ең бірінші денсаулыққа зиян. Көз жанарының көру қабілетін нашарлатып қана қоймай, психиканы да бұзады. Өйткені адам миы күнделікті демалып отыруы керек».

3 сағаттан астам уақыт теледидар көру балаларға зиян. Ескере кететін нәрсе, бала өз жасына лайықты дүниені қарауы тиіс. Сабаққа керекті ақпарат беретін бағдарламалар, ой өрісті дамытатын, жануарлар әлемі мен қоршаған орта туралы, ғарыш пен жер шары туралы білім беретін бағдарламаларды көру балаларға өте пайдалы. Теледидарды түбегейлі жаман деп, біржолата көрсетпей қою да дұрыс емес. Өйткені, балалар көптеген мәліметтерді теледидардан алады. Әрине, кез-келген нәрсенің жақсы-жаман жағы болады. Теледидар да сондай. Егер көгілдір экраннан теріс бағыттағы дүниелер көрсетіліп жатса, ата-ана баламен бірге қарап, оны талдай отырып түсіндіру қажет. Ол баланың ақпаратты қалай болса солай емес, дұрысты дұрыс, бұрыс бұрыс деп қабылдауына өз септігін тигізеді. Барлық нәрсе өз орнымен болуы үшін, барлығының өз шекарасы болуы керек. Теледидарды қарау уақыты да шектеулі болғаны жөн.

Ал интернет ересек адамдар түгілі бала өміріне де өз ізін салып үлгерген. Қазіргі балалар интернетсіз өмірлерін елестете алмайды. Ата-ана интернетті де теледидар сияқты 5 балдық жүйеден 3,1 баллмен бағалайды. Яғни, интернеттің оң және теріс әсер етуі орташа. Ақпараттық арналар баланың ой-өрісін кеңейтеді, өз бетімен шешім қабылдауға үйретеді. Ал интернеттің теріс әсері: баланың жеке дамуына мүмкіндік бермейді және ақыл-ой зейінін

нашарлатады, нақты өмірден алшақтатып, сексуалды еркіндікке жол береді деген пікірлер басымдылыққа ие болды.

Бұдан шығатын қорытынды теледидар да, интернетте балалардың дамуына тең дережеде оң және теріс әсер етеді. Сондықтан да тек бір жақты шешім қабылданбайды, тек қаншалықты оң әсер ететінін және теріс әсер ететінін бағалай аламыз. Оң әсер ету сипаттамасына мыналар жатады: бала ақыл–ойы кеңейеді, өз бетімен ойлауы дамиды. Ал теріс әсері: баланың жеке адам боп дамуына кедергі болады және моральдық жағынан бұзылуына, сексуалдық еркіндікке септігін тигізуі ықтимал.

Әлемдік зерттеулерде нақтыланғандай бұқаралық ақпарат құралдарының балаларға тигізетін теріс әсері 6 факторға негізделген болатын. Олар: бірінші, бұқаралық ақпарат құралдарындағы зорлық-зомбылық тақырыбы; екінші, эротика элементтерінің насихатталуы; үшінші, қалыпты емес дене пішінінің стереотиптерін тарату; төртінші, балалардың денсаулығының нашарлауы. Ал, бесіншісі, балалардың психикасының бұзылуы; алтыншы, балалардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасының бұзылуы.

Бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылықты насихаттау – ең ауқымды мәселе. 1970 жылдардан бері бұл тақырып зерттеліп, жазылып келеді. Сол зерттеулердің нәтижесінде ақпараттық кеңістікте зорлық туралы айтылған ақпараттардың өте көп көрсетілуі балаларға агрессия әкеледі екен. Сонымен қатар, балалар тұйықталып, қорқыныш не мұңаю сезімдерімен бөлісуді жөн көрмей, қоршаған ортадан алыстап, қорқуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Педиатрдың да жауабы дәл осыған кеп саяды. Ол: «Жүйке ауруын емдейтін дәрігерге дәл осындай балалар келеді. Яғни, қорқынышты, қатыгездік бейнеленген фильмдерді көрген балалар, соның әсерінен шыға алмағай, агрессияға толы компьютердегі ойындарды ойнаған балалар өз тәртіптерінің қалай бұзылғандарын байқамағандықтан, бара–бар бұл асқынып бара жатқандықтан келеді» деген болатын.

Мәселен: компьютерлік клубтар (ойын автоматтары) және кафелердегі Wi-Fi желісі 24 сағат бойы жұмыс жасайды. Күні-түні компьютерлік ойындардан бас көтермейтін балалардың көпшілігі зорлық-зомбылық, ұрлық-қарлық ортасына түседі. Олар ең алдымен интернеттен соғыс туралы фильмдерді, қорқынышты киноларды және эротиканы іздейді, және көреді. Олар киноға беріліп кеткендігі сондай, әр сахнаның жасалуына да мән беріп, қызығушылық танытады. Олардың ойынша қатыгездікті сомдайтын рөлдері бар фильмдер іш пыстырмайтын, қызықты туындылар болып табылады. Сол ойындардың 99 пайызы қатыгездік десек те болады.

Ал, кейбір балалар көрген ақпараттарын ата–аналарымен бөлісіп, жаман мен жақсының ара–жігін ажыратып алады. Мұндай талқылауда балалардың алған әсері шектен аспайды. 48% балалар эротикалық мазмұндағы журналдарды қолжемді деп белгілеген. Соның арасында 10 мен 18 жас аралығындағы ересек балалардың шамамен 3%-ы ғана мазмұны бар деректі кадрларды көргенді ұнататын болып шықты. Эротиканың кең сипат алуының

нәтижесі жақсылыққа апармайтынын корреляциялық талдаудан байқауға болады. Оның қорытындысы бойынша негативті сипатындағы ақпараттарды емін-еркін қарайтын балалардың көпшілігі делік компьютердегі арнайы ойындарды көп ойнағандықтан, әлеуметтік желіде шамадан тыс көп уақыт өткізетін және ойын клубтарында көп болып, сабаққа уақытында бармай, сабақты көп босататындар. Мұндай балалар ата-аналары өздерінің жан-дүниесін, мәселелерін, ниеттерін түсінбейді деп есептейді. Зиянды әрекеттер мен әдеттерге үйір болады, яғни, темекі тартып, сыра, ішімдік ішуден бас тарпайды, ақшаға бәстесіп ойындар ойнайды. Мұның барлығы құмарлық, зина жасау, қате бағытқа кету. Естен айыратын осындай есірткілерге жолаған балалар ерте жастан бұзылыстық қатынасқа да түседі. Бұл әрекетке ерте түскен балалар өзге балаларға қарағанда түн мезгіліне әуес болады.

Балалардың 3-4 сағат емес, тым ұзақ уақыты ойынға кетеді. Олар фильмдердегі қатыгездік пен зорлық-зомбылық бейнелері сол фильмді қызықты етіп қана қоймай, адамды өмір сүруге үйретеді, ақыл-ойдың шымыр болуына көмектеседі деп санайды. Сондықтан да олар зорлыққа оң көзқарас танытады. Ал білім жайына қалып, мектепке уақытылы барып, сабақтарына қатысуға «уақыты жетпейді-мыс». Ата-ана балаларының теледидар алдында не көріп жатқанын, компьютермен қандай сипаттағы ойындар ойнап жатқандығын және қаншалықты уақыттарын соған жұмсайтындарын мүлдем бақыламайды. Әдетте дәл осындай тәртіптегі балалар зиянды жұқпалы дүниенің бәріне үйір келеді. Мысалы, спиртті ішімдіктерді әуелі татып көреді, кейіннен сырамен жалғасып ішкіш болып кетеді. Темекіні түтіндетуге қызығады, содан кейін күніне үздіксіз темекі тартатын халге жетеді. Ақшаға ойын ойнап, алғашында жеңіске жетеді, содан бастап құмар ойындарына кіріге береді, қарызға белшеден бір-ақ батады.

Бұл талдаудан ұққанымыз мынау. Ата-ананың қарауынан қалған, бақылауда болмаған балалар ақпарат көздерінен алдын ала сақтау шаралары жасалмағандықтан, олардың неше түрлі жағымсыз әдеттері мен дағдылары қалыптасады. Әрекетсіздіктің әсерінен, балалар теріс бағытқа түсіп кетуі де мүмкін және балалардың денсаулығы мен сабақ оқуына едәуір кедергісін келтіретіні сөзсіз.

Ақпараттық технология бала санасына ғана емес, тәрбиесіне де, денсаулығына да әсер етуде. Мысалы, жарнама, фильм, клипте көрсетілген тамаша дүниелер шын мәнінде сапалы ма, жоқ па, ата-анамен санаспай, сатып алуды талап ететін балалар да көбейді.

Оған қоса, көгілдір экрандағы жарнама мен мінсіз келбет те психологияға әсер етеді. Кез-келген жарнама, бейнероликтер мен суреттердегі адамдардың дене пішіні мінсіз, әрі келісті. Шынайы өмірдегі адам бейнесіне сәйкес келе бермейді, өйткені, монтаждау, эффект беру жұмыстары жүргізіліп, тым ерекше, көзге көрікті етіп көрсетіледі. Ал балалар сол мінсіз әлем мен келбетке еліктеуі мүмкін. Тек қыз балалар ғана емес, ұлдарда да болатын жағдай. Жарнамалар мен бейнежазбалардан көрген келісті денелі жігіттерге ұқсауға тырысып, неше түрлі қауіпке баруы ықтимал.

Қыз балалар болса, қыпша белді арудың келісті келбетіне қызығып, дұрыс тамақтанудан бас тартып, денсаулықтарын нашарлатып алуда. Ауруханаға табалдырығын тоздырған емделушілер жайлы дәрігерлер де «көптеген аурудың түпкі бастау көзі – дұрыс тамақтанбауда, ағзаға қажетті азықпен қамтамасыз етпегендікте» деген болатын.

Салауатты өмірдің үш формуласы – дұрыс тамақтану, үнемі қозғалыста, жақсы көңіл–күйде болу жеткілікті. Ал бұл әрекеттерді қазір балалар арасында азаюда. Интернет бар төрт қабырғадан шыққысы келмейді. Бұл балалардың артық салмақ жинап, семіздікке бейімделуін арттырады. Оған қоса, фаст–фуд өнімдерінің де жарнамалары еріксіз еліртіп, өзіне тәуелді етеді. Ал негізінен, ең зиянды тағам түрлерінің бірі – осы фастфуд өнімдері. Ол іш–құрылыстың жұмысын нашарлатпаса, пайдасы жоқ. Қаншалықты артық салмағы бар адамның өміріне соншалықты қауіп төніп тұрғандығы баршаға түсінікті.

Денсаулық – зор байлық. Ал дені сау баланың – ақыл–ойы түзу, өмірге күштарлығы басым болады. Сондықтан да, жарнамада, экрандағы басқа көрсетілімдерде де тым қатты астамшылық пен әсіреушілікті қолданбаған жөн секілді.

Ресей ғалымдары Н.Н. Авдеева мен Н.А. Фомин зерттеуі бойынша, балалар ортасына ең көп тарағаны ішімдіктер мен тамақ өнімдерінің, ойыншықтардың жарнамалары әр баланың зиянды әдет қалыптастыруына себепкер болуы мүмкін. Біздің елімізде ата–аналар үнемі бейқам халде жүреді. Олар жарнамалардың бала өміріне, оның денсаулығына қауіп төндіретінін сезінбейді.

Баланың мектеп үлгерімінің нашарлауы, сабаққа баруы да ауқымды мәселеге айналып отыр. Мектеп үлгерімдері үшін ұстаз ата–анаға шағымданса, ата-ана балаға сөгіс айтады. Мұндай мәселелер бүгінгі күні өте жиі туындайды. Өздігінен үй тапсырмасын орындайтын балалар кемде-кем. Жағымсыз әрекеттерге әуес болғандықтан, үй жұмысын орындауға уақытты аз бөледі, кейде тіпті орындамай да барады. Ал бұл баланың өз ортасынан бөлектенуіне, үнемі ыңғайсыздық тудырып, қысылып жүруіне әкеледі.

Сонымен қатар, балалар интернет–клубтарға интерактивті ойындарды ойнауға жиі барады. Онда уақыт туралы ұмытып, денесін түзу ұстау, компьютер алдында ұзақ уақыт отырғандықтан көздің көру жүйесі нашарлайтындығы жайында ойланбайды. Ал ертесіне ұйқысы қанбаған күйінде, көз тамырлары шаршаған, қызарған қалпында, басы ауырып әрең деп сабаққа барады. Ал мұндай халдегі балада қайдағы зейін, оқуға деген қайдағы ынта болсын?! Сондықтан да, мұның өзі бала аудиториясына толықтай теріс әсер етуші фактор.

Қолайсыздық, жайсыз сезіну – психиканың ең күрделі жағдайы. Зерттеу нәтижесі бойынша: 5% балалар өздерін «жалғызбын» деп сезінетіндіктерін білдірсе, 27%–ы кейде солай сезінетіндіктерін, 16%–ы ондайды сирек ойлайтындықтарын, 52%–ы ешқашан олай санамағандықтарын көрсетті. Осы балалардың ішінде 14 пайызы түнде шошып оянып, бастырылып, үрейден қорқады екен. Ал 27 пайызы біреуден немесе бір нәрседен сескенеді.

Байқағанымыздай, балалар арасында психиканың қолайсыздыққа ұшырауы асқынып барады. Өздерін жалғыз санайтын балалар сол сезіммен қатар қорқынышты күйді де басынан өткереді. Бұл баланың кінәсі емес, тікелей ата-анаға байланысты, олардың баладан алшақтығының салдары. Балалар өн бойындағы үрейді, қорқынышты азапты телеэкраннан, интернеттегі нешетүрлі бейнелерден, компьютердегі теріс бағыттағы ойындарды ойнағандықтан осындай халге түседі. Ең сорақысы, балалар «қалай әдемі өлуге болады» деп те ойланатындары бар екен. Фильм, кино, ойын болсын, барлығында жартастан құлап бара жатқан ақ көйлек киген қыздың, не өмірден батылдықыпен бас тартқан ер жігіттің төмен қарай құлауы көптеп көрсетіледі. Оның бәрі түсірілім барысында монтажбен жасалатынын, бірнеше адамдардың ұстап, арқанмен тартып тұру арқылы болатынын балалар ойлана бермейді. Өйткені, олар өздігінен мұны ойлап таба алмайды. Жасөспірімдер тек сыртқы көріністі ғана көрді және соған қызықты. Сондықтан да олар үшін жартастан құлау – ең сәтті, әдемі өлу болып табылады екен. Әттең-ай...

Қосалқы мәдениет – қазіргі жастар талабы. Жастар социологиясында осы жастардың қосалқы мәдениеті бұрыннан маңызды болып келеді. Бейресми бірлестік ретінде дамып, саналуан болады. Оған қоғамдағы қарым-қатынаста болатын орта, әлеуметтік ортасы, сонымен қатар олардың иерархиясы. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша таралған жүйе. Біздің елімізге осы батыс пен шығыстан келіп, кірігіп жатыр десек те болады. Халықаралық деңгейде таралған жастар ағымы ретінде мыналарды атап өтуге болады: хип-хоп, рэппер, эмо, скейтер және рокерлер.

Эмо-кид – көбінесе депрессияға ұшырап отыратын адам. Ол топтың арасынан өзінің ашық алуан түсті түрімен ерекшеленіп көрінеді, өзімен пікірлері сай келетін, бірдей ойлайтын адамдарды іздейді. Эмонның әдеттегі шаш пішіні қиғаш қиылған, мұрынның ұшына дейін жететін, бір көзін жауып тұратын кекілінің болуы, ал артқы жағында әр жаққа қарай жалбырап тұратын қысқа қиылған шаш болып табылады. Жігіттер де, қыздар да еріндерін денесінің түсіне сай бояуы, тоналдық кремді пайдалануы мүмкін. Көздерін қарындашпен немесе тушпен қоюлап бояйды да, осыған байланысты ол көздер ашық бетіндегі түсті таңба болып көрінеді. Тырнақтарын қара лакпен бояйды. Эмо-кидтер екі түсті өрнектері мен стильдік белгілері бар қызғылт-қара түсті киім киеді. Киімдерінің негізгі түстері қара және қызғылт болып табылады, бірақ басқа да ерсі түстері бар киімдерді киюге де жол беріледі.

Бұл елімізде түбегейлі жоқ нәрсе деуге болмас. Түкпір-түкпірде осындай ағымдарды насихаттап, еліктеп жүрген жастарымыз өте көп. Алайда жастардың шағын мәдениеттерге кірігуінің бәрі нашар бола бермейді. Әрбір адам жеке тұлға. Заманның талабына сай жастардың да қалауы мен көзқарасы өзгеріп отыратыны белгілі құбылыс. Олар қандай да бір мәдениеттің өкілі болғысы келіп, жаңашылдыққа ұмтылуы қалыпты жағдай. Мұндай әлеуметтік ахуал әр заманда әртүрлі орын алады. Жігіттің екі ұшы бар демекші, мұндай әрекет, белгілі бір топқа мүше болу балаларға кері әсерін де тигізіп жатады. Оларды теріс әдеттерге үйретуі де мүмкін және соның әсерінен баланың дене

денсаулығы мен психикалық денсаулығына зардап әкелуі ғажап емес. Ал жоғарыда атап өткен «Эмо» дегеніміз дәл осы атап өткеніміздей, зиянын тигізеді. Эмо дегеніміз – өз эмоцияларын адамдардың көзінше күлу, жылау арқылы, көңіл–күйі нашарлағанда тамырларын кесу, тіпті өз-өзін өлтіру сияқты теріс дағдыларды насихаттаушылар. Мұндайға шошына қараған балалар, ұқсағысы келіп қызыға да қарайды. Сондықтан балаларға бұдан басқа да шағын мәдениеттердің атрибуттарының теріс бағыты мен оң жағын ұқтыра білдіретін ересектердің ақылы мен көмегі керек.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі қаншалықты ескеріледі? Ата-аналардың мүмкіндігі қандай? Ақпараттың ара-жігін ажыратып білуде, бала ата-анаға жиі еліктейді. Олардың таным-түсінігіне көп көңіл аударады. Ата-ана жаман ойға жақын болса, не болса соны жамандаса бұл әрекеті балаға да әсер етеді.

Психолог мамандардың пікірі бойынша: «ата-ананың тәрбиесіне барлығы байланысты. Балаларының режимін қадағалап, бос уақыттарын да тиімді жұмсауы керек. Ал ата-ана тарапынан бақылау болмаса, ол балалар өз білгендерін істейді, тіпті күні бойы теледидар көріп отыра береді».

Қазіргі кезде ересек адамдардың өзі көп қателесіп, балаға дұрыс ақпарат бермек түгілі, өздері жалған ақпаратты шын деп қабылдайды. Сондықтан ересек қауымға да ақпараттық ортаны қабылдауда ара-жігін ажыратып білу мәдениетін қалыптастыру керек секілді. Бұл турасында көптеген журналистер де өз пікірлерін білдіріп келеді. Ақпараттың шынайы немесе жалған екендігін саралай білетін және көрген, естіген ақпаратты дұрыс жағынан пайдалана білуге үйреткен абзал. Ақпарат ағынының теріс әсерінен балалар түгілі ересек қауымын да сақтау үшін, оларды сол тақырыпта жасалатын арнайы сабақтарға да жіберіп отыру керек секілді.

Ата-ана балаға көп уақытын арнамайды, шамамен 4–5 сағатқа ғана бірге болуы мүмкін. Сол себепті балалардың ойы да екіге бөлінген, кейбірі әкешелері армандарын айтқызбай-ақ біледі десе, кейбірі «ата-анамыз бізді түсінбейді» деп санайды. Өйткені, ата-ананың баламен қарым-қатынасында күнделікті бір ғана тақырып қозғалады: сабаққа баруы және тамақтануы. Ал олардың қандай ақпаратты көріп, не қабылдап жатқанын, интернетте қанша сағат отырғандығын, қандай ойындар ойнап жатқандығынан бейхабар.

Әрине, ата-ана баласына жамандық тілемес. Алайда баласының бос уақытында немен айналысып жүргенін, қандай істерге қызығатынын, мектепте қандай жетістікке жеткенін, не бүлдіргенін білмейтін, қызықпайтын, сұрамайтын, баласымен байланыста болмайтын ата-аналар барлығынан хабарсыз болады.

Балалардың жас айырмашылығы мен физиологиясы да өзіндік маңызы бар факторлар. Өйткені, баланың жасы өскен сайын ата-анаға көп нәрсе айта бермейді. Ақпараттық кеңістіктен нені қабылдап, нені көріп жатқанын ежіктеп айту, талқылау болмайды. Оған ересек балалар да, ата-ана да аса қатты ниетті емес. Пайызбен көрсеткенде де бұл жағдайлар анық байқалады. Мысалы, 6 мен 9 жас аралығындағы балалардың 76%-ы теледидардағы көрген

хабарларын ата–анасымен бірге талқылайды. Ал 16 мен 18 жастағы ересек балалардың тек 53%–ы ата–анамен көрген хабарларын бөліседі. Олардың ішінде қыздар басымдыққа ие болып отыр. Ұлдар аз көрсеткіш көрсетуде. Яғни, ер балалар ата–анасына көп ақпараттарды айта бермейді, талқылаудан да қашыңқырайды.

Статистика мәліметінше де, ата-аналар ұл балаға қарағанда қыз балаға көп назар аударады екен. Қыздардың үй жұмысы, шараларға қатысуы сияқты мектептегі қызығушылықтарына ата-аналардың 73 пайызы көңіл бөледі. Ал ұлдарға ата-аналардың 63 пайызы ғана қызығушылық танытады. Сонымен қатар, ата-ана қыздарының не істегені, бос уақытын қайда өткізгеніне толыққанды мән берсе, ұл балаларға аз қызығушылық танытады. Міне, бұл теңсіздік ата–ананың қыз бала мен ер баланың ақпараттық сауатын білу кезінде де анық байқалады.

Негізінен қыздарға қарағанда ер балалар неше түрлі көріністерге, компьютерлік ойындарға, экрандағы бейнелерге әуес келеді. Оларды интерактивті ойындар мен қатыгездік, зорлық істер қызықтыратыны да анықталған. Сондықтан да, ата-ана баласымен тығыз қарым-қатынаста болса, олардың мәселелерін ашық сұрап, өз алдарында қысылмай еркін болуына жағдай жасаса, бала да ата-ана алдында ақтарылып сала береді. Өз ойларындағы мазасыз жайтты айтып, мәселелерін талқылап, ата-ана көрсеткен жолмен, айтқан ақылмен жүруге үйренеді.

Ата-ана балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы жадынамаларды білген абзал. Ақпараттық қауіпсіздікті арттыру – балаға зиянды ақпараттарды, әсіресе, интернеттегі таратылатын мәліметтерді алу баланың денсаулығына, оның ойлау қабілеті мен оның физикалық, рухани, психикалық, адамгершілік тұрғыдан дамуына зиян келтіруінің алдын алу және жою. Бұл қауіпсіздікті қамтамасыз ету – ата-аналардың мойнында. Сондықтан да ата-ана міндеті – баласының интернетті пайдалану мәдениетін қалыптастырып, оның қалай қолданып жатқандығын өз бақылауында ұстау.

Интернеттің қауіпті екеніне мына мәліметтер арқылы тағы да көз жеткізуге болады. Ең азғырушылық жайлы, зорлық әрекеттер мен есірткі, заң бойынша тыйым салынған нәрселерді жариялайтын сайттар балаға ең қауіпті болып табылады. Сонымен қатар, ойындар, құмар ойындар, форумдар мен әлеуметтік желілер де баланың дене саулығы мен ой саулығына да қауіп төндіріп тұр. Интернетте алаяқтар өте көп. Олар балаларды алдап кетіп, сана-сезіміне ауыр соққы жасауы мүмкін. Шынайы өмірде алданып қалған балалар тәуекел студент, болашаққа еркін қадам жасаудан тартыншақтанып тұратын болады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында қарапайым ғана нәрселерге назар аударылмайды. Мына жеті ережені ата-аналар есте сақтаулары қажет.

Біріншіден, балалардың интернетті не үшін қолданатыны, қай мақсатта қарайтынынан хабардар болу.

Екінші кеңес, баланың қандай чат мен топтарға тіркелгенін, кіммен араласатынын сұрап, біліп отыру. Ата-ана баласына пайдалы чатта отыруына рұқсат бергенмен, спорт пен музыка, басқа да сабақтар бойынша достарымен тек қана ортақ чатта араласуын талап еткен жөн.

Үшіншіден балаға ескертетін жайт, мобильді телефон нөмері мен үйдің мекенжайын, қай мектепте оқитыны жайлы бөгде адамға ақпарат бермеуді үйрету керек. Отбасының, өзінің суреттерін барлық жерге жүктемеу керектігін ескертіп отыру қажет.

Төртінші ереже, бала өзіне немесе ата-анасына белгісіз біреулерден келген файлдарды ашуға болмайтынын түсіндіру керек. Өйткені мұндай файлдар әдейі мақсатпен жіберіліп, онда вирустар, агрессивті суреттер мен видеолар, зиянды ақпараттар болуы мүмкін.

Ал бесінші кеңес, балаға интернетте басқа адамның атын жамылып жалған ақпарат тарататындардың көп екендігін айтып, алданудың алдын-алу керек. Жалғыз өзі, ата-ана рұқсатынсыз интернетте тілдескен адаммен шынайы өмірде танысуға ешқашан бармау керектігін түсіндіріп, әр ата-ана өз баласымен жұмыс жасау қажет.

Алтыншы ереже, интернетте біреу ауыр сөз айтса, ренжіссе, агрессивті энергия берсе, кінәлап, балағаттайтын жағдай жасамай, іс-әрекетін қадағалауға үйрету керек. Мұндай сәтте ата-ана баласымен бірге екенін ұқтырып, бала ата-анаға барлығын айтуға бейім болуы керек.

Ал соңғы кеңес: интернет қауіпсіздігі саласында қызмет жасайтын мамандармен байланысып, компьютерде сүзгілеу программаларын орнатыңыз. Бала интернетке кіріп ақпарат іздегенде экран қапталындағы неше түрлі ұятты жарнамалар мен бейнелер көрсетілмеудің алдын алады. Бұл аса маңызды. Өйткені, интернетте бұл көріністер іздемесе де еріксіз шығып, көрер көзге бақырайып көрсетіліп тұратын теріс ақпараттар.

70% ата-ана өз баласын әртүрлі ақпараттардан қорғап жүрміз деп санайды. Назар аударатын нәрсе, ата-аналар мен балалар екі түрлі жауап қатады. Ата-ана балаларын бақылауда ұстайтындықтарын айтса, балалар ата-аналарының көп нәрседен бейхабар екендігін айтты. Бұл ата-ананың баланы қадағалап жүрміз деп ойлап, алдануы. Мысалы, 9% ата-ана баласының қандай компьютерлік ойындар ойнайтынын, компьютерлік клубтар мен интернет кафелердің қайсысына баратынын, не істейтіндіктерін бақыламаймыз немесе бұл жағын сирек қадағалаймыз десе, балалардың жауабы бойынша 22%—ы бақылаусыз жіберіледі екен

Техникалық құралдарды қолдануда да айырмашылық бар. Мысалы, үлкендердің басым көпшілігі қарапайым смартфонды қалай қолдану керектігін жасөспірім балалардан үйреніп жатады. Сондықтан да, көп ата-ана баласының интернетті қалай қолданып отырғандығын да, не болмаса ондағы нәрселердің бәрін қалай жасалып жатқанын да ұға бермейді, білмейді. Бұдан шығатын қорытынды, ата-аналардың өздеріне балалардың болашағы мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, зиянды аудио-видео, әлеуметтік желі, компьютердегі ойындардың зиянды тұстары мен ақпараттары

туралы мәліметтер берілу керек. Ата-ана бәрін білуі керек, қауіптің қалай төніп тұрғанын көру керек.

Мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық технология саласындағы білімдерін салыстырғанда балалар алға шығып кетеді. Өйткені олар тез үйренуге, ойлап табуға бейім. Олардың милары жаңа, жаңа әлем, жаңа технология. Сондықтан да балаларды тек мұғалімдер түзей алмайды, оларға қоршаған қоғам да өз әсерін береді. Араласатын достары мен жақын туыстарының да өзіндік пайдасы мен кесірі тиіп жататыны рас.

Жалпы баланың ақпараттық кеңістіктегі құқығын мектеп қана қорғауы тиіс деу қате ұғым. Баланың жақсы тәрбие алуы мектеп мұғалімдерінен бөлек, ата-ана, туыстар мен баланың араласатын ортасы, теледидардағы пайдалы хабарларға тікелей байланысты.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі үшін денсаулық сақтау органдары мен кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекциялар барынша жұмыс істейді екен. Ал ата-аналардың пікірінше, жергілікті, облыстық деңгейдегі Білім департаменттері, өкімет органдары, үкіметтік емес ұйымдар бұл мәселеге салмақты түрде қарамайды екен. Ал бизнес құрылымдары мүлде қызығушылық тудырмайды.

Сондықтан да, кейбір ірі қалаларда тұратын ата-аналар дәрігер, психолог мамандарына сенім білдіріп, олардың қабылдауларына қатысып, өздері бала үшін жұмыстанады екен. Ал ауылды жердегі тұрғындардың оған баруға, біріншіден, уақыты тапшы, екіншіден, қаржы мәселесі кедергі жасайды.

Егер де ата-ана тарапынан баланың өміріне деген қызығушылық мол болса, олармен ақпараттардың теріс, бұрысын емін-еркін отырып талқыласа көптеген жағымсыз әдеттердің алдын алған болар еді. Мысалы, балалар теледидарды аз қарап, компьютерлік ойындарды азайтар еді. Интернеттегі эротика мазмұнындағы нәрселер мен видеоларды шектен тыс қарау зиянды екенін ұғынады. Экрандағы зорлық–зомбылықты дұрыс деп санайтын балалар саны азайып, ондай сипаттағы көріністерді басқа балаларға таратуға әуес болмас еді. Өйткені бала да ақылды, түсіндіріп айтсаң, үйренуге бейім келеді. Сондықтан да, олар дұрыс емес нәрсені білуі керек, сонда қатыгездікке толы ойындарды ойнаудан алшақтап, өз өмірлерін бағалай бастайды.

Ата-ана балалардың жақсы не жаман жол таңдауында үлкен рөл атқарады. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін сақтау – ата-ана ретінде борышы. Сондықтан да, ата-аналар балаға орынды тыйым да сала біліп, бақылау да ұстаған жөн. Бұл өз нәтижесін беретін жақсы тәрбие болмақ.

Әлем елдері балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қалай қорғайды? Олардағы тың технология мен заңмен бекітілген тыйымдар қандай? Ал Қазақстанда ше?

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі тек бір ғана отбасында, бір ғана елде емес, бүткіл әлем бойынша талқыға түскен және түсе беретін тақырып. Сондықтан да, әлемдегі демократиялық елдерде арнайы заң қарастырылған:

- Жасөспірімдердің адамгершілік қасиеттері мен аман-саулығына қарсылық әкелетін ақпараттардың таралуына және таратылуына заң бойынша қатаң тыйым салынады.

- Балалардың дене денсаулығына және ой-санасының дамуына зиян келетін болса, ол ақпараттарды сараптаудан өткізіп, қарастырады.

- Балаға теріс дағдыларды үйрететін ақпараттық өнімдердің арнайы тізімі жасалады.

- Зиянды ақпараттардан балаларды қорғау мақсатында бақылайтын, қадағалауда ұстайтын органдар құрылған.

- Ал егер заңда белгіленген талаптарға сай емес заңсыз таратылатын ақпараттық өнімдер болса, оған қатаң түрде шара қолданылып, жауапкершілікке тартылады.

Балаларды қорғау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына шектеу қойылғанымен, бұл шет мемлекеттердің барлығына ақпараттарды жеткізу кезінде кедергі келтірмейді. Бұл шет елдерде жасалған тәжірибеден алынған қорытындылар болатын.

Еуропа елдерінің тәжірибесінде жан-жақты барлығы қарастырылған. Мысалы, ондағы телевизия саласында бекітілген заңды берік ұстанып, арналардан көрсетілетін бағдарламаларда балалардың рухани ойына, физикалық және адамгершілік санасына кері әсерін тигізетін көріністер мен ақпараттар көрсетілмейді. Күш жұмсау мен зорлықты насихаттайтын бағдарламалардың экранға шығуына тыйым салынған. Телеарналардан бөлек, балалар үнемі қолданатын интернетті де заң жүзінде қолға алынған. Интернетте балаларға жақсы көрініп, бірақ заңға қайшы материалдарды жариялайтындарды анықтап алуға болады. Осындай ауқымды жұмыстарды атқару үшін жасөспірімдерді қорғай алатын арнайы органдар құрылып, олар заңда көрсетілген талаптардың орындалмағанын байқаса, заңда белгіленген көлемде айыппұл салады.

Сонымен қатар, балалар қарауға болмайтын бағдарлама басталғанда ескертпе ретінде дыбыстық сигналдар немесе ескерту шаралары, белгілері көрсетілуі керек. Ата-аналар жасөспірімдердің көріп отырған бағдарламасын реттеу үшін, жаңа модельді қолдану арқылы, ондағы артық ақпараттарды, вирустарды тазалап, сүзгіден өткізіп аласыз. Бұл компьютерге де байланысты, өйткені бала компьютерді де көп қолданады. Мұндай сүзгілеуді орнатып алу үшін арнайы программамен айналысатын ақпарат құралдары қызметкерлеріне жүгінуге болады.

Канада мен АҚШ-та 2000 жылдан бері керексіз көрсетілімдерді бұғаттап, код қойылмайтын теледидарларды сатуға тыйым салынған. Бұл ата-ананың балқылауына үлкен көмек. Мұндай кодтау программасының өзі балаларды олардың санасын улайтын, адамгершілік қасиеттеріне нұқсан келтіретін телебағдарламалардан қорғау мақсатында ойлап табылған болатын. Елдің болашағы өсіп келе жатқан жасөспірімдер болғандықтан, қаржыны аямау керек. Мысалы, Америка Құрама Штаттары 2004 жылдары барлық оқу орындарында контентті сүзгілер бар программаларды енгізуге 9 млн. доллар

бөлген болатын. Оған қоса, мемлекет мектептерге техникалық тұрғыдан қолдау мен көмек көрсетуге кепілдік берген еді.

Телефон шалу кезінде қалай ақы төленетін болса, дәл сол секілді бұл ұсынылатын қызмет үшін де ақы төленеді. Ол программаның аты «pay-recall» деп аталады. Онда «ереже 900» деген қызмет түрі бар. Бұл телефонмен байланысу кезінде қолданылады. Қазіргі кезде неше түрлі қоңыраулар алғанда ұялы телефондағы бірліктің барлығы жойылып, ақша ұрлаушылардың істері көбейіп кетті. Ондай мақсаттағы қоңыраулар 900 санынан басталады екен. Ата-аналарға көмек ретінде, бұл программа 900 санынан басталатын нөмерлерден келген қоңырауларды өздігінен дереу өшіріп тастап отырады. Сонымен қатар, балалар өзара телефонмен ұзақ сөйлессе де, қалжындасса да өз еркілерінде, оған ақша төлемейді және оларды зиянды ақпараттардан үнемі қорғап отырады.

Америка Құрама Штаттары мен Канада елдеріндегі кодтайтын құрылғысы жоқ теледидарларды сатылымға шығармау, тыйым салу басқа мемлекеттерге де үлгі болды. Мемлекеттің құзырында тұрғандықтан, сатылымды үнемі тексерісте ұстайды.

Тағы бір қызығатын дүние, АҚШ–та ақпарат таратуға да ерекше көңіл бөледі. Оларда жаңалықтарында ешқандай жауыздық пен қатыгездік оқиғаларын көре алмайсыз. Және Қазақстандағы жекеменшік телеарналар секілді «адам қанын» олар экранға шығармайды, көрсетпейді. Өйткені, заң бойынша тыйым салынған. Мұның барлығы мемлекеттік реттеу болып табылады және ол өз нәтижесін беруде.

Ал Жапония елінде эротика немесе зорлық-зомбылық көрсетілетін болса, титр арқылы, не болмаса сол бағдарламаны жарыққа шығар алдында интернетте және бұқаралық ақпарат құралдары алдында ескерту жасалып, алдын алады. Тек бұл мемлекеттер ғана емес, Франция да, Италия да бұл жағдайға бей-жәй қарамайды. Қандайда бір хабар тарататындардың баланың психикасына, адамгершілік арына, рухани дамуына зиян тигізетін болса, оларды қатыгездікке баулып, әдепсіздікке бейімдейтін және нәсілдік, сексуалдық, дін мен ұлттық сипаттағы бағдарламаларды көрсетуге ешқандай құқықтары жоқ.

Европалық Одақ пен Америка Құрама Штаттары арнайы жасалған бағдарламаларды қаржыландырып отырады. Соның бірі, «Қауіпсіз Интернет». Мұндай әлеуметтік бағыттағы бағдарламаны жасөспірімді қорғау мақсатында ұлттық орталықтар құра алады.

Ұлттық орталықтар ереже бойынша төрт бағытта қарастырылады.

Бірінші, заңға сәйкес келмейтін материалдарды іздеп табатын арнайы қауырт желі құрып, оның жақсы әрекет жасауын қамтамасыз ету.

Екінші, ата-аналар мен жасөспірімдерді интернеттің оларға әкелетін пайдасынан бөлек, төндіретін қауіп-қатер жайлы да түсіндіру керек.

Үшінші, балаларға жеке кеңес беретін «қауырт желі» деп аталатын желі құру.

Төртінші, интернеттегі контентті реттеп отыратын сүзгілеуді құру керек.

Дамыған мемлекеттердің өздері балаларға ақпараттың теріс әсер етуінен сескеніп, алдын алу мақсатында түрлі шаралар қолданып келеді. Олардың мұндай ұсыныстарына біздің еліміз де құлақ түріп, әрекетке кіріссе, нұр үстіне нұр болар еді.

Заманауи бағыттағы бұқаралық ақпарат құралдарының жасөспірімдер аудиториясына агрессия мен әдепсіз дағдыларды әкелетіндігіне батыс елдері бұрынғы заманда-ақ ұшырасқан. Сондықтан да, ол мемлекеттерде балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, жасөспірімдердің құқықтарының тапталмай, қорғау саласын жақсарту үшін, арнайы мемлекеттік реттеу жүргізілген. Қазіргі таңда сол мемлекеттік реттеу одан сайын жоғары деңгейге жан-жақты қарастырылып, даму үстінде.

Қоғамдық шаралар – балалардың ақпарат кеңістігінде қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Мұндай сала бойынша ірі акциялар жасалып, зерттеулер жүргізіп және оның қорытындысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тиімді.

Америка Құрама Штаттарының қолдауымен жарыққа шыққан бағдарламалардың он жылдық есеп беру қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарыққа шығу арқылы, барлық елдерге еркін тарады. Американдық телеарналар қауіпсіз мемлекетте өмір сүріп, бекітілген талап пен шарттарды бұзбайтындықтарын мойындаған болатын. Егер қалай болғанда да шарт бұзылуы мүмкін жағдай болса, оның басқа да жолдары қарастырылады. Оған арналған арнайы ұйымдар ашылған, олар барлық нәрсені зерттеп, қадағалап бақылауда ұстайды. Ең қызығы Америкада әжелерден қорқады. Яғни, американдық әжелер теледидардан көрсетілетін барлық бағдарламаларды қарап отырады. Сол әжелер ассоциациясы жыл сайын қай арна бірінші орында тұрғанын хабарлайды. Ал балалардың құқығына қауіп төндірген телеарналар жарнамалық қаржысынан айырылады. Міне, осындай хабарларды әжелер жеткізіп отыратындықтан, америкада телеарна ұжымдары аналар мен әжелерден сескенеді.

Интернеттегі қауіптердің жіктелуі

Ғаламторда жас пайдаланушыларға қауіп төндіретін қатердің келесі түрлері бар:

- өзіне өзі қол жұмсаушылардың сайттары;
- өзін-өзі өлтірушілердің сайттары, форумдары;
- нашақорлардың сайттары (интернет марихуананың пайдасы туралы ақпараттарға толы, қауіпті өсімдікті дайындаудағы кеңестер беріледі);
- ұлтараздықты тудыратын, ұлттар арасындағы достыққа қарсы тұратын және нәсілдерді қабылдамайтын сайттар (экстремизм, ұлтшылдық, фашизм);
- азғырушылық бағыттағы сайттар;
- танысу сайттары (виртуалды қарым-қатынас шынайы қарым-қатынасты жүргізуге кедергі болады, жасөспірімдер коммуникативтік дағдылардан айырылады);
- экстремизм, зорлықты және әумесерлік мінез-құлықты насихаттайтын, таныс емес адамдардың тарапынан оқушылардың өмірі мен денсаулығына

қауіп төндіретін, жеке кездесулерге шақырып, алаяқтықтың түрлерін насихаттайтын сайттар;

- секталар (виртуалды әңгімелесуші жасөспірімнің дүниетанымына әсер ете алады).

Интернетпен жұмыс жасаудың ережелері

1. Таныс емес сайттарға бас сұқпаңыз.
2. Сізге пошта арқылы Word немесе Excel құжаты келсе (таныс адамнан келсе-дағы), оны ашпас бұрын, вирустардың бар-жоғына тексеріп алыңыз.
3. Егер таныс емес қосымша келер болса, оны іске қоспаңыз, дұрысы – жойып, себетті босатып қойыңыз.
4. Құпиясөзді еш уақытта ешкімге бермеңіз.
5. Құпиясөзді құрастырған кезде есте сақтап қалуға қиын сандардың және әріптердің жиынтығымен қолдануға тырысыңыз.
6. Интернет арқылы қарым–қатынас орнатқан кезде өзіңіздің жеке мәліметтеріңізбен қолданбаңыз, керісінше лақап атпен (никпен) қолданыңыз.
7. Үлкен адамдардың бақылауынсыз Интернетте танысқан адаммен кездесуге бармаңыз.
8. Егер Интернетте тіркеуден өту қажет болса, ол жерде жеке ақпаратыңыздың болмағанын қадағалаңыз.
9. Интернетте орналасқан ақпараттың барлығына бірдей сене бермеңіз.
10. Экранда маңызды мәліметтері бар компьютерді қараусыз қалдырмаңыз.
11. Маңызды мәліметтерді көпшілікке қолжетімді компьютерде сақтамаңыз.

7 мен 8 жас аралығы

Бала ата–ананың рұқсатынсыз интернетте беймәлім сайттарға, чаттарға кіреді. Сондықтан ата–аналарға (заңды өкілдеріне) интернетпен пайдалануды шектеуге арналған бағдарламаларға, оның ішінде Ата–ананың бақылауына немесе интернеттің уақытша файлдарына (Windows Vista операциялық жүйесіндегі \Users\User\AppData\Local\Microsoft\Windows\Temporary Internet Files папкалары) жүгіне аласыз. Нәтижесінде балаңыз үнемі бақылауда отырғандағыдай сезімде болмайды, ал ата–аналар бұрынғыдай баланың қай сайттарға кіріп жүргендігін біліп отырады. Осы жастағы балалар отбасыға өте жақын болады, сондықтан сенгіш және үлкендерге құрмет көрсетеді. Олар ата–аналардың рұқсатынсыз жүйедегі ойындарды ойнауды, Интернет арқылы саяхаттауды, сайттар мен чаттарға кіруді жақсы көреді.

7–8 жас аралығындағы балалардың Интернет желісіндегі қауіпсіздігі туралы кеңестер

- Балалардың қатысуымен Интернетке кіру ережелерінің тізімін құрастырып, оның орындалуын қадағалаңыз.
- Балаңыздан компьютердің алдында жұмыс жасаудың мерзімді нормаларының сақталуын талап етіңіз. Балаңызға бақылау жасап отырғаныңыз қалағаныңыздан емес, тек оның қауіпсіздігін

уайымдағаныңыздан екендігін жеткізіп, оған әрдайым көмекке келетіндігіңізді айтып отырыңыз.

- Интернетке қосылған компьютер ортақ бөлмеде ата-ананың бақылауында болу керек.

- MSN Kids Search сияқты балалардың арнайы іздестіру машиналарымен қолданыңыз.

- Ата-ананың бақылауына қосымша қажет емес контентті бұғаттауға арналған құрылғыларды қолданыңыз.

- Балалардың өз мекен жайларын болдырмас үшін отбасылық электронды мекен жайын жасап қойыңыз.

- Дербес бағдарламаның көмегімен тегін пошта жәшігіне қолжетімді сайттарды бұғаттаңыз.

- Электронды поштаның, чаттың, түрлі формалар мен профильдердің көмегімен кез келген ақпаратты жарияламас бұрын, балаларыңыздың Сізбен ақылдасып отыруын әдетке айналдырыңыз.

- Сіздің рұқсатынсыз файлдарды, бағдарламаларды, музыканы жүктемеуге үйретіңіз.

- Хабарламамен тез арада алмасып отыру қызметімен қолдануыңа жол бермеңіз.

- Сайттардың «рұқсат етілген» тізіміне тек беделі, абыройы жақсы деген сайттарды ғана енгізіп отырыңыз.

- Балалармен шынайы өмірдегі достары туралы әңгімелескендей, Интернеттегі достары туралы да әңгімелесіп отыруды ұмытпаңыз.

- Балаңыздың Интернетке қатысы бар кез келген қауіп, қорқыныш, үрей туралы ашық айтып отыруын үйретіңіз. Сабыр сақтаңыз, қауіп, қатер туралы жеткізіп орыған жағдайда олардың қауіпсіздікте екендігін айтып отырыңыз. Мадақтап отырыңыз және кез келген жағдайда сізге жүгініп отыруыңызға кеңес беріңіз.

9–12 жас аралығындағы балалар

Осы жас аралығындағы балалар жалпы Интернетте қандай ақпараттардың бар екендігінен хабардар. Олардың ақпараттарды оқып, біліп, көрулерін қалайтындығы әбден түсінікті де. Алайда, қажетсіз материалдарға қолжетімділікті Ата-аналар бақылауының көмегімен бұғаттауға болатындығын естен шығармау қажет.

9–12 жас аралығындағы балалардың қауіпсіздігі туралы кеңестер

- Балалардың қатысуымен Интернетке кіру ережелерінің тізімін құрастырып, оның орындалуын қадағалаңыз.

- Балаңыздан компьютердің алдында жұмыс жасаудың мерзімді нормаларының сақталуын талап етіңіз.

- Балаңызға бақылау жасап отырғаныңыз қалағаныңыздан емес, тек оның қауіпсіздігін уайымдағаныңыздан екендігін жеткізіп, оған әрдайым көмекке келетіндігіңізді айтып отырыңыз.

- Интернетке қосылған компьютер ортақ бөлмеде ата-ананың бақылауында болу керек.

- Ата–ананың бақылауына қосымша қажет емес контентті бұғаттауға арналған құрылғыларды қолданыңыз.
- Балалардың өз мекен жайлары болмас үшін отбасылық электронды мекен жайын жасап қойыңыз.
- Дербес бағдарламаның көмегімен тегін пошта жәшігіне қолжетімді сайттарды бұғаттаңыз.
- Интернетте танысқан адаммен кездесуге баруға болмайтындығын ескертіп отырыңыз.
- «Рұқсат етілген» тізімдегі сайттарға ғана кіруге болатындығын айтыңыз және ол тізімді балаңызбен бірге отырып құрастырыңыз.
- Балалармен шынайы өмірдегі достары туралы әңгімелескендей, Интернеттегі достары туралы да әңгімелесіп отыруды ұмытпаңыз.
- Электронды поштаның, чаттың, формалар мен профильдердің көмегімен түрлі конкурстарға тіркелу кезінде балаларыңызды жеке мәліметтерді бермеуге үйретіңіз.
- Сіздің рұқсатынсыз бағдарламаларды жүктеуге жол бермеңіз, Қажетсіз бағдарламалық қамтамасыз ету немесе вирустарды жүктеп алу қаупінің бар екендігін түсіндіріңіз.
- Балаңызға компьютерде жұмыс жасаудың шектеулі есеп жазбасын құрастырып беріңіз.
- Балаңыздың Интернетке қатысы бар кез келген қауіп, қорқыныш, үрей туралы ашық айтып отыруын үйретіңіз. Сабыр сақтаңыз, қауіп, қатер туралы сізге айтқаннан соң олардың қауіпсіздікте екендігін айтып отырыңыз.

Мадақтап

отырыңыз және кез келген жағдайда сізге жүгініп отыруыңызға кеңес беріңіз.

- Таныс емес адамдармен хабарласып, тілдесіп отырмағандығына көз жеткізу үшін өз электронды мекен жайына қолжетімділікті қамтамасыз етуін талап етіңіз.

- Балаларыңызға интернетті бұзақылық үшін, өсек–аянды, қауіпті ақпаратты тарату үшін қолдануға болмайтындығын түсіндіріп айтыңыз.

13–17 жас аралығындағы балалар

Бұл жастағы жасөспірімдер іздестіру машиналарымен, электронды поштамен, хабарламалармен тез арада тілдесу қызметтерімен белсенді қолданып, музыка, фильмдерді жүктеп отырады. Ұлдар шектеулерге мән бермей, керісінше, дөрекі, ұсқынсыз қалжыңға, құмар ойындарына, «үлкендерге арналған суреттерге» әуес болады. Қыздар чаттардың көмегімен хат алмасуға жаны жақын, алайда олар интернеттегі сексуалды алымсақтыққа сенгіш болып келеді. Ата-аналар үшін бұл жас аралығындағы балаларды бақылауға алу өте қиынға соғады. Өйткені олар Интернет туралы өз ата-аналарынан артық біледі. Бұған қарамастан, ата-ана мен бала арасында интернет қауіпсіздігі туралы ережелер қатаң сақталуы қажет. Сонымен қатар, балалардың Интернеттегі қызметі туралы есептемелерді (тарихты) жиі қарап

отыру қажеттігін ұмытпаған жөн. Ата-аналардың құпия сөздерінің (әкімшінің құпия сөзі) құпияда сақтаулы екендігіне зор көңіл бөлу керек.

13–17 жас аралығындағы балалардың қауіпсіздігі туралы кеңестер

- Жасөспірімдердің қатысуымен Интернетке кіру ережелерінің тізімін құрастырып, оның орындалуын қадағалаңыз. Кіруге тыйым салынған сайттардың («қара тізімге енген сайттар») тізімін құрастырып, интернетте отырудың мерзімін, интернет арқылы тілдесудің (оның ішінде чаттардың) жаднамасын анықтаңыз.

- Интернетке қосылған компьютер ортақ бөлмеде ата-ананың бақылауында болу керек.

- Балалармен шынайы өмірдегі достары туралы әңгімелескендей, Интернеттегі достары туралы да әңгімелесіп отыруды ұмытпаңыз. Тез арада хат алмасып отыру қызметіндегі достары туралы сұрастырып, олармен шын мәнісінде таныс екендігіне көз жеткізіңіз.

- Ата-ананың бақылауына қосымша қажет емес контентті бұғаттауға арналған құрылғыларды қолданыңыз.

- Балаларыңыздың қандай чаттармен қолданып отырғанын білу керек. Бейресми режимнің көмегімен, қажетсіз чаттарда тілдесуге рұқсат бермеңіз.

- Балаларыңыздың Интернеттегі достарымен жеке кездесулеріне тыйым салыңыз және ол айтқанды екі етпей, сізді тыңдап жүруін талап етіңіз.

- Электронды поштаның, чаттың, формалар мен профильдердің көмегімен түрлі конкурстарға тіркелу кезінде балаларыңыздың жеке мәліметтерді бермеуіне үйретіңіз.

- Сіздің рұқсатынсыз бағдарламаларды жүктеуге жол бермеңіз, Қажетсіз бағдарламалық қамтамасыз ету немесе вирустарды жүктеп алу қаупінің бар екендігін түсіндіріңіз.

- Балаңыздың Интернетке қатысы бар кез келген қауіп, қорқыныш, үрей туралы ашық айтып отыруын үйретіңіз. Сабыр сақтаңыз, қауіп, қатер туралы сізге айтқаннан соң олардың қауіпсіздікте екендігін айтып отырыңыз. Мадақтап отырыңыз және кез келген жағдайда сізге жүгініп отыруыңызға кеңес беріңіз.

- Балаларыңыздың спамнан қорғануға жол сілтеңіз, Интернетте нақты, шынайы электронды мекен жайды беруге болмайтындығын ұғындырыңыз, түрлі пошталы фильтрлерге және қажетсіз хаттарға жауап қайтармауын талап етіңіз.

- Таныс емес адамдармен хабарласып, тілдесіп отырмағандығына көз жеткізу үшін өз электронды мекен жайына қолжетімділікті қамтамасыз етуін талап етіңіз.

- Өзіңізде жасөспірімдердің сайттарымен танысып отыру машықтығын қалыптастырыңыз.

- Балаларыңызға интернетті бұзақылық үшін, өсек-аянды, қауіпті ақпаратты тарату үшін қолдануға болмайтындығын түсіндіріп айтыңыз.

- Жасөспірімдермен интернеттегі құмар ойындар туралы және олардың қауіп–қатері туралы әңгімелесіңіз. Балалар тек заңға негізделген ойындармен ғана ойнауға құқылы екендігін ескетіп отырыңыз

Қорытындылай келе, осы әдістемелік ұсынымдамада ақпараттық ортаның білім алушылардың дамуына кедергі келтіретін зиянды мәліметтерге де бай екендігін айтып келемін. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы басқа елдерге қарағанда, ақпараттық қауіпсіздікті сақтау бойынша халықаралық стандарттарға әлі де сай емес екендігі анықталып отыр. Сондықтан дамыған елдер қолданған ұсыныстарды да бізге де пайдаланып, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін зиянды мәліметтерден сақтап қалудың маңызы зор.

Қазіргі таңда балалар өте көп ақпараттық ресурстарды біледі және оларды белсенді түрде пайдаланады. Дербес компьютер барлық баланың үйінде бар. Басым көпшілігі интернетті қолданады. Сонымен қатар, өздерінің жеке DVD плеері, бейнеплеер, бейнемагнитофон және әрине жеке ұялы телефондары да бар. Ата–ана баласының ешкімнен кем болғанын қаламайды да, сұраған дүниесін алып беруге тырысады. Кейде мұның да зиян шектіретін тұстарының бар екендігін көріп жатады.

Қалалық жердегі бала мен ауылдық жердегі баланың айырмашылығы кімнің қаншалықты қауіпті ақпараттармен миларының уланып жатқандығы. Бұл жұртшылықтың назарын өзіне аударып отыр. Қалада тұратын балалар түнгі мезгілде де компьютерлік ойын клубтарында жиі болса, ауылдағы балалар мұндай «әуестікті» көп көре бермейді. Иә, әрине барлығында да ұялы телефон бар. Неше түрлі ойындарды сол арқылы да ойнап жатады, бірақ көп емес, оның да шегі бар. Шектен шыққаның санасында да шекара болмайтыны белгілі. Сол себептен, ата-анаға бағынбайтын «тіл алмау», «тыңдамау» секілді қасиеттер пайда бола бастайды.

Спорт секцияларына, үйірмелерге баратын, қолөнер, шеберлік жұмыстарымен айналысатын балалар реті көп емес. Өйткені балалар бос уақыттарының барлығын теледидар алдында немесе компьютерде өткізеді. Ата–ана бақылауында болмаған, күні–бойы интернетте отыруға олар да әбден үйреніп алған. Үйде интернет болса болғаны, әлеуметтік желіні ақтарып жата береді. Тіпті бұрынғы қазақтың етекке оралып қонақтан қалмайтын балаларын да көрмейміз. Көпшілікті, адамдармен қарым-қатынасты қазіргі таңда балалар жақтыра бермейтін болған.

Қорытындылай келе, біріншіден, әлеуметтік желіде өзіңіз немесе отбасыңыз туралы өте жеке немесе ашық ақпаратты жарияламаңыз. Бұл әрекетіңізді балаларыңыз да өзіне сабақ етіп алады. Балаларыңызға өте ашық суреттер неге салуға болмайтындығын түсіндіріңіз. Екіншіден, әлеуметтік желідегі балаларыңыздың достарын өз аккаунтыңыздан тексеріңіз. Ол жақтан не тапсаңыз да, түсіністікпен қарап, баламен сабырлы сөйлесіңіз. Егер айқай шығарып, тыйым салсаңыз, бала түбінде сізге айтпай басқа аккаунт ашып алады. Үшіншіден, маркер-сөздерді балаңыздың есіне түсіріп айтып тұрыңыз және оларды көрген бойда сізге келіп айтуын өтініңіз. Содан соң оны бірге

талқылаңыздар. Төртіншіден, әлеуметтік желідегі суреттерде балаңыз достарымен есерленеді. Оған тыйым салмай, сын айтпай, керісінше, түсіністікпен қараңыз. Олардың өсіп жатқан ортасы бөлек, мәдениеті басқа екенін ұмытпаңыз. Бастысы, өзіңіз бен бала арасындағы шекараны сақтаңыз. Сол кезде ол бір нәрсеге күмәнданса, кеңес сұрау үшін бірінші сізге келеді.

3. Білім алушыларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі кезде өмір сүруді интернетсіз елестету мүмкін емес, яғни цифрлы технологиялар балалар мен жасөспірімдерге даму мен білім алу аясындағы шексіз мүмкіндіктерді ашады. Өкініштісі, интернетті қолданушылардың бәрі де осы мүмкіндіктерді барынша пайдалана алмайды. Басты себебі, өсіп келе жатқан ұрпақтың, сондай ақ ата-аналардың цифрлық біліктілік деңгейі әлі де болса төмен екендігінде. Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, балалар мен жасөспірімдердің интернет белсенділіктері жоғары болғанына қарамастан олардың цифрлы технологияларды қауіпсіз қолданудағы білімдері мен дағдыларының деңгейлерін әлі де жетілдіру қажет екенін көрсетеді. Атап айту керек, Қазақстанның әлемдік тенденциялардан, мәселен, АҚШ, Жапония және т.б. қалмай «жүру барысында» интернетті белсенді қолданып келеді, тіпті Қазақстан Республикасында гаджеттерді жаппай қолдану кейінірек келсе де олар интернетті пайдалану уақытымен қуып жетті. Бұл дегеніміз осы мәселе бәріне және қазақстандық балаларға да қатысты екенін көрсетеді. Сонымен, соңғы кезде Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің интернетті қолданудың ережелері туралы, оның ішінде ғаламдық желінің өсіп келе жатқан ұрпақтардың қауіпсіздік мәселелеріне де көп көңіл бөле бастады. Осыған байланысты алдымызда басты мақсат тұр, ол - ақпараттық қоғамның дамуына әсер ету, яғни өмір сүрудің әртүрлі міндеттерін шешу үшін сандық технологияларды қолдануда толықтай қабілетті және жауапты, оның толық құқылы азаматын қалыптастыру болып табылады. Әртүрлі зерттеулер мәліметі бойынша маңызды нәтижелердің бірі, қазақстандық балалар мен жасөспірімдердің интернетті меңгеру талпынысы үлкендер мен кіші ұрпақ арасындағы жіктелуді ақырындатқанын көрсетуде. Дегенмен, біздің ата-аналарымыз бен мұғалімдеріміз әлі де болса интернеттің керемет мүмкіндіктері жайында, сондай ақ, желінің жаңа тәуекелдері мен қауіптері жайында да білуі жеткілікті дәрежеде емес.

Заманауи шындық бізден соңғы жаңалықтар мен трендтерді біліп және хабардар болып отыруымызды талап етеді. Бірақ бұл мектеп оқушысының білімді меңгеруіне әсер етуі мүмкін бе деген ой туады?

| Әлеуметтік желі: зияны | Әлеуметтік желі: пайдасы |
|--|---|
| Оқушыға сабақта алынған ақпаратты меңгеруге үнемі уақыт болмайды. Өйткені, телефон немесе планшет экранында әлдеқайда қызықты нәрселер бар — құрдастарымен хат алмасу, жаңалықтар таспалары, әлеуметтік желілердегі әртүрлі топтар, әрине, | Пайдасы сөзсіз бар, яғни әлеуметтік желілерде баланың дамуына пайдалы заттар бар: - ұтқырлық, креативтілік, сандық біліктілік, байқап көру мен қателесуде бала «қара жәшікпен» жұмыс істеуді үйреніп, жаңа білімді ала отырып, өз білімін толықтыра |

YouTube-дағы роликтер. Сонымен қатар, бала барлық бос уақытын ғаламторда өткізе алады. Спортпен шұғылданудың, кітапты оқып шығудың, өз құрдастарымен сөйлесудің, сабаққа дайындалудың немесе жай ғана серуендеудің орнына ол әлеуметтік желілерге уақыт жұмсайды. Өзі, бұл оның физикалық және зияткерлік дамуына теріс әсер етеді.

алады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы балаға әлеуметтенуге, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, жаңа достар табуға, олармен оқуға байланысты мәселелерді талқылауға көмектесе алады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде бала азда болса босаңсып, күнделікті мектептегі қарбаластан көңілі басқаға бөліне алады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы құрдастарымен қарым-қатынас балаға әлеуметтенуге, жаңа достар табуға, олармен оқуға байланысты мәселелерді талқылауға көмектесе алады.

Ғаламторға қатысты басқа да жағы бар, ол аса көңіл толтырарлық емес. Интернет желісінде балаларға арналмаған қатысы жоқ көп нәрселер де бар, олар [4]:

- негативті контенті бар беттер,
- онлайн-ойындар мен казино,
- экстремистік ресурстар,
- қорлау мазмұны мен қорқытуы бар сайттар,
- ересектерге арналған жарнама және т.б.

Бұл әрине, компьютерге ата-ана бақылауы бар жүйе орнату қажет, баланы «үлкендерге арналған» мазмұндағы парақшалар мен баланың интернет пайдаланудағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Интернет – қауіпсіздік сабақтары барысында білім алушылар өздерінің Интернет желісінде және өзге де ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде болу уақытын неғұрлым қауіпсіз және пайдалы етуді, атап айтқанда: Интернет, мобильді (ұялы) байланыс желілерінде, өзге де электрондық бұқаралық коммуникация құралдары арқылы таратылатын хабарламаларға және өзге де ақпаратқа сын көзбен қарауды; дұрыс емес мәліметтерден, олар үшін зиянды ақпараттан анық емес мәліметтерді қауіпсіз және пайдалы ақпараттан ажыратуды үйренуі тиіс; олардың денсаулығына, имандылық және психикалық дамуына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және беделіне зиян келтіруге қабілетті ақпаратты күштеп таңудан аулақ болуға; олардың тәжірибесіздігі мен сенімсіздігін теріс пайдалану белгілерін, оларды құқыққа қарсы және өзге де қоғамға жат қызметке тарту әрекеттерін тануға; жарнамалық және өзге де ақпаратты беру кезінде пайдаланылатын манипуляциялық техниканы тануға; ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде таратылатын ақпараттық өнімге сын көзбен қарауға; ақпараттың анықтық дәрежесін және оның көздерінің; олар үшін жағымсыз ақпараттан

және желілердегі байланыстардан өзін-өзі қорғаудың тиімді шараларын қолдану.

2. Бастауыш сыныптарда «Интернет-қауіпсіздік» сабағы аясында оқушыларды таныстыру ұсынылады:

- заманауи ақпараттық ортада жауапты және қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерімен, Интернет желісінде және мобильді (ұялы) байланыста құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау тәсілдерімен;

- БАҚ-тағы (оның ішінде электрондық), мобильді (ұялы) байланыстағы хабарламаларға қалай сын көзбен қарау керек, шынайы мәліметтерді дәйексіз мәліметтерден қалай ажыратуға болады, олар үшін зиянды және қауіпті ақпараттан қалай аулақ болуға болады, олардың сенімділігін теріс пайдалану белгілерін қалай тануға болады және интернет желісінде өз қарым-қатынасыңызды неғұрлым қауіпсіз етуге болады;

- виртуалды достарыңызды ренжітпей, әлеуметтік желілерде (желілік этикет) қалай сөйлесуге болады және желіде бұзақылық ақпаратты немесе қорлайтын пікірлерді және т. б. орналастырудан аулақ болыңыз.

Балалардың іздеу жүйелерінің мүмкіндіктерін көрсету <http://kids.quintura.ru>, <http://agakids.ru>, балалар браузері <http://www.gogul.tv>, сонымен бірге балалардың әлеуметтік желілерімен таныстыру: <http://cyberpapa.ru/>, http://kinderonline.ru/detskiy_portal.ml, <http://1dnevnik.ru/>, <http://www.detkino.ru>. ұсынылады

Сабақтың мазмұнын таңдау үшін www.detionline.com сайтының материалдары (бейне материалдар, «Ақпараттық қоғамдағы балалар» электронды журналының материалдары, көмекші материалдар), сондай-ақ Интернетті қауіпсіз пайдалану туралы ақпаратты қамтитын басқа сайттардың материалдарын қолдануға болады.

Интернет қауіпсіздігі сабағының тиімділігі үшін оның мазмұны ғана емес, сонымен қатар оны өткізу формасы да үлкен маңызға ие.

1-4 сыныптар үшін – сабақ-саяхат, сабақ-викторина, сабақ-жарыс, сабақ-ойын, әңгіме пайдалану ұсынылады.

Пайдалы сілтемелер:

1) <http://www.microsoft.com/> – интерактивтілік элементтері бар интернетте қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы;

2) <http://www.nachalka.com/> – «Интернеттегі өтіріктерді қалай анықтауға және шындықты сақтауға болады» оқу видеосы;

3) <http://content-filtering.ru/> – «Сіздің жеке Интернетіңіз» ақпараттық-аналитикалық ресурсы.

Орта деңгейде «Интернет қауіпсіздігі» сабағында білім алушыларды балалардың ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы халықаралық стандарттармен таныстырған жөн.

Білім алушыларды Интернет қауіпсіз және Интернеттегі зорлық-зомбылық жағдайында көмек көрсету мекенжайларымен, Бүкіл қазақстандық балалар сенім телефонының нөмірімен таныстыру.

Сенім телефоны – бұл шұғыл психологиялық көмек көрсететін тегін

анонимдік қызметі.

Психологиялық қызмет көрсететін «Балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефон желісі» 150

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті байланыс телефоны 8 (7172) 742528

Bala Qorgau – телеграм боты бар.

Пайдалы сілтемелер

1) <http://www.microsoft.com/> – нтерактивті элементтері бар жастар тарихы;

2) <http://content-filtering.ru/> – «Сіздің жеке интернетіңіз» ақпараттық-аналитикалық ресурсы;

3) www.icensor.ru – Интернет-сүзгі.

Орта мектепте «Интернет қауіпсіздігі» сабағының аясында білім алушыларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген балалардың ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы халықаралық стандарттармен таныстырған жөн.

Білім алушылардың назарын зиянды ақпараттық ресурстардың жіктелуіне аудару қажет:

- балалардың денсаулығына және (немесе) дамуына зиян келтіретін ақпарат;

- балалар арасында таратуға тыйым салынған ақпарат;

- белгілі бір жас санатындағы балалар арасында таратуға шектелген ақпарат.

Сабақта келесі аспектілерді қарастыру қажет: Интернет желісіндегі баланы күтетін қауіптер тізімі; электрондық поштаны сауатты пайдалану бойынша ұсыныстар; жедел хабар алмасу ортасында қауіпсіз қарым-қатынас технологиясы.

Білім алушыларды чаттарда қауіпсіз қарым-қатынас жасау жөніндегі нұсқаулықтармен; Интернетке тәуелділіктің алдын алу және оны еңсеру жөніндегі кеңестермен; Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі жөніндегі жалпы ережелермен қамтамасыз ету қажет.

Сондай ақ, Интернетте қауіпті келесі нысандарды: қаламаған бағдарламалар; жеке деректерді қорғау; алаяқтық; виртуалды-достар; қарақшылық; on-line-ойындар; этика; ақпаратқа сыни көзқарасты қарастыру ұсынылады.

Білім алушыларды Интернет желісінде қауіпсіз жұмысты, контенттік сүзуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Білім алушыларды интернет – қауіп және интернет-зорлық-зомбылық жағдайында көмек мекенжайларымен, Бүкіл қазақстандық балаларды сенім телефонының нөмірімен таныстыру

Сенім телефоны - 150.

9-11 сыныптарда сабақ өткізудің ықтимал нысандары-дәріс, іскерлік ойын, жобаларды таныстыру сабағы, «Интернет-қауіпсіздік» ой талқысы,

пікірталас, дебаттар, медиасала мамандарымен, жүйелік әкімшілермен кездесу және т. б.

Пайдалы сілтемелер:

- 1) <http://www.kaspersky.ru> – антивирус «Касперский лабораториясы»;
- 2) <http://www.onlandia.org>. - қауіпсіз web-зона;
- 3) <http://www.interneshka.net> – Интернетті қауіпсіз пайдалануға арналған халықаралық онлайн-конкурс;
- 4) <http://content-filtering.ru> – Интернет БАҚ «Сіздің жеке интернетіңіз».

«Қауіпсіз интернет» тақырыбы бойынша сабақтың шамамен жоспары Қосымша 1 де келтірілген.

Сабақтарды өткізу қорытындысы бойынша «Қауіпсіз интернет» тақырыбы бойынша қорытынды сауалнама өткізуге болады. (2-қосымша)

3. Білім алушыларға сауалнама жүргізу

Интернеттегі қауіпсіздік мәселесін және жасөспірімдердің оған деген көзқарасын зерттеу үшін білім беру ортасындағы қазіргі жағдайды талдауға мүмкіндік беретін сауалнамалар жасалады.

Сауалнаманы жасырын сауалнама нысанында қағаз тасығышта да, электрондық түрде де жүргізу көзделіп отыр. Сауалнамалардың үлгі нысандары 1-қосымшада және 2-қосымшада ұсынылған. Кәметке толмағандарда компьютерлік тәуелділіктің ерте белгілерін анықтау үшін ата-аналарға тест-сауалнама жүргізуді ұсынамыз. Және білім алушыларға ақпараттық қауіптер туралы білімдерін анықтауға арналған тест.

4. «Интернет желісіндегі қауіпсіздік негіздері» дөңгелек үстелін өткізу

Мақсаты: Интернет желісінде жұмыс істеу кезінде тұрақты өмірлік дағдыларды қалыптастыру.

Дөңгелек үстел жұмысының алдында білім алушыларды ұсынылған тақырып бойынша алдын ала дайындау жүргізіледі. Талқылауға арналған сұрақтар тізбесі білім алушыларға сауалнама жүргізу нәтижесінде анықталады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Интернет не үшін қажет?
2. Интернетті пайдалану кезінде қандай қауіптер бар және оларды қалай азайтуға болады?
3. Интернетте алаяқтықтың қандай түрлері бар?
4. Алаяқтықтан қалай қорғануға болады Интернет желісінде?
5. Қауіпсіз чат дегеніміз не?
6. Виртуалды сұхбаттасушы кездесуді ұсынады, не істеу керек?
7. Жедел хабар алмасу қызметтерін пайдалану кезінде өзіңізді қалай қорғауға болады? (3-қосымша.)

5. Бастауыш сынып оқушыларына арналған компьютерлік ойын өткізу

Сынып сағаты немесе информатика сабағының (қоршаған әлемнің) шеңберінде 2-4 сынып білім алушыларына "Интернет арқылы серуендеу" Интернет желісіндегі тәртіп ережелері туралы компьютерлік ойын ұсынған жөн. <http://www.wildwebwoods.org/>, онда ойын түрінде интернетте жұмыс істеу кезінде қандай қауіптер туындауы мүмкін, желілік өзара әрекеттесу және этикет, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау туралы айтылады.

6. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша Флешмобтар

Флэшмоб – бұл кез-келген адамға белгілі бір, алдын-ала келісілген әрекетті синхронды түрде орындау үшін бір-бірімен келісуге мүмкіндік беретін интернет-технология.

Флэшмоб – бұл алдын-ала белгіленген жерде және белгіленген уақытта адамдар үшін күтпеген жағдай. Сонымен қатар, әдетте, қатысушылар бейтаныс адамдар үшін түсініксіз және қисынсыз болып көрінетін алдын-ала анықталған әрекеттерді жасайды.

Тиісінше, моб-бұл қысқа мерзімді акция (әдетте шамамен 5 минут), алдын-ала жасалған іс-қимыл жоспары бар.

Флэшмоб – бұл алдын-ала жоспарланған жаппай акция, онда адамдардың үлкен тобы қоғамдық жерде пайда болады, алдын-ала келісілген әрекеттерді (сценарийді) орындайды, содан кейін алшақтайды.

Флешмобтың мақсаты: балалардың, олардың ата-аналары мен педагогтарының назарын ақпараттық қауіпсіздік проблемаларына аудару.

Флэшмоб ережелері

1. Флешмоб жарнамадан тыс, саясаттан тыс (қатысушылардың ешқайсысы ақша төлемейді немесе алмайды).

2. Әрекет өздігінен көрінуі керек (қатысушылар акция алдында оқиға болатын жерге алдын ала жиналмайды).

3. Өткізудің басталуы мен аяқталуының нақты уақыты (әрбір қатысушы сценарийде көрсетілген уақытша шартты дәл орындауы тиіс, сағаттар синхрондалуы тиіс).

4. Сценарийді дәл орындау (тек келісілген жағдайларда шығармашылық тәсіл).

5. Флешмоб кездейсоқ көрермендердің жағымсыз эмоцияларын агрессивті реакциясын тудырмауы керек.

6. Моберлердің іс-әрекеттері заңның шеңберінен шықпау керек. Акциядан кейін қоқыс қалмауы тиіс.

7. Акциядан кейін сіз ерекше бірнәрсе болғанын білдірмей, әрекет ету орнынан әртүрлі бағытта бірден кетуіңіз керек.

Флэшмоб үлгілері:

* қатып қалу, адамдар тобы кенеттен адам көп жиналатын жерде 1-2 минут ішінде кенеттен қатып қалады. Содан кейін олар ештеңе болмағандай әрі қарай жүре береді;

• * би, мысалы, үлкен гипермаркетте бір топ адамдар билей бастайды, содан кейін акцияның қалған қатысушылары қосылады;

* тағы бір сценарий — адамдар жиналып, кенеттен барлығы бинокльдер, шпиглеттер, оралған газеттер шығарады немесе мектеп ғимаратына 5 минут ішінде мұқият қарайды (мысалы). Содан кейін барлығы тарайды, ал өтіп бара жатқандар ғимаратта не болып жатырғанын түсінбей басын шайқайды.

Флэшмобтың сценарийін сіз әртүрлі, ең бастысы тосын сый ойлап тауып, жиналғандарды тақырыппен таң қалдыра алатындай ойластыруыңыз керек.

Флэшмоб түрлері

Классикалық флэшмоб. Басты мақсат — кездейсоқ көрермендерді таң қалдыру.

Саяси моб немесе әлеуметтік моб. Бұл әлеуметтік немесе саяси сипаты бар акциялар. Олар қоғамдық пікірді білдірудің немесе белгілі бір мәселелерге назар аударудың қарапайым, жедел және қауіпсіз әдісі.

Сипаттық моб (нақты флэшмоб) – бұл қатысушылар өздерінің тәжірибесі бірінші кезекте тұрған нәзік, кейде байқалмайтын әлеуметтік – коммуникативтік кеңістікті модельдеуге тырысатын акциялар. Ол басқаларға көрінбеуі мүмкін. Сыртқы көрерменді таңдандыру міндеті жоқ. Қатысушылардың іс-әрекеттері күнделікті өмірге соншалықты жақын, олардың бейнесі «шағылысады». Сценарий бойынша орындалатын әрекеттер анық көрінбейді ме, әлде бұл сценарийде жазылғанды кездейсоқ қайталаған қарапайым өтіп бара жатқан адамның әрекеті ме.

Үлгі үшін варианттар:

* Сүріну;

* Есіңізде болсын, телефон қалтада ма, жоқ па, содан кейін оны алып, қайтадан салыңыз;

* Аузыңызды жыбырлатып, көзіңізді жүгіртіп оқу бөлмесіне кіре берісте оқулық/газетті мұқият оқып шығыңыз;

• Аяқкиім бауын мұқият байлауға тырысыңыз;

* Күртешенің, сөмкенің жүгіртпе сыдырмасын жабуға немесе ашуға тырысыңыз;

* Кір жұққан киімді сілкіңіз;

* Кез-келген жарнаманың ақпаратын қайта жазыңыз;

* Жүріп бара жатып ұялы телефонда ойнаңыз;

Флэшмобты дайындау алгоритмі

1. Флэшмобтың мақсатын тұжырымдау.

2. Флэшмоб кезінде не істейтіндігіңізді шешіңіз. Флэшмобтың сәттілігі іс-шараның өзіндік ерекшелігіне, жандылығына және тартымды күшіне байланысты. Бір жерде өткізілген іс-шараның үлгісі бойынша флэшмоб ұйымдастырудан аулақ болыңыз.

3. YouTube – тен бұрынғы өткізілген флэшмоб шараларын қараңыз (идеяларға мұрындық болады).

4. Флэшмобыңызды ұйымдастырыңыз. Сізге флэшмобқа қатысқысы келетін еріктілер қажет болады (сонымен бірге сіз оқыған сыныптың ресурстарын, сіз кіретін театр немесе би тобын немесе сіз уақыт өткізетін

басқа адамдар тобын тарта аласыз. Сұраңыз достарының немесе отбасы мүшелерінің ғана емес, олар сондай-ақ, бұл шараға қатысу).

5. Өз тобыңызды нақты нұсқаулармен қамтамасыз етіңіз. Флешмобты сәтті өткізу үшін қатысушылар не істеу керектігін нақты білуі керек. Репетицияны алдын-ала жасаған дұрыс, бірақ егер бұл мүмкін болмаса, онда, ең болмағанда, қатысушыларды не кию керек, қашан және Қайда болу керек, не істеу керек екендігі туралы нақты нұсқаулармен (онлайн немесе электрондық пошта және т.б.) қамтамасыз ету керек.

6. Қажетті реквизиттер мен костюмдерді дайындаңыз. Қатысушылардан өздерінің реквизиттерін әкелуді немесе өздерін ұйымдастыруды сұраған дұрыс (мысалы, газеттер, ұялы телефондар, планшеттер және т. б.).

7. Осы аймақтағы шектеулермен танысыңыз. Өткізіңіз мұқият зерттеу аумақтың сіз өткізу басталды. Бұл аймақта қауіпсіздік шекаралары, заңды немесе физикалық шектеулер болуы мүмкін. Заңмен проблемаларды болдырмас үшін қауіпті кедергілер жасамау, қауіпсіздік ережелерін бұзбау керек.

8. Ештеңе болған жоқ деп ойлаңыз. Флешмобтың аяқталуынан кейін бірден қатысушыларға отыруға және сөйлесуге немесе көпшілікпен сөйлесуге жол бермеңіз. Олар көпшілікпен араласып, ештеңе болмағандай күн батқанға дейін кетуі керек.

Ақпарат көздері

wikipedia.ru - Википедии-дан флешмоб туралы материал - тегін энциклопедия – probuem.ru – флэшмоб деген не?

flashmob.tamboff.ru - флэшмоб деген не?. yasa.yandex.ru - флэшмоб туралы сайттар каталогы.

7. Ата-аналар жиналысын өткізу

Ата-аналар жиналысын жалпы білім беру деңгейлері бойынша (жалпы бастауыш білім беру, жалпы негізгі білім беру, Жалпы орта білім беру) өткізген жөн.

Ата-аналар жиналысының басында анонимді сауалнама жүргізу ұсынылады, бұл ата-аналар қауымдастығының білім беру процесіне АКТ енгізуге қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелері бойынша оқу бағдарламасында Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі жөніндегі жұмысының одан әрі стратегиясы айқындалатын болады. Сауалнамадан кейін баланың Интернет желісіне қолжетімділігі мәселесі бойынша әңгіме өткізіледі, онда ең өзекті мәселелер көтеріледі(4, 5-қосымша)

Бұдан әрі ата-аналарға балалардың Интернет желісіндегі жұмысы бойынша ұсынымдар беріледі (жас ерекшеліктерін ескере отырып)

Ата-аналар жиналысының соңында барлық ата-аналарға бағдарламалық құралдардың көмегімен Интернеттегі балалардың қауіпсіздігі туралы жадынама ұсынылады. (9,10- қосымша).

8. Ғаламдық желі: пайдалану ережелері. «Балалар онлайн» көмек желісі ата-аналарға ұсыныстар береді.

Баланы желідегі зиянды ақпаратпен соқтығысудан қалай қорғауға болады? Мұндай кездесулердің салдарын қалай жеңуге үйрету керек?

Интернетте танысу

Желіде сөйлескен кезде нақты өмірде әрдайым таныс емес басқа адамдармен байланысқа байланысты қауіп-қатерлерге ұшырау қаупі бар. Әсіресе қауіпті-тәндік қатынасқа түсу үшін баламен достық қарым-қатынас орнату. Танысу көбінесе баланың құрдастарының атынан чатта, форумда немесе әлеуметтік желіде болады. Жеке сөйлесу ("жеке"), қылмыскер баланың сеніміне кіреді, жеке ақпаратты білуге және кездесуді ұйымдастыруға тырысады.

Груминг туралы ескерту:

1. Балаңыздың интернетте кіммен қарым-қатынас жасайтыны туралы хабардар болыңыз. Оның контактілер тізімін үнемі тексеріп отыруға тырысыңыз, ол кіммен сөйлесетінін жеке білетініне көз жеткізіңіз.

2. Балаға Интернетте жеке ақпаратты (телефон нөмірі, үй мекен-жайы, Мектеп атауы/нөмірі және т.б.) жарияламау керектігін, сондай-ақ виртуалды достарыңызға фотосуреттеріңізді жібере алмайтындығыңызды түсіндіріңіз.

3. Балаға тіркеуді қажет ететін ресурстарда сөйлескен кезде (сөйлесулерде, форумдарда, жедел хабар алмасу қызметтері арқылы, онлайн ойындарда) нақты атауды пайдалану мүмкін еместігін түсіндіріңіз. Оған жеке ақпараты жоқ лақап атауды таңдауға көмектесіңіз.

4. Егер бала өзінен әлдеқайда үлкен адамдармен байланысқа қызығушылық танытса, оған назар аударып, онымен түсіндіру әңгімесін жүргізу керек.

5. Балаңыздың онлайн-таныстарымен сіздің рұқсатынсыз немесе ересек адам болмаған кезде кездесуіне жол бермеңіз. Егер бала жаңа интернет-досымен кездесуді қаласа, баланы осы кездесуге алып баруды талап ету керек.

6. Балаңыздың қайда және кіммен жүретініне қызығушылық танытыңыз.

Кибербуллинг

Кибербуллинг-жәбірленушіге қатысты қасақана және ұзақ уақытқа созылған агрессивті мінез-құлық, оны әр түрлі электрондық қызметтер арқылы бір адам немесе адамдар тобы жүзеге асырады.

Кибербуллингтің алдын алу:

1. Балаларға интернетте сөйлескен кезде олар басқа пайдаланушылармен достық қарым-қатынаста болуы керек екенін түсіндіріңіз. Ешқандай жағдайда қатал және қорлайтын сөздер жазудың қажеті жоқ-дәрекілікті оқу есту сияқты жағымсыз.

2. Балаларға желіні бұзақылық, өсек немесе қауіп-қатер үшін пайдалануға болмайтынын түсіндіріңіз.

3. Балаларды басқа пайдаланушылардың ренішті сөздеріне немесе әрекеттеріне дұрыс жауап беруге үйретіңіз.

4. Балаларға Интернетте орналастырған ақпарат оларға қарсы қолданылуы мүмкін екенін түсіндіріңіз.

5. Балаңыздың Интернетте не істеп жатқанын бақылауға тырысыңыз, сонымен қатар желіні қолданғаннан кейін оның көңіл-күйін бақылаңыз.

Кибер алаяқтық

Кибербуллинг – кибер қылмыстың бір түрі, оның мақсаты пайдаланушыларды алдау болып табылады: материалдық немесе өзге де залал келтіру мақсатында пайдаланушының жеке ақпаратына (банк шоттарының нөмірлері, төлқұжат деректері, кодтар, парольдер және т.б.) заңсыз қол жеткізу немесе ұрлау.

Кибербуллингтің алдын алу:

1. Баланы алаяқтықтың ең көп таралған әдістері туралы хабардар етіңіз және белгілі бір желі қызметтерін пайдаланбас бұрын ересектермен кеңесуге үйретіңіз.

2. Компьютерлерге антивирус немесе жеке брендмауэр орнатыңыз. Мұндай қосымшалар трафикті бақылайды және құпия деректердің ұрлануына немесе басқа ұқсас әрекеттерге жол бермейді.

Интернет-дүкендер:

- Сатып алушылардың пікірлерімен танысыңыз.
- Алдын ала төлем жасаудан аулақ болыңыз.
- Дүкен иесінің — заңды тұлғаның деректемелері мен атауын тексеріңіз.
- Дүкен қанша уақыттан бері жұмыс жасайтынын анықтаңыз.
- Сіз іздеу жүйесінде немесе доменнің тіркелген күні бойынша көре аласыз (Whois қызметі).
- Кассалық чек беретіні туралы сұраңыз.
- Әртүрлі интернет-дүкендердегі бағаларды салыстырыңыз.
- Анықтама дүкеніне қоңырау шалыңыз.
- Интернет-дүкен ережелеріне назар аударыңыз.
- Сіз қанша төлеуге тура келетінін анықтаңыз.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 10 ережесі

1. Балаңыздың интернетте отырғанда немен айналысып отырғанын біліп отырыңыз! Баламен интернет желісіне бірге кіріп, оларды Интернетті пайдалану тәжірибесімен бөлісуге шақырыңыз.

2. Балаларыңызға өздері туралы Интернетте ешкімге ақпарат бермеу керектігін түсіндіріңіз. Сіз балаңызға тіркелуді қажет ететін бағдарламаларға тіркелуге және жеке ақпаратты пайдаланбастан бланкілерді толтыруға көмектесіңіз, мысалы баланың аты, электрондық почтасы мен мекен жайы, сондай-ақ, өзінің және отбасының фотосуретін қоюда. Ол үшін электрондық почтасының арнайы мекенжайын пайдалану қажет.

3. Балаларыңызға интуицияға сенуді үйретіңіз – егер оларды желіде бір жәйт мазалайтын болса, және де оны кімде-кім ренжітсе немесе агрессивті түрде ескертуге итермелесе, интернетте жәбірлесе, талқыласа онда сізге айтуы керектігін ескертіңіз.

4. Балаңызға интернеттегі кейбір адамдар өтірік айтып, жазатындығын және олар өздері туралы нақты айтпайтынын түсінуге көмектесіңіз. Сіздің

балаңыз ешқашан Интернеттегі достарымен шынайы өмірде өз бетінше және ересектерсіз кездесуге болмайтынын білсін.

5. Балаларға ешқашан мекен-жайын, телефон нөмірін немесе басқа жеке ақпаратты, мысалы оқу орны немесе серуендейтін жерлерін бермеуін талап етіңіз.

6. Интернеттегі шынайы және виртуалды өмір арасында үлкен айырмашылық бар екенін балаларға түсіндіріңіз. Белгісіз адамдардан жіберілген файлдарды ашуға болмайтындығы түсіндіріп айтыңыз. Бұл файлдарда зиянды, агрессивті мазмұны бар вирустар немесе фотовидео болуы мүмкін.

7. Балаларға Интернеттен оқыған немесе көргеннің бәрі өзі ойлағандай емес, сенімсіз екендігі туралы айтыңыз, оларға өз күдіктерін ашып айтуға және сұрауға үйретіңіз.

8. Балалардың басқалардың меншігін құрметтеуін талап етіңіз, музыканы, сөздерді, компьютерлік ойындарды, бейнелерді және басқа бағдарламаларды заңсыз көшіру ұрлық екенін айтыңыз, оған қоса «авторлық құқық» түсінігін түсіндіру қажет.

9. Зиянды мазмұнды сүзгіден өткізетін, баланың қай сайттарға кіретінін және онда не істейтінін білуге көмектесетін заманауи бағдарламалардың көмегімен балалардың іс-әрекеттерін бақылаңыз. Үй компьютерінде сүзгілеу құралдарының дұрыс орнатылғандығын және теңшелгеніне көз жеткізіңіз. Бұл жерде сізге Интернет-қауіпсіздігі саласындағы мамандар көмектеседі.

10. Балаларды басқаларды құрметтеуге үйретіңіз, олардың жақсы әдептілік ережелерін білетіндігіне көз жеткізіңіз. Балалардың интернетте қандай чаттарда, қандай сайт парақшасында, топтарда болатынын, олар кіретін және олармен сөйлесетін жарнамалар беттерін біліп тұрыңыз. Отыратын қарым-қатынас чаттарын (сыныптастарымен, спорттағы, музыка тыңдау бойынша достарын) бақылап ынталандырыңыз, және сіздің балаңыздың тек жалпы сөйлесу терезелерінде қарым-қатынас жасауын талап етіңіз.

Мектепке білім алушылар денсаулығына зиян келтіретін заттардан аулақ болу туралы жүргізілген тәрбие сағаттары

Тақырыбы: «Нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегудің әлеуметтік мәселелері».

Құндылығы: Дұрыс әрекет

Қасиеттері: Шынайылық, адамгершілік, кешірімділік.

Мақсаты: Нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегудің адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, саналы да салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Білімділік: Оқушыларды шынайылыққа үйрету.

2. Дамытушылық: Оқушылардағы адамгершілік қасиетін дамыту.

Ресурстар:

| | |
|---|--|
| <p>3. Тәрбиелік: Оқушыларды кешірімділікке тәрбиелеу.</p> | |
| <p>Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т ережесі Тәртіп Талап Тазалық Тыныштық Татулық Оқушылар ережені есімізге түсіріп, тобымыздың тәртібін сақтап, оқып-білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік. «Жүректен жүрекке» бір-бірімізге жылы сөздер айту арқылы көңіл күйлерімізді жақсартып алу. «Өмірімізді ұзарту да қысқарту да өз қолымызда» Өмірге адам бір ақ рет келеді, Жастық шағың өміріңнің кемелі. Күте білсең саулығыңды өрелі, Табиғаттың бергеннен көп берері. – деген өлең жолдарымен тәрбие сағатымызды бастаймыз. Тәрбие сағатымыздың тақырыбы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі «Нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегудің әлеуметтік мәселелері».</p> | |
| <p>Сабақтың дәйексөзі Жақсыдан үйрен, Жаманнан жирен Мақал-мәтел жинағынан Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?</p> | |
| <p>Мұғалім сыйы «Нашақорлық» туралы бейнеролик . Сұрақтар: 1. Бейнероликтен не ұқтыңыз? 2. Бейнероликтегі іс-әрекеттер қандай болды? 3. Кейіпкердің баласына берген тәрбиесі қандай болмақ?</p> | |
| <p>Ой-толғау Есірткі туралы не білеміз? Нашақорлық-адамзатқа берілген ең ауыр жаза. Нашақорлық-өзін-өзі өлтірудің ең баяу тәсілі, өз бойында өмірді, ерікті, ақылды, қабілетті саналы, ерікті түрде бұзу.</p> | |

Нашақорлық - бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет.

Алғаш болып «есірткі» деген анықтаманы сезгіштікті жоғалтуға алып келетін заттарды сипаттау үшін грек емшісі Гиппократ қолданған. Есірткі, анаша – ғасыр тажалы. Онымен қазір бүкіл әлем болып күресуде. Бірақ ол - оңай алдырар жау емес екен. Есірткі - бір басын кессең, екінші басы шыға келетін жеті басты жалмауыз сияқты.

Темекі-білдіртпей алатын ажал. Темекі түтінінде 5 мыңға жуық химиялық заттар бар. Темекінің денсаулыққа зиян екендігіне күмән жоқ: ол шылымдардың өз денсаулығына да, оны қоршаған адамдарға да зиян. Темекі шегетіндер бұл зиянды әдеттен тез арада арылуы керек.

Мақалды жалғастыр

1. Ауырып ем іздегенше,.....
2. Ішпеген, шылым шекпеген, Жасайды
3. Қайғы қартайтады. Қуаныш
4. Адам арақты ішеді, Арақ
5. Жасында темекісін будақтатқан, Күркілдеп қартайғанда
6. Арақ-ішіп ішіне көшеді, Ақыл

Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Пікірсайыс

1 –Жақтаушы

2 –Даттаушы

Арақ, темекі өнімдерінің пайдасы мен зияны(адам және қоғамға).

Зиянды әдеттерден, ішімдіктен, шылымнан, есірткіден аулақ болыңыз. Денсаулығыңыз мықты болсын, спортпен айналысыңыз. Сіз ел үшін керексіз. Өйткені сіз – тәуелсіз еліміздің болашағысыздар!

4. Топпен ән айту.

Спорт

Айгерім Қалаубаев

Спорт Спорт Спорт

Спорт Спорт Спорт

Спорт Спорт Спорт

Спорт Спорт Спорт

Елім барда ерлік бар мақтанатын

Ерлік барда намыс бар сақталатын

Намыс барда жеңіс бар жетелейтін

Жеңіс барда елім бар еркелейтін

Биікке бұлтым самғайды

| | |
|---|--|
| <p>Елімнің жас арманы Намысын елдің қорғайтын Бейбіт күн батырлары</p> <p>[Қайырмасы] Спорт Спорт Спорт Ерліктің аланы Спорт Спорт Спорт Ер жүрек жалауы Спорт Спорт Спорт Жеңістің алауы</p> <p>Халқым барда салтым бар сақтап келген Салтым барда елім бар жақтап келген Елім үшін ерім бар қорған болған Ерлер барда адаспас арман жолдан Биікке бұлтым самғайды Елімнің жас арманы Намысын елдің қорғайтын Бейбіт күн батырлары</p> <p>[Қайырмасы]</p> <p>Туынды көтерген ерлікті аңсадым Жеңіске жеткізген батырлар Елдікті ерлікті көрсеткен батырлар Ерінбей ел үшін тер төккен батырлар</p> | |
| <p>6.Сабақтың қорытынды сәті. Бүгінгі тәрбие сағатымыздың түйінін С.А.Назарбаеваның мына бір сөзімен аяқтағым келіп отыр. «Дені сау ұрпақ- әр отбасының қуанышы, бақыты. Ал денсаулығы мықты азамат халықтың болашағы, Отанымыздың сенімді тірегі болмақ». Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!</p> | |

Тақырыбы: «Темекі және оның зияны»

Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтыг сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық белсенділіктерін дамыту.

Тәрбие сағатының түрі: Пікірлесу

Көрнекілігі: Салауатты өмір салты туралы қанатты сөздер жазылған презентация, компьютер слайды, темекінің зияндығы туралы жинақтар. т. б.

Барысы:

I. Ұйымдастыру

- а) Сынып тазалығы, оқушылардың тәрбие сағатына қатысуы
- б) Оқушылар ынтасын тәрбие сағатының тақырыбына аудару

II. Кіріспе бөлімі

Егемендіктің тізгінін берік қолға алу үшін, ұрпақтың дені сау, рухани дүниесі бай, ғылым - біліммен жақсы қаруланған болуы шарт. Бүгінгі сабақта адам баласына өте қауіп төндіретін зиянды зат – темекі туралы салмақты ой қозғаймыз. Сонымен адам өмірге темекі тартушы болып келмейді екен, өсе келе жаман әдетке үйір болудан, өз ісіне мән бермеуден, темекі дәмін татып көріп, қалай темекіге тәуелді болғанын байқамай қалып, денсаулығынан айрылып жатады. Салауатты өмір салты деген не?

1. Спортпен шұғылдану
2. Күн тәртібін ұстау
3. Жеке бас гигиенасын сақтау

4. Жаман қылықтардан аулақ болу: Маскүнемдік, нашақорлық, шылым шегуден

III. Негізгі бөлім

1. Никотиннің зардаптары

1. Бір данышпан темекі туралы сұрағанда «мен темекінің үш жақсы жағын білемін» депті:

Біріншісі, темекі шеккен адамның үйіне ұры түспейді.

Екіншіден, темекі шеккен адамды ит қаппайды.

Үшіншіден, шылымқор жан мәңгі жас болып көрінеді. Мұны дәлелдеп беріңіз дегенде: ... Темекі тартқан адам түнімен күркілдеп жөтеліп шығады. Түнде келген ұрылар болса үйде ояу адам бар екен ойлап, кері қайтады. Көп жөтелген адамның белі бүгіліп, ерте таяқ ұстауға тура келеді. Таяқ ұстаған адамнан қабаған ит те жасқанады. Темекіні көп тартқан адам ерте қайтыс болады. Мәңгі жас болып өтеді дегенім осы, - деген екен.

2. Елімізде мектеп жасындағы балаларға ішімдіктер мен темекі сатуға болмайтыны заң болғанымен, бұл тәртіптің сақтала бермейтіндігіне жасөспірімдердің темекі шегуінің өзі үлкен дәлел болмақ. Бұл жөнінде мамандар «заңды күшейту керек, немесе «балалардың темекіге үйір болуы оның бағасының арзандығында» деген сияқты пікір тудыруда.

3. Осы бір зиянды әдет қайдан шыққан? Үндістер мендуанаға ұқсас шөпті жандырғанда шыққан түтінді танау арқылы ішке тартып соған мас болған. Олар оны «табако» деп атаған екен. 1560 жылы Француздың әйел патшасы Екатерина Медичиге басының сақинасы ұстағанда дәрі-дәрмек ретінде берілгенде баршаның қызығушылық құмарлығын тудырған. Әуелгіде емдік шөп ретінде қолданылған. Ресейге саудагерлер арқылы келген.

4. Темекінің зияны туралы не білеміз? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша темекі тарту зардабынан жыл сайын 5 миллион

адам қайтыс болады екен. 2027 жылы темекі зардабынан қайтыс болғандар саны 10 миллионға жетеді деген болжам бар. Соңғы уақытта темекі тартатындар арасында көмейдің қатерлі ісігі 6-10 есе, өңештің ісігі 2-6 есе жоғары. Бір түйір темекі тартқан адам 0, 4-3, 5 мг улы никотин қабылдайды да өз өмірін 15 минутқа қысқартады.

5. Темекіден ауаға жылына 720 000 тонна күкірт қышқылы, 384000 тонна аммиак, 180000 тонна никотин, 660 000 тонна темекі майы, 550000 тоннадай иісті газ шығады. Темекі кез-келген ауруды ушықтырады, жүйке қызметін бұзады.

6. Салмағы 1 мг темекіде 10-15 мг никотин болады. Темекі шоғының қызуы 300 градусқа жетеді. Оны сорғанда ауызда 60 градусқа дейін температура пайда болады. Бұл ауыз, өңеш, кеңірдек, тыныс жолдары мен асқазанның шырышты қабығының нәзік жасушаларын күйдіреді. Темекі шеккен адам темекі шекпеген адамнан 10-15 жыл аз өмір сүреді.

Темекімен күрес шаралары қалай жүргізілген?

Темекінің зиянын ертерек білген елдер тыйуға әртүрлі шаралар қолданады. - Англияда темекі шеккендерді дарға асқан - 1680 жылы XIII Людовик король темекіні еркін сатуға тыйым салып, тек дәрігердің қағазымен ғана дәріханалардан сатып алуға рұхсат берді. - 1692 жылы Санть - Ягода кешкілік ғибадатқа кірудің орнына шіркеу есігінің алдында шылым шеккені үшін бас монахты тірілей қабырғаға жабыстырып, бітеп тастаған. - I Петр темекі мен темекі бұйымдарына салық салу мемлекетке пайдалы деп шешкен. - Югаславияда 1987 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс және қоғамдық орындарда оның ішінде мектепте темекі шегуге тыйым салу жөнінде бұйрық берілген. Оны бұзғандар 50 000 динар айып төлейді. - Швецияда 2000 жылдан бері жасөспірімдер шылым шегуді білмейді екен. - Сингапурда темекі шегуге тыйым салынған жерде шылыммен ұсталған адам 1000 долларға дейін айыппұл төлейді. - Қазақстанда кәмелетке толмағандарға темекі сатылмайды және мемлекеттік мекемелерде темекі сатылмасын деген заң бар.

IV. Қорытындылау

Темекі шегудің аяғы жайсыз жағдайға соқтыратынын біле тұра неге адамдар темекі шегеді?

Зерттеулер бойынша шылымқорлардың 65 пайызы темекі тартуды тастағысы келгенімен, олардың 80 пайызы өздігінен қоя алмайды екен. Жастардың 20 пайызы ұзақ темекі шегушіліктің зардабын біле бермейді. Біз бір көшедегі тұрғындардан кішкене социологиялық сауалнама жүргізгенімізде: темекі тартатын әйел адам жоқ, 9 ер адам темекі тартады екен. Ең кішісінің жасы 23 те. Темекінің 25 жыл тартқан кісі бар. Барлығы темекінің зияны туралы біледі, бірақ «Темекі шегуді неге тоқтатпайсыз?» деген сұраққа «Шаршағанымды басады, күш беретін сияқты, шекпесем өзімді жайсыз сезінем» деп жауап берді.

Мойындарына «Бронхит», «Қатерлі ісік», «Туберкулез» деген тақтайша ілінген оқушылар шығады.

1. оқушы: (Бронхит)

Біз темекі тартатындарды жақсы көреміз.

2. оқушы: (Қатерлі ісік)

Біз темекі тартатындар қатарын көбейткіміз келеді.

3. оқушы: (Туберкулез)

Сендердің сандарыңның көбейгені біз сияқты ауруларға өте жақсы.

Күрк- күрк көк жөтел,

Күркілдеген не жөтел?

Жасыңнан шексең темекі,

Түбіңі сенің сол жетер.

Түтінмен ыстап өкпені,

Никотин уын төккені.

Жүректің ұстап талмасы,

Мишықтың құрғап кеткені.

Салауатты өмір сүреміз,

Шекпеңіз енді темекі!

Тақырыбы: «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы – серіктестер»

Мақсаты: Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру.

I бөлім: Құрметті ата-аналар, ұстаздар! Бүгінгі ашық есік жиналысына қош келдіңіздер! Бүгінгі жиынға келген адамдарды – бала тәрбиесіне жанашыр адамдар келді деп ойлаймын. Өйткені бүгінгі бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелердің бірі талқыланатын болады. Жалпы тәрбие қалай қалыптасады? Қандай факторлар әсер етеді? Бүгінгі жалпы ата-аналар жиналысының тақырыбын тектен-тек “Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы – серіктестер.” тақырыбында өткізгелі тұрмыз. Өйткені қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек. Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл Құқықтық білім беру – нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады.

Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т. б. Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға- құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады деп сенеміз. А.С. Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпағанымыз жөн болар. Құқық пен тәрбиенің өзара

байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-- аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға арналған жаднама

111 - бап. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы

1. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамауы, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды ұдайы қолдануына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасауы, - ата - аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

112 - бап. Кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізу

Ата - аналардың немесе өзге де адамдардың кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізуі,

- айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

112 - 1 - бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру, - ойын - сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына

- бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға

- жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

330-бап. Ұсақ бұзақылық

1. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс-әрекеттер,

- айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

331-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 257-бабының бірінші

бөлігінде көз делген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, ата - аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

336 - 3 - бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22 - ден таңғы 6 - ға дейін) ойын - сауық мекемелерінде болуы, заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет,
- заңды өкілдеріне айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

336 - 4 - бап. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуы

1. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – заңды өкілдеріне ескертуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - заңды өкілдеріне бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

III бөлім. Рефлексия.

Соңғы сөзді мен айтайын... (жиналыс басында таңдаған мақал--мәтелдердің біреуін пайдалана отырып, шағын әңгіме құру.

«Ісін өндіре алмаған қырсыз бала, қырсығын әкесінен іздейді»

«Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің»

«Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен ары сырласыңдай сыйла»

«Жақсы бала сүйініш, жаман бала күйініш.»

«Атаңа не қылсаң алдыңа сол келер»

«Өмірде кім. не нәрсе ыстық, не нәрсе қажет» ойыны

VI бөлім. Қорытынды.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың, азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Ата -ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Сондықтан да бүгінгі жиналысымызды А. Сухомлинскийдің сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Тек қана ата- аналармен біріге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында, мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін».

Білім беру ұйымдарында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру негізінде Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Мырзатай орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сапарбаева Гульмира Тансыкбаевнаның үлгілік жобасын ұсынамыз.

Жобаның тақырыбы: «Рухани құндылықтарға негізделген кітап оқу дәстүрі» жобасы.

Негіздеме: «Оқуға құштар мектеп» – тәрбие үдерісінде рухани құндылықтар негізіндегі тәрбиелік жоба. Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: *«Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деген болатын.*

Жобаның мақсаты:

Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын арттыру, жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту, оқушылардың интеллектуалды әлеуетін арттыру.

Жобаның міндеттері:

1. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін қажетті әдебиеттерді тауып оқуға жағдай жасалады.
2. Кітап мәдениеті оқу құндылығы туралы пікір қалыптастырылады.
3. Кітап оқитын, әдебиетті танитын кітапханаға баратын адамның жоғары мәдениеті қалыптасады.
4. Оқушылардың кітапқа оқуға деген қызығушылықтарын әр түрлі іс-шараларға қатысу арқылы белсенді тартылады.

Кіріспе

Осыған орай, жас жеткіншектердің қызығып оқитын кітаптарын көптеп шығарып, алыс ауылдардағы мектептерге таратудың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Мектепте білім берудің барлық деңгейінде тәрбие мен оқыту жүйесі бірыңғай идеологиялық және құндылық тәсілінен құрылады. Тәрбие жұмысы барлық тараптарды: отбасын, оқушылар мен ұстаздарды, қоғамды кеңінен тарта отырып кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Мектеп ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайтып өзара жауапкершілікті дұрыс жолға қою қажет. Кітап көзі ашық, парасатты әрі білікті тұлғаны тәрбиелеудің күшті құралы болып табылатындықтан, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оны дәріптеу қоғамның дамуы үшін аса маңызды. Кітап оқуға ынталандыру үшін оқырмандар арасында әртүрлі байқаулар өткізуді жүйелі жүргізіп отыру керек. Оқуға құштар мектеп жобасында қажетті 4 бағытты негізге ала отырып түрлі шаралар ұйымдастыру көзделген.

1. Отандық классиктердің ең үздік әдебиеттерінің кіруі
2. Шетелдік қазақ тіліне аударылған әлем әдебиеттерінің тізімі.
3. Заманауи жазушылар мен ақындардың үздік шығармаларының тізімін енгізу

4. Түрлі анықтамалықтар мен ғылыми-көпшілік басылымдар және оқу-әдістемелік құралдармен жасақтау Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсіну қажет. Жоба аясында түрлі шаралар кездесулер, пікірталастар арқылы ата-аналар қоғамдастығын тартып мектеп кітапханаларының сайтында пікірталастар жүргізу арқылы әдеби кітаптар оқуға, әлемді тануға деген қызығушылықтарын қалыптастыру қарастырылған. Оқушылардың жан-жақты дамуы үшін әдеби кітаптар мен ұлттық рухани құндылықтарға толы отбасылық оқулардың өзектілігі өте зор.

Жобаның маңыздылығы:

Жобаны іске асыру барысында түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру, білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, кітапты отбасымен бірге оқу дәстүрін жаңғырту, кітапхана қорын көбейту, кітапханаларда электронды кітаптар қорын үлкейту, жас ұрпақты интеллектуалды, мәдениетті, рухани бай адам етіп тәрбиелеуге атсалысу.

Жобада бағытталған маңызды мәселелер:

Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, каникул уақытында бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру оқыған кітабы бойынша кейіпкер суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау кітапхана қорын заманауи кітаптармен толықтыру.

✓ Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертегілерді оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады.

✓ Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру

✓ Жоғарғы буын бойынша әдеби-классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту дағдыларына ие бола алады.

Жобаның бағыттары:

1. «Барлық пәндер арқылы оқу» оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, бір мезетте ертегілер оқу марафонын ұйымдастыру.

2. «Кітаппен өткен демалыс күнім қызық» марафоны әлем және қазақ халығының озық көркем шығармаларын насихаттау, демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру.

3. «Оқы және достарыңмен бөліс» мектеп кітапхана қорын заманауи кітаптармен толықтыру.

4. «Отбасылық оқудың дағдылары» оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру.

5. «Оқу уақыты» кітап оқуды насихаттау.

6. «Мақал-мәтел жаттап өс» оқушыларды мақал-мәтел жаттап оның мән мағынасын түсіне білуге үйрету.

7. «Жаңылтпаш пен жұмбақ жаттап өс» жаттап жинақтаған жаңылтпаш жұмбақтарымен көпшілік алдында бөлісу.

Күтілетін нәтижелер:

✓ Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту.

✓ Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесін қалыптастыру.

✓ Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту.

✓ Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыруда рухани байлығын жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы-кітап екенін түсіндіру.

✓ Интерактивті әдістемелерді қолдану.

✓ Электронды кітаптарды оқуға баулу.

✓ Аудиокітаптардың тізімін беру, қолдана білу.

✓ «BookCrossing» -кітап алмасу қозғалысын дамыту.

Қорытынды

Ұлттық рухани және интеллектуалды ілгерілеудің құралы ретінде кітап оқуға оқушыларды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бағытталды. Кітап оқуға баулу арқылы зерделі азаматтар тәрбиелеуге ықпал ету қазақ әдебиетінің алтын қорын және шетел әдебиетін оқуға дағдыландыру мен оқушыларды өз Отанын тарихын,әдебиетін,мәдениетін танып -білуге,дамытуға арналған рухани құндылықтарға бағытталған кітап оқуды насихаттап көзі ашық парасатты,білікті тұлға қалыптастыруға байланысты жұмыстар жасайды.

Жоба аясындағы атқарылған жұмыстар:

«Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған жоба бойынша өткізілетін мектепшілік іс-шаралар



Оқы және өзгеге сыйла



1-5-сынып оқушылары арасында «Біз оқимыз!» 5 минут дауыстап оқу



«Бір отбасы – бір кітап» акциясын жүзеге асыру аясында отбасындағы кітап оқудан көрініс

"Оқуға құштар мектеп" жоба аясында анаммен бірге кітап оқу



«Кітап мекені - кітапхана» кітапханаға саяхаты





Келесі ұсынатын жобамыз Астана қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы Бином мектеп-лицейінің директоры Байтажикова Құралай Амангелдіқызының «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар оқушы» жобасының оқушылардың құзіреттілігін қалыптастырудағы рөлі

Астана қаласы №73 мектеп-лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шайхынова Тұрсынғұл Сағатбекқызының тәжірибелерінен
Идеясы

Балалардың жаппай телефонға әуестігімен сауатты түрде қалай күресуге болады? – деген проблемалық мәселеден туындады.

Жобаның мақсаты - оқушылардың кітап оқу дағдысын қалыптастыру, көркем әдебиетке қызығушылығын жандандыру, тіл мәдениетін көтеру, әлем әдебиетінің шығармаларын таныстыру, сөздік қорларын молайту, тіл байлықтарын арттыру, шығармашылық әлеуетін қалыптастыру.

Жоба 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап, үздіксіз жүргізіліп отыр. Тіптен пандемия кезінде де кітап оқудың тиімді тәсілдері зерттеліп, жоба қарқынды түрде жүргізілді.

Оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалай қалыптастыра аламыз?- деген зерттеу сұрағын ұжым болып талқылады.

Жобаның «ұтымды жақтары»

Жоба – негізінде оқыту бүгінгі заман сұранысы. Жоба аясында, «ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТКЕН КІТАП» атты әр саланың үздік мамандарымен сұхбат-кездесу әрбір сыныпта жыл сайын дәстүрлі түрде қараша айында өткізіліп отырады. Сонымен қатар, «ҮЗДІК ОҚЫРМАН» байқауы оқушылардың арасында жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып өткізіледі.

Мектеп-лицейдің базасында әрбір оқушының кез-келген форматта кітап оқуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Атап айтқанда, балаларға арналған жасыл алаңда оқушылардың кітапты жатып та, отырып та оқуына жағдай жасалған.

Ұсыныстар:

1. Әлеуметтік желілердің аласапыран заманында, оқушыларымызға білім, сауаттылық әрбір адамның көркі екенін ұғындыру маңызды. Заманның сұранысы да баланы өмірге икемдеу, бейімдеу. Осынау сындарлы уақытта оқушыларымызды рухани бай, санасы сәулелі, өнегесі жүйрік, өнері биік, талғамы терең, сенімі нық, білімнің құтын игере алатын парасатты тұлға етіп дағдыландыру кезек күттірмейтін мәселе.

2. Оқушылардың танымын қалыптастыруда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру зор маңызға ие.

3. Жобаға жыл сайын қатысып жүрген оқушылардың зерттеу мәдениеті қалыптасқан. Жобада алған білімдерін Республикалық деңгейде ұйымдастырылатын білім бәйгелерінен топ жарып жүргендігінен аңғара аламыз. Мәселен, Базарбаева Кәусар жобаға 5-сыныбынан бастап үздіксіз қатысады. Қазір 8-сыныптың оқушысы. Телевизиялық түсірілімдерге қатысып, бағын сынап жүр.

4. Жоба аясында, мынадай шараларды

«Поэтикалық марафон», «Әдеби аукцион» ойыны, «Оқырман бенефисі», «Библиофреш», «Әдеби вернисаж», «Флешбук» т.с.с. ұйымдастырып өткізуге болады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру туралы

Е Р Е Ж Е Л Е Р І

I. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан былай ШЖҚ МКК) мектеп оқушыларының арасында өтетін «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

2. «Оқуға құштар мектеп» жобасы осы аттас республикалық жобаға сай Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК жыл сайын өткізілетін іс-шара.

II. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаттары мен міндеттері:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты:

- оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын, ынтасын ояту;
- шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени және рухани дүниетанымын дамыту;
- кітап оқыту арқылы оқушылар бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту;
- мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;
- қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау.

2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының негізгі міндеттері:
 - тұлғаның өз-өзін дамытуына (мәдени және рухани) және өзіндік қабілеттерін (шығармашылық, ізденушілік т.б.) жетілдіруіне жағдай жасау;
 - оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, тарихына және мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру және оларды үйреніп, білуге ынталандыру;

III. «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасына мектептің 2-10 сыныптар арасындағы барлық оқушылары қатыса алады. Олар төрт топта өзара сайысқа түседі: I топ – 2-4-сыныптар; II топ – 5-6-сыныптар; III топ – 7-8, IV топ – 9-10-сыныптар.

Ескерту: 1 және 11-сыныптардың оқушылары өз қалаулары бойынша I, IV топтың тапсырмаларын оқып, сайысқа түсе алады.

2. «Оқуға құштар мектеп» жобасында ұсынылатын шығармалар қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті және әлем әдебиеті үлгілерін қамтиды.

3. Кітап оқу тілі еркін (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі). Мүмкіндігінше қазақша және орысша нұсқалары, яғни аудармалары бар шығармалар алынады. Сондай-ақ, тіл дамыту мақсатында таза ағылшын тіліндегі шығармалар да ұсынылады. Қорытынды тест-сынақ әр кезеңдегі оқу тіліне сай жүргізіледі.

4. «Оқуға құштар мектеп» жобасы үш кезеңнен тұрады:

1 кезең – ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан!» атты кезең . Ол әрбір оқу жылының 15 қыркүйек - 10 желтоқсан айында өткізіледі. Бұл кезеңде оқушыларға тек қазақ тіліндегі шығармалар беріледі.

2 кезең – «Көркем әдебиетпен – кемел болашаққа» атты кезең. Ол әрбір оқу жылының 10 қаңтар - 10 наурыз айында өткізіледі. Бұл кезеңде орыс тіліндегі шығармалар ұсынылады.

3 кезең – «Әлем әдебиетіне саяхат» атты кезең. Бұл кезең әрбір оқу жылының 1 сәуір - 10 мамыр айында өткізіледі. Бұл кезеңде ағылшын тіліндегі шығармалар ұсынылады.

Ескерту: Жоғарыда көрсетілген жалпылама тақырыптар қажеттілігіне қарай жекелеген тақырыптарға ие болып, ауысып отырады.

5. «Оқуға құштар мектеп» жобасының үш кезеңінің әрқайсысына оқушылардың жас ерекшелігіне сай 2 немесе 3 шығармадан ұсынылады. Кітап оқу жобасының барысы, оқушылардың және жалпы сыныптың қатысы мектеп әкімшілігінің, педагог-психологтің, сондай-ақ пән мұғалімдері мен сынып жетекшілер тарапынан ұдайы бақыланады.

6. «Оқуға құштар мектеп» жобасының Жеңімпазын анықтау жолдары:

а) Ұсынылған шығармаларды толық оқып біткен оқушылар, ең алдымен, сол кезең тапсырмасына сай қорытынды тест-сынаққа (әр шығарма бойынша 25 сұрақтан тұратын тест) жіберіледі;

ә) Тест қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған 20 оқушы берілген шығарма туралы шағын ой-толғау жазады;

б) Осы байқаудан озық шыққан 5 оқушымен жобаның жеңімпазын анықтау мақсатында әңгімелесу (собеседование) өтеді. Әр кезеңнің қорытындысы бойынша сынақтардың барлығынан сүрінбей өткен 5 оқушы І,ІІ,ІІІ орынға ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталады. Ал ұпай саны бойынша жоғары көрсеткішке ие болған қалған оқушыларға сол кезеңнің жүлде қорына қарай ынталандыру сыйлықтары беріледі;

в) Барлық үш кезеңге белсене қатысып, ең көп ұпай жинаған оқушы 4 оқушы (4 топ бойынша) Бас жүлдеге ие болады. Ол үздіктерді марапаттау әрбір оқу жылының соңындағы «Үздіктер шеруінде» жүргізіледі.

IV. Қаржыландыру

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасының қатысқан оқушыларды марапаттауды ата-аналар комитеті және мектеп әкімшілігі ақылдаса отырып, өзара келісім негізінде қаржыландырады.

V. Ұйымдастыру комитеті және оны құру

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасын өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамын Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директоры бекітеді және оларға нақты тапсырмалар жүктейді.

2. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- берілген шығармалар бойынша түсіндіру, оқушыларды қызықтыру жұмыстарын (пән мұғалімдері мен мектеп кітапханашылары) жүргізеді;

- пән мұғалімдері шығармалар негізінде тест сұрақтарын құрастырады;

- пән мұғалімдері қатысушылардың жұмысын тексереді, олардың нәтижесін шығарады;

- қатысушылардың білімі мен жазба жұмысын бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажетті түзетулер енгізеді;

- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;

VII. «Оқуға құштар мектеп» жобасының қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасының қатысушыларын марапаттау рәсімі мерекелік жағдайда (I кезең Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шарада, II кезең мектепішілік Наурыз-думанында, III кезең «Үздіктер шеруінде») өткізіледі;

2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының әр кезеңінің қорытындысы бойынша сынақтардың барлығынан сүрінбей өткен 5 оқушы І,ІІ,ІІІ орынға ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталады. Ал ұпай саны бойынша жоғары көрсеткішке ие болған қалған оқушыларға сол кезеңнің жүлде қорына қарай ынталандыру сыйлықтары беріледі. Барлық үш кезеңге белсене қатысып, ең көп ұпай жинаған оқушы 4 оқушы (4 топ бойынша) Бас жүлдеге ие болады. Ол үздіктерді марапаттау әрбір оқу жылының соңындағы «Үздіктер шеруінде» жүргізіледі.

Жоба жүлдегерлеріне сыйлық белгіленді



Біздің елімізде де интернетті заңдық тұрғыдан реттеу бағытында шаралар ұйымдастырылуда, мысалы мемлекет жастар мен балалар арасында Интернетке тәуелділіктің алдын алу бойынша, сондай-ақ азаматтардың цифрлық беделін қорғау, әлеуметтік желілер мен Интернетте (азғырушылық сипаттағы материалдар, балаларға қатысты қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпарат, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын насихаттау және басқалар) беттерге мониторинг жүргізу және бұғаттау, балаларды зиянды интернет-контентке қолжетімділіктен қорғау мақсатында балалар үшін бірыңғай тарифі бар СИМ-карталарын енгізу сияқты шараларды кешенді түрде жүргізіп келеді.

«Қауіпсіз интернет» бойынша 9 сыныптарға арналған сынып сағаты
Тексерілді _____ ТІМ

| | | |
|---------------------------|---|-------------------------------------|
| Күні: 15.01.2021 ж | Сынып: 9 «А» | Мектеп: «№ орта мектебі» КММ |
| Тақырыбы | Қауіпсіз Интернет | |
| Мақсаты | Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру | |
| Күтілетін нәтиже | Оқушылар өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарайтын болады | |
| Сабақтың мақсаты | <p>Білімділік: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау;</p> <p>Дамытушылық: Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру;</p> | |

| | |
|-------------------------------------|--|
| | Тәрбиелік: Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу. |
| Сабақ түрі | аралас сабақ |
| Сабақтың әдіс-тәсілдері | сұрақ – жауап , ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру, сыни тұрғысынан ойлау, Тви шоу |
| Сабақ барысы | |
| Қызуғышылықты ояту | Сәлеметсіздер ме, балалар?! Здравствуйте?! Good morning, boys and girls?! 2004 жылдың 11 ақпанында 100 ден астам елде Бүкіл әлемдік Қауіпсіз Интернет күнін атап өтеді. Соған байланысты бүгінгі біздің тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Қауіпсіз Интернет» (<i>Интернет туралы мәлімет ретінде видео-ролик көрсетіп, тыңдатып алып, топпен жұмысқа көшемін.</i> https://www.youtube.com/watch?v=DFhYwelUWxw; https://www.youtube.com/watch?v=bfdMQ3OBxy8) |
| Шаттық шеңбері | Ал енді оқушылар орнымыздан тұрамыз. Сіздер бір-бірлеріңізді 7 жыл бойы жақсы танып білдіңіздер. Ендеше, бүгінгі шаттық шеңберіміз «Менің көршім қандай адам?» деп аталады. Шеңберде қастарыңызда тұрған көршілеріңіздің бойындағы қасиеттерін айтасыздар. |
| Топқа бөлу | Оқушыларды отыруына байланысты 4 топқа бөлінеді |
| Топтық жұмыс (постер қорғау) | I топқа: Интернет туралы түсіндіріп өту. (постермен жұмыс) Ол үшін төменде берілген ресурстарды I топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады. Интернет бүкіл ғаламдық тор. Ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі. Интернет ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол - бүкілғаламдық желі - Интернет деп санар едім. Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады. Содан соң ARPANET дамып-жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды». Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты. Бұл - жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз. |

II топқа: Интернеттің пайдасын түсіндіру (постермен жұмыс)

Ол үшін төменде берілген ресурстарды II топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады.

Интернеттің жеке-дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады

1. Алысты жақындату
2. Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру.
3. Сана-сезімді жоғарылату.
4. Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру.

5. Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру.

6. Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу.

7. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу.

8. Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету.

9. Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;

10. Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;

- Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;

- Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;

- Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға не сатуға;

- Қаржылық операциялар жасауға;

- «Mail.Ru Агент», «Facebook», «Skype» т.б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп-біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін емес... (материалдарды және моральді жағынан болсын).

. Интернеттен көптеген жапа шегеміз деп қол қусырып отыра берсек, оның мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. Интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Алдымен денсаулықты сақтауымыз керек деп жатырсыздар. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20-25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60-70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мән жазба, солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор.

Интернет - тиімді байланыс құралы. Көптеген мәліметтер жинақталған. Балама ақпарат көзін табуға болады. Мысалы: үкіметтік емес сайттар мен үкіметтік сайттар, ақпарат агенттігінің мәліметтері мен тәуелсіз басылым мәліметтері. Электронды пошта қызметі жылдам хабарласуға мүмкіндік береді.. Далада, күннің астында азып тозып асық, футбол, волейбол ойнағанша, интернет арқылы әр түрлі қызықты

ойындар ойнауға болады. Біздің өміріміз күнде бір жаңалықпен толығып отырады. Интернетті сол жаңалықтың ішіндегі ең озығы деуге де болар. Себебі, бір өзіне соншама ақпарды сиғызып, жан-жаққа лезде таратып тұру, әлемнің бір шетіндегі кісіні екіншісімен байланыстыру, керек болса, көзбе-көз әңгімелестіріп, бейнесін көрсету қандай жетістік десеңізші. Асыл тастан, өнер жастан-демекші, осылай жас-ұрпаққа интернетпен жұмыс жасауға, қажет мәселерін алуға жағдай жасалып отыр. Сондықтан қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, дені сау білімді, интернеттен юар керек мағұлматын жинап, Қазақстанға өз үлесін қосатын сауаты мол ұрпақ керек! Сондықтан интернет кімге де болсын өте қажет, оның пайдасы өте зор.!

III топқа: Интернеттің зиянын түсіндіру (постермен жұмыс)

Ол үшін төменде берілген ресурстарды III топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады.

Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл-қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу-баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы- ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы

Ендігі бір мәселе - Интернетке тәуелділік. Сағаттап, тіпті таңды-таңға ұрып, Интернетті қызықтайтындар да кездеседі. Бұл да бір есірткі құмарлық, нашаға тәуелділік сияқты нышанды байқатады. Адамның психикасына, денсаулығына кері әсер етеді. Осындай келеңсіз, жаныңды түршіктіретін ақпараттар интернетте орын алып жатса, оның жұртшылыққа пайдасынан гөрі зияны көп емес пе? Демек, Интернетті қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.

Енді компьютерлік ойындарға келсек, олардың қаншалықты зиянды екенін айта кетейік. Интернеттегі онлайн ойындары атыс-шабыс, тағы басқа қан төгу, жауыздық тақырыбында болады. Осы ойындарды бала ойнап, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздерімізде білесіздер. Ұдайы ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс-тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратын болады. Қалалы жерде ақша табу үшін компьютерлік ойындарды жарнамалап, оқушы балаларды өздеріне тарта бастап, жаман қылықтарға бағыттайды.

Интернет ойындарынан басқа да өзіміздің ұлттық ойындарымыз бар, соны неге ойнамасқа? Асық ойнау, күрес, қол күресі, волейбол, футбол сияқты көп ойындар бар. Біз бөлмеде тығылып компьютерлік ойынды ойнағанша, далада таза ауа жұтып, көпшілікпен көңіл көтеріп, денемізді шынықтырып, сау болғанымызға не жетсін.

Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар. Жаңағы өздерің айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады дейсіңдер. Міне, сол арқылы не бір ұятсыз көріністер көреді, интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үнілумен өткізеді. Ол неге үніле береді десең, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көз-қарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық-зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма? Әр нәрсе өз нормасынан асқан соң, жаманға айналады. «Сақтансаң сақтайды, сақтанбасаң сені құдай не қылады», демекші Шәкәрім атамыздың мына сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдім:

Сақтық-деген әрқашан байқап жүрмек,
Пайда не залал ма ескерілмек,
Көргенің естігенін есепке алса,
Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Сондықтан интернетті меңгеруіміз керек деп, интернетті білмеген заман көшінен қалды деп, таңертеннен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасымен қатар зияны да баршылық.

IV топқа: Интернетті қауіпсіз қолдану тәсілдері (постермен жұмыс)

Ол үшін төменде берілген ресурстарды IV топ оқушылары пайдалана отырып постермен жұмыстанады.

1. Таныс емес сайттарға бас сұқпаңыз.
2. Сізге пошта арқылы Word немесе Excel құжаты келсе (таныс адамнан келсе-дағы), оны ашпас бұрын, вирустардың бар-жоғына тексеріп алыңыз.
3. Егер таныс емес қосымша келер болса, оны іске қоспаңыз, дұрысы – жойып, себетті босатып қойыңыз.
4. Құпиясөзді еш уақытта ешкімге бермеңіз.
5. Құпиясөзді құрастырған кезде есте сақтап қалуға қиын сандардың және әріптердің жиынтығымен қолдануға тырысыңыз.
6. Интернет арқылы қарым-қатынас орнатқан кезде өзіңіздің жеке мәліметтеріңізбен қолданбаңыз, керісінше лақап атпен (никпен) қолданыңыз.
7. Үлкен адамдардың бақылауынсыз Интернетте танысқан адаммен кездесуге бармаңыз.
8. Егер Интернетте тіркеуден өту қажет болса, ол жерде жеке ақпаратыңыздың болмағанын қадағалаңыз.
9. Интернетте орналасқан ақпараттың барлығына бірдей сене бермеңіз.
10. Экранда маңызды мәліметтері бар компьютерді қараусыз қалдырмаңыз.

| | |
|---------------------------------|--|
| | 11. Маңызды мәліметтерді көпшілікке қолжетімді компьютерде сақтамаңыз. |
| <i>Ойтолғаныс Рефлексия</i> | <p style="text-align: center;">ИНТЕРНЕТ БАЛАЛАР ҮШІН НЕСІМЕН ҚАУІПТІ? ҚАУІП ТҮРЛЕРІ :</p>  <p>Осы берілген ақпаратқа сүйене отырып ой тұжырымдарыңды, түсінгендеріңді айтып берсеңдер. Сақ болайық, сақтанайық, сау болыңдар!</p> |

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағатының жоспары

Тәрбие сағаттың тақырыбы: «Қауіпсіз интернет».

Мақсаты:

Білімділік: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау;

Дамытушылық: Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру;

Тәрбиелік: Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;

Әдісі: сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдар, мультимедиа.

Тәрбие сағаттың түрі: түсіндіру /пікірталас/

Барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1.Шаттық шеңбері

2.Қызығушылық ояту (видео-ролик көрсету).

1. Мағынаны тану

а) жеке жұмыс (постер қорғау)

Қызығушылықты ояту (сауалнама).

- ғаламтор пайдаланып көрдіңіз бе?
 - ғаламтор балалар үшін қауіпсіз дегенге келісесіз бе?
- Балалар, бүгінгі сабағымыз тақырыбы қандай болмақ?

Мағынаны тану.

Мұғалім: ғаламтор туралы кіріспе.

Интернет бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі.

Интернет ұғымы ХХ ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкіл ғаламдық желі – Интернет деп санар едім.

Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ – тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып – жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды». Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1, 5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

II. Жеке жұмыс. Постер қорғау.

I–ші оқушы ғаламтордың пайдасы туралы айтады.

«Интернет керек, ол біздің өмірімізге қажет. Интернеттің пайдасы зор. Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық – коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Интернет мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20 – 25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60 – 70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба,

солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор

Интернет – тиімді байланыс құралы. Көптеген мәліметтер жинақталған. Балама ақпарат көзін табуға болады. Электронды пошта қызметі жылдам хабарласуға мүмкіндік береді. Біздің өміріміз күнде бір жаңалықпен толығып отырады. Интернетті сол жаңалықтың ішіндегі ең озығы деуге де болар. Себебі, бір өзіне соншама ақпарды сиғызып, жан – жаққа лезде таратып тұру, әлемнің бір шетіндегі кісіні екіншісімен байланыстыру, керек болса, көзбе – көз әңгімелестіріп, бейнесін көрсету қандай жетістік десеңізші.

Интернеттің жеке – дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады

1. Алысты жақындату
2. Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру.
3. Сана – сезімді жоғарылату.
4. Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру.
5. Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру.
6. Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу.
7. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу.
8. Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету.
9. Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;
10. Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;
 - Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
 - Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
 - Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға не сатуға;
 - Қаржылық операциялар жасауға;
 - «Mail. Ru Агент», «Facebook», «Skype» т. б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп – біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін емес.

II–ші оқушы галамтордың зияны туралы айтады.

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл – қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.


Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе – бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра – күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы – ұлттық, адами

қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы.

Енді компьютерлік ойындарға келсек, олардың қаншалықты зиянды екенін айта кетейік. Интернеттегі онлайн ойындары атыс – шабыс, тағы басқа қантөгу, жауыздық тақырыбында болады. Осы ойындарды бала ойнап, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздерімізде білесіздер. Ұдайы ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс – тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратын болады. Қалалы жерде ақша табу үшін компьютерлік ойындарды жарнамалап, оқушы балаларды өздеріне тарта бастап, жаман қылықтарға бағыттайды. Интернет ойындарынан басқа да өзіміздің ұлттық ойындарымыз бар, соны неге ойнамасқа? Асық ойнау, күрес, қол күресі, волейбол, футбол сияқты көп ойындар бар. Біз бөлмеде тығылып компьютерлік ойынды ойнағанша, далада таза ауа жұтып, көпшілікпен көңіл көтеріп, денемізді шынықтырып, сау болғанымызға не жетсін.

Күн сайын теледидар қарап отырып не бір түрлі келеңсіз жағдайларға кезігесің. Отбасымен ажырасу, жаман әрекеттерге бару. Қорлық – зомбылық, зорлық бұның бәрі қайдан шықты дейсіз? Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар. Жаңағы өздерің айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады дейсіңдер. Міне, сол арқылы не бір ұятсыз көріністер көреді, интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десен, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс – шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көз – қарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық – зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма? Әр нәрсе өз нормасынан асқан соң, жаманға айналады.

III. Қорытынды. Бір бірін бағалау арқылы сабақтың қорытындысын жасау. Өзін бағалау арқылы тақырыпты қалай түсінгенін анықтау.



Мен барлығын түсіндім. Өз ойын айту.



Мен түсіндім, бірақ кейюір сұрақтарым бар.



Мен көбін түсінген жоқпын.

Интернетте балалардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?

Мақсаты: Кәмелетке толмағандардың, педагогтар мен ата-аналардың назарына агрессивті интернет мазмұнының әсері проблемасын түсіну деңгейін арттыруға бағытталған ақпаратты жеткізу, Интернет ресурстарды қолдану мәдениетін, кәмелетке толмағандардың Интернетке кіру белсенділігін бақылауға қатысты Интернет-қызметтерді ересек қолданушылардың жауапкершілігін жоғарылату.

Интернет – бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір – бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі.

2. Интернетте балалардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз :

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес (7-10жас):

- Баланы өзіңіз рұқсат еткен сайттарға кіруге үйретіңіз.
- Балаға кіруге болмайтын сайттарды блокқа салып қойыңыз.
- Өзі туралы ақпарат беруде бала ата-анасымен кеңесетін болсын.
- Ата-ананың рұқсатынсыз бала ғаламтордан ештеңе жүктемеуі керек.
- Бұл жаста хабарламамен тез алмасатын (мысалы, , Skype) құралдарды

қолдануға рұқсат етпеңіз.

- Балаңызбен оның ғаламтордағы достары туралы сөйлесіп тұрыңыз.

- Баланы ғаламторда бірдеңе мазаласа, оны бірден сізге айтатын болсын.

Орта буындағы балалардың ата-аналарына кеңес (10-13жас)

- Өзі туралы ақпараттың құпиялығын баланың есіне салып отырыңыз;

•Ғаламтордан бағдарлама немесе файл жүктер алдында рұқсат сұрауға үйретіңіз;

•Баланы ғаламторда бірдеңе мазаласа, оны бірден ата-анасына айту керек;

•Балаңыздың электронды поштасымен танысуыңызға рұқсат беруін талап етіңіз;

•Балаға ғаламтордағы жауапкершілік пен өзін-өзі қалай ұстау керектігі жайында түсіндіріңіз.

Жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес(14-17жас)

•Балаңыздың қандай чат, әлеуметтік сайт, хабарландыру парақшаларын пайдаланып жүргенін бақылаңыз;

•Балаңыздың ғаламтор арқылы танысқан адаммен кездесуіне рұқсат бермеңіз;

- Өзің туралы ақпарат берудің құпия болудың мәнін түсіндіріңіз.

- Балаға спамнан қорғануға көмектесіңіз;

- Балаңыздың ғаламторды бұзақылық үшін пайдалануына жол бермеңіз;

•Жасөспірім балаңыз ғаламтор арқылы бір затты сатып алуда, сатуда сізбен ақылдасатын болсын;

•Балаңызбен құмар ойындарды және олардың зияны туралы талқылаңыз.

3. Киберқамқоршы (видео)

4. Сізге өз балаңызды қорғауға көмектесетін кейбір ұсынымдарды береміз:

1. «Интернетке балалармен бірге кіріңіз. Өз балаларыңызды сізбен интернетті игеру ісінде табыстарымен және сәтсіздіктерімен бөлісуге ынталандырып отырыңыз

2. Егер интернетте оларды бір нәрсе алаңдатса, оны жасырмай, өз алаңдаушылығымен сізбен бөлісіп отыру қажеттілігін түсіндіріңіз;

3. Балаға чатпен сөйлескен, хабарлармен тез алмасу бағдарламаларын пайдаланған кезде (ICQ, Microsoft Messenger және т.б.), онлайн ойындарды және тіркеуді қажет ететін басқа жағдайларды пайдаланған кезде шынайы есімін пайдалануға болмайтынын түсіндіріңіз, өз балаңызға ешбір жеке ақпараттан құралмайтын тіркеу есімін таңдауға көмек беріңіз;

4. Балаға өзінің жеке мәліметтерін, үй мекенжайы, телефон нөмірі, кез келген басқа ақпарат сияқты деректерді, мысалы мектеп нөмірі, сынып, сүйікті демалыс жері, үйге қайту уақыты, әкесінің немесе шешесінің жұмыс орны және т.б. айтуға болмайтынын түсіндіріңіз;

5. Балаңызға шынайы өмірде және интернетте дұрыс және теріс қылықтар арасында айырмашылықтар жоқ екендігін түсіндіріңіз;

6. Өз балаларыңызды интернеттегі әңгімелесушілерді құрметтеуге үйретіңіз. Олардың жақсы сөйлесу ережелері интернетте де, шынайы өмірде де бірдей әрекеттететінін түсінетініне көз жеткізіңіз;

7. Оларға интернеттегі достармен кездесудің қажеттігі жоқ екендігін айтыңыз. Себебі адамдар өздері көрсетіп отырған адам болмауы да мүмкін;

8. Балаларға интернетте оқи және көре алатынның барлығы да шындық еместігін түсіндіріңіз. Оларды күмән келтіретін нәрселері туралы сұрауға үйретіңіз;

9. Балаларды интернетте арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы бақылауды ұмытпаңыз. Бұл сізге зиянды мазмұнды сүзгілеп алуға көмек береді және сіздің балаңыз шын мәнінде қандай сайттарға кіретінін және онда не істейтінін анықтауға мүмкіндік береді.

10. Өз балаларыңыздың байланыс тізімін олардың бәрін білетініне көз жеткізу үшін және кіммен сөйлесетінін білу үшін тұрақты тексеріп отырыңыз;

11. Тізімге жаңа достарды енгізуге сұрауларды мұқият тексеріңіз. Интернетте адам өзі білдіріп отырған адам болмауы мүмкін екендігін есте сақтаңыз;

12. Балаңызды интернетпен байланысты кез келген қатерлер мен қауіптер туралы сізге хабарлап отыруға үйретіңіз.

13. Мерзімді түрде, ең жақсысы күн сайын Сіздің балаңыз қандай сайттарға кіргені туралы есептерді тексеріп отырыңыз.

14. Балаңыздан компьютерде болатын уақытша нормаларды сақтауын талап етіңіз;

15. Балаға сіз оны қалағандықтан емес, ал оның қауіпсіздігі туралы алаңдаушылықтан бақылайтыныңызды көрсетіңіз, оған әрқашан көмек беруге дайын екеніңізді көрсетіңіз;

16. 10 жасқа дейінгі балаларға өзінің жеке электронды пошта жәшігі болуына рұқсат бермеңіз, ал ата-ана хат алмасуды бақылау мүмкіндігіне ие болу үшін отбасы поштасын пайдалануға болады.

5.«Ата-аналық бақылау» Windows Vista-ға кірістірілген. Бұл компьютерді баланың төрт бағытта пайдалануына бақылау жасауға мүмкіндік береді:

- 1) Монитор экраны алдында өткізетін уақытты шектеу
- 2) Кейбір сайттарға қол жетімділікті жабу
- 3) Басқа интернет-сервистерге қол жетімділікті жабу
- 4) Кейбір ойындар мен бағдарламаларды жіберуге тыйым салу.

6.Балалармен жұмыс істейтін білім ұйымдарының мамандарына арналған ұсынымдар:

1. Бүгінгі күні балалардың кибер кеңістіктегі қауіпсіздігі үлкен проблема болып туындап отыр. Бұл қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін біз ең алдымен осы аймақты жақсы білуіміз қажет. Сондықтан да ең алдымен мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығының дәрежесін көтеру қажет етеді;

2. Мұғалімдерге өз сабақтарының шегінде заманауи ақпараттық технологияларды неғұрлым көбірек пайдалану керек және оқушыларға ол технологиялардың мүмкін боларлық теріс істері туралы сол кезден-ақ ескерту қажет;

3. Тәрбие жұмысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеуге көңіл бөлу қажет;

4. Медиа білім беру сабақтарын жүргізу керек, ол сабақтарды ақпараттық кеңістікте қауіпсіздікті сақтау бойынша ең қажетті білім беру қажет.

5. Ата-аналарға берілетін ұсынымдар тарауында берілген ұсынымдардың көбі балалармен жұмыс істейтін мамандарға да керек болуы мүмкін.

7.Қорытынды «Сақтансаң сақтайды, сақтанбасаң сені құдай не қылады», демекші Шәкәрім атамыздың мына сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдім:

Сақтық – деген әрқашан байқап жүрмек,

Пайда не залал ма ескерілмек,

Көргенің естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Интернет қолданушылардың 85% жасөспірімдер, ал 15% ата- аналар

8.Рефлексия

9.Сауалнамаға қорытынды:

Қазіргі заманғы интернет-технологиялар кеңістігінде кәмелетке толмағандардың психологиялық зорлық-зомбылығынан қорғау жөніндегі кешенді жұмыс бағдарламасы

«Кәмелетке толмағандардың кибермоббингі және кибербуллингi: араласу және алдын алу стратегиялары»

| № рр | Жұмыс бағыты | Жоспарланған шаралар | |
|--|---|---|---|
| | | Шаралар атауы | Жұмыс мазмұны |
| 1. Кәмелетке толмағандармен жұмыс | | | |
| 1. | Психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында кәмелетке толмағандармен, оның ішінде каникул уақытында психологиялық - ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. | Ағартушылық әңгіме Пікірталас | Әлеуметтік медиа: мифтер мен шындық. Мен сөйлесе аламын ба? Байланыс нақты және виртуалды. Қауіпсіз интернет ортасы. Мен және менің отбасым. Отбасылық құндылықтар. Жанжалдарды сындарлы шешу. Мен және менің әлемім. Мен ойнайтын ойындар. Ойындар нақты және виртуалды. «Жоқ» деп қалай айту керек және достарыңызды жоғалтпау керек? Дос-ол кім? Жәбірленуші - агрессор-қудалаушы: мен кімін? Қудалау: шеңберден қалай шығуға болады? |
| 2. | Психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында кәмелетке толмағандармен және кәмелетке толмағандарда агрессивті және құрбандық мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша профилактика субъектілерінің топтық және жеке жұмысын ұйымдастыру. | Қарым-қатынас клубы Кәмелетке толмағандарда моббинг пен буллингтен қорғау бойынша күресудің копинг-стратегияларын қалыптастыру тренингі. Жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлқтың алдын-алу бойынша психологиялық тренинг. | «Менің қарым-қатынасым әлемі» «Мен қалаймын, білемін, аламын!» «Мен, сен, ол – тату отбасы» |
| | | Жасөспірімдер арасында құрбандық мінез-құлқының алдын-алу бойынша психологиялық тренинг. | «Викторина» |
| 3. | Психологиялық қызмет | Шағын дәріс | «Сіздің денсаулығыңыз бен |

| | | | |
|-------------------------------|--|---|--|
| | бойынша мектеп базасында құқықтық және IT бағыттағы мамандарды тарта отырып, кәмелетке толмағандарды хабардар ету бойынша жұмысты ұйымдастыру. | Презентация Сұқбат | дамуыңызға зиян келтіретін ақпарат». «Кәмелетке толмағандарды қорғау туралы заң». «Сіздің қауіпсіз интернет кеңістігіңіз» |
| 2. Ата-аналармен жұмыс | | | |
| 1. | Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу мәселелерінде, оның ішінде Интернет-ресурстарды пайдалана отырып, психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында Ата-аналармен психологиялық-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. | Ағартушылық сұқбат Шағын дәріс | Әлеуметтік желілер: аңыздар мен шындық. Бала-ата-ана қарым-қатынасының мәселелері. Жасөспірімнің қарым-қатынасы нақты және виртуалды. Қауіпсіз интернет ортасы. Отбасылық құндылықтар. Балалармен қақтығыстарды сындарлы шешу жолдары. Кәмелетке толмағандардың компьютерлік және виртуалды тәуелділігі: себептері, қалыптасу шарттары және анықтау әдістері. Кәмелетке толмағандарда құрбандық мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері. Кәмелетке толмағандардың агрессивті мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері. Жасөспірімдер ортасындағы моббинг және қорқыту әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. |
| 2. | Психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында Ата-аналармен және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелерінде ата-ана құзыреттілігін арттыру және отбасы ішіндегі жанжалдардың алдын алу мақсатында алдын алу субъектілерімен топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру. | Ата-аналар лекторийі Ата-аналарға арналған қарым-қатынас клубы Ата-аналарға арналған пікірталас | «Баланы интернет кеңістігінде зорлық-зомбылықтан қалай қорғауға болады» «Біз біргеміз» «Табысты ата-ана» |
| 3. | Кәмелетке толмағандардың дербес деректерін, оның ішінде зиян келтіретін ақпараттан қорғау мәселелерінде құзыреттілікті арттыру мақсатында психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында және профилактика | Шағын дәріс Презентация | «Баланың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпарат». «Баланы кибершабуылдан қалай қорғауға болады». «Қазақстан Республикасының балаларды дәстүрлі отбасылық құндылықтарды теріске шығаруды насихаттайтын ақпараттан қорғау |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | субъектілерінде құқықтық және IT бағыттағы мамандарды тарта отырып, ата-аналарды ақпараттандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. | Сұқбат | жөніндегі кейбір заңнамалық актілері». «Баланы дамыту, қарым-қатынас жасау және оқыту үшін қауіпсіз интернет құру» |
| 3. Алдын алу субъектілерінің мамандарымен жұмыс | | | |
| 1. | Интернет - кеңістікті пайдалана отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу, профилактика субъектілерінің базаларында мамандармен психологиялық-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. | Сұқбат Шағын дәріс | «Баланы кибершабуылдан қалай қорғауға болады». «Баланы мектептегі қудалау: себептері, шарттары, анықтау әдістері» Кәмелетке толмағандарда құрбандық мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері. Кәмелетке толмағандардың агрессивті мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері. «Мұғалімдердің кибербуллингті: себептері мен қорғау тәсілдері». Жасөспірімдер ортасындағы Моббинг және қорқыту әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. «Кибербуллинг феномені және оның әлеуметтік алдын алу» Кәмелетке толмағандарда Интернетке тәуелділікті анықтайтын психологиялық маркерлер. Кәмелетке толмағандардағы құрбандық мінез-құлқын анықтайтын психологиялық маркерлер. Кәмелетке толмағандардың мінез-құлқындағы моббинг және буллинг белгілерін анықтаудың психологиялық маркерлері. |
| 2. | Интернет - кеңістікте зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандармен және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және оның мазмұны мәселелерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша профилактика субъектілерінің мамандарын әдістемелік сүйемелдеу. | Шеберлік сыныбы Кәсіби шеберлік тренингі Тәжірибеге бағытталған семинарлар | «Кәмелетке толмағандар арасындағы кибербуллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша әлеуметтік жарнаманы әзірлеу технологиялары». «Құрдастарымен, оның ішінде интернет-кеңістікте тиімді қарым-қатынас жасау бойынша кәмелетке толмағандармен мотивациялық жұмыстың психологиялық-педагогикалық технологиялары». «Кәмелетке толмағандармен тиімді қарым-қатынас» |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | <p>Дөңгелек үстел</p> <p>Қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары</p> | <p>«Кәмелетке толмағандар арасындағы жанжалды жағдайларды шешудің тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдері».</p> <p>«Оқушылар ұжымындағы Кибермоббинг және кибербуллинг: кәмелетке толмағандарды заманауи коммуникациялық технологиялар кеңістігіндегі құрдастарының агрессиясынан қорғау тәсілдері».</p> <p>«Кәмелетке толмағандар арасындағы психологиялық қысымды тану технологиялары».</p> <p>«Кибербуллинг: кәмелетке толмағандарды интернет-кеңістікте қудалаудан қорғау мәселелері».</p> <p>«Кәмелетке толмағандар арасында кибермоббинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша әлеуметтік-педагогикалық қолдау және психологиялық - педагогикалық технологиялар». (72 сағат)</p> |
|--|--|---|---|

Қаржыландыру көздері:

бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат.

Волонтерлерді, қоғамдық ұйымдарды, бала құқықтарын қорғау органдарын, алдын алу субъектілерін тарту.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама 7 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын, балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер мен мамандарды интернет-кеңістікте кәмелетке толмағандар арасындағы психологиялық қысым жағдайларын тану және жою әдістеріне оқытуға бағытталған.

Бағдарлама 7 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын, балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер мен мамандарды интернет-кеңістікте кәмелетке толмағандар арасындағы психологиялық қысым жағдайларын тану және жою әдістеріне оқытуға бағытталған.

Кибермоббинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында кәмелетке толмағандарда агрессиялық және құрбандық мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша кәмелетке толмағандармен топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру көзделген.

Кәмелетке толмағандардың қарым-қатынас клубтарына, тренинг бағдарламаларына қатысуы: моббинг пен буллингтен қорғау бойынша коппинг-стратегияларды қалыптастыру, жасөспірімдер арасында агрессиялық

мінез-құлықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында құрбандық мінез-құлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандарда моббинг пен буллингтен қорғаудың тиімді дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, құрдастарымен жанжалсыз тұлғааралық өзара іс-қимылды үйретеді, қатысушылардың агрессиялық мінез-құлқын түзетуге мүмкіндік береді.

Интернет-кеңістікте зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандармен және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және оның мазмұны мәселелерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша профилактика субъектілерінің мамандарын әдістемелік сүйемелдеу жеке блок болып табылады. Кәсіби шеберлік тренингтерінің бағдарламаларынан, практикаға бағытталған семинарлардан, шеберлік сыныптарынан өту, дөңгелек үстелдерге қатысу мамандарды агрессияның себептері мен салдарларымен, «моббинг» және «буллинг» ұғымдарының айырмашылықтарымен және оларды қалыптастырудың негізгі фазаларымен таныстыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қатысушыларға кәмелетке толмағандар арасында әлеуетті мобберлер мен буллерлерді, сондай-ақ олардың құрбандарын ерте анықтаудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын зерделеу мүмкіндігі беріледі.

Бағдарламаға қатысу кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін мамандарға бингке қарсы және буллингке қарсы бағдарламаларды енгізу тәжірибесімен танысуға көмектеседі. Қазіргі заманғы коммуникациялық технологиялар кеңістігінде зорлық-зомбылықтан қорғау және құқықтық және IT бағыттағы мамандарды тарта отырып, баланың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерінде кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын хабардар ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру маңызды сәт болып табылады.

«Қауіпсіз Интернет» тақырыбы бойынша сабақтың жоспары
(9–11 сынып)

Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмаған студенттер мен тәрбиеленушілерге ақпараттық және телекоммуникациялық ортада жауапкершілік пен қауіпсіз мінез –құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- пайдаланушылардың Интернеттегі қауіпсіз жұмыс туралы хабардарлығын зерттеу;
- интернетте қауіпсіз жұмыс жасау ережелерімен танысу;
- ақпараттық кеңістікті бағдарлау; online–технологияларды жауапкершілікпен қолдануға көмектесу;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, web–ресурстарды пайдалана отырып, қажетті ақпаратты өз бетінше таба білу;
- желіде жұмыс істеу кезінде тәртіптілікке тәрбиелеу.

Білім алушылар білуге тиіс:

- Интернет желісіндегі ақпараттық қызметтердің тізімін;
- Интернетте қауіпсіз жұмыс жасау ережелерін;

- жаһандық компьютерлік желінің қауіптілігі.
- Оқушылар білуі керек:
- онлайн–технологияларды қолдануға жауапкершілікпен қарау;
- веб –браузермен жұмыс жасау;
- ақпараттық ресурстарды пайдалану;
- Интернеттен ақпаратты іздеу.

Сабақтың түрі: жаңа материалды меңгеру сабағы.

Оқытудың әдістері мен формалары: ауызша (пікірталас, әңгіме), бейне әдіс, көрнекі (демонстрациялық), практикалық; ішінара ізденіс, проблемалық, қызығушылықты ынталандыру әдісі; оқытудың интерактивті түрі (пікір алмасу, ақпарат алмасу).

Web–ресурстарға сілтемелер:

Пайдалы сілтемелер:

- 5) <http://www.kaspersky.ru> – антивирус «Касперский лабораториясы»;
- 6) <http://www.onlandia.org>. – қауіпсіз web–зона;
- 7) <http://www.interneshka.net> – Интернетті қауіпсіз пайдалануға арналған халықаралық онлайн–конкурс;
- 8) <http://content-filtering.ru> – Интернет БАҚ «Сіздің жеке интернетіңіз».

интернетіңіз».

Сабақ кезеңдері:

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Сабақтың мақсатын қою.

Бейнеролик қарау

http://video.mail.ru/mail/illari.sochi/_myvideo/1.html.

Тақырыпты бекіту және сабақтың негізгі сұрағы.

2. Жаңа материалды меңгеру. Топтық талқылау. Мәселені теориялық камту (білім алушыларға хабарлама).

3. Практикалық жұмыс. Ақпаратты Интернеттен іздеу. Табылған материалды талқылау.

4. Оқыған материалды бекіту. Қауіпсіз жұмыс ережелері бойынша ұсыныстар. Тестілеу.

5. Сабақты қорытындылау. Топтың жұмысын бағалау. Үй жұмысы.

Сабақ барысы

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Сабақтың мақсатын қою.

Жаһандық желінің дамуы біздің әдеттегі өмір салтымызды өзгертті, біліміміз бен тәжірибеміздің шекарасын кеңейтті. Енді бүкіл әлем бойынша миллиондаған компьютерлерде сақталған кез келген ақпаратқа қол жеткізуге болады. Бірақ екінші жағынан, миллиондаған компьютерлерге сіздің компьютеріңіз қолжетімді болып отыр. Олар бұл мүмкіндікті пайдаланатынына күмәніңіз болмасын. Дәл қазір бастайды.

(«Балалар мен интернет» бейнеролигін қарау – 1 мин. (таңдау бойынша).

32 (<http://www.youtube.com>); YouTube <http://www.youtube.com> сайтында қалай қауіпсіз болу керек. Интернеттегі ойын–сауық және қауіпсіздік <http://www.youtube.com/>. Интернеттегі алаяқтықтан сақ болыңыз <http://www.youtube.com/>. Әлемге Gmail көзімен – Спамнан қорғану).

Қалай Интернеттің құрбаны болмау керек? Біздің сабақтың тақырыбы – «Қауіпсіз Интернет». Сабақтың негізгі сұрағы:

1. Желіні қалай қауіпсіз етуге болады?
2. Жаңа материалды меңгеру. «Қолдаймын немесе қарсымын» ойыны.

Мұғалім «Қолдаймын немесе қарсымын» ойынын ұсынады. Слайдта бірнеше мәлімдемелер бар. Қарама–қарсы көзқарасты көрсететін дәлелдер келтіруге тырысыңыз.

1. Интернетте қашықтықтан білім алудың шексіз мүмкіндіктері бар. Бұл да жақсы!

2. Интернет – жаһандық жарнама ресурсы. Бұл да жақсы!

3. Интернет желісіндегі байланыс – бұл жаман, себебі ол шынайы виртуалды байланыстың орнын жиі алмастырады.

4. Интернет – күшті антидепрессант болып табылады.

5. Интернетте адам туралы ақпаратты білуге болады (тұрғылықты жері мен электронды поштасы, ұялы телефон нөмірі). Бұл да жақсы!

Виртуалды кедергілер

Мұғалім оқушыларды «Бізді қандай қауіп күтіп тұр?», «Біздің жолымызда қандай виртуалды кедергі бар?» секілді сұрақтарға жауап беруге шақырады. («Интернет–тәуелділік», «Зиянды және қажетсіз бағдарламалар», «Интернет арқылы адамға психологиялық әсер ету», «Қажет емес мазмұндағы материалдар», «Интернет–алаяқтар» тақырыптары бойынша бірнеше білім алушы алдын ала қысқа хабарламалар дайындағаны жөн).

«Қол алысуды жина» сергіту сәті.

Қатысушылар 10 секунд ішінде неғұрлым көбірек адамдармен қол алысып үлгеру керек.

Талқылау.

Кім қанша адаммен амандасып үлгерді? Кімде психологиялық ыңғайсыздық туындады? Егер болса, ол қандай нәрсемен байланысты?

Жағдайды талдау.

Ғаламторда сөйлескен кезде біз әлеуметтік желілерімізге бейтаныс адамдарды қосып, олармен жиі араласамыз. Біз олар туралы ештеңе білмейміз, тек олардың атын ғана білеміз. Біз атынан немесе қол алысудан адам туралы қаншалықты көп ақпаратты біле аламыз? Дегенмен, жанымызда тыңдауға, қолдау көрсетуге, қиын уақытта көмектесуге дайын адамдар бар екенін білу өте маңызды.

Мұғалім сабақтың – «Желіде жұмыс істеуді қалай қауіпсіз ету керек?» деген негізгі сұрағына жауап беруді ұсынады.

2 Практикалық жұмыстар.

Не нәрсе рұқсат? Нені жасауға болмайды? Не нәрсеге сақтықпен қарау керек?

Білім алушыларға <http://content-filtering.ru/>; <http://www.microsoft.com/>; <http://www.youtube.com/> ресурсын қарау ұсынылады.

Мұғалім бұл туралы web–парақшаларда не оқуға болатынын сұрайды және оқушылардан қауіпсіз жұмыс ережелерін құрастыруды сұрайды.

Түйіндеме (табылған ақпаратты талқылау). Оқушылар веб–сайттарға кіру кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін таңдады?

4. Оқыған материалды бекіту.

Интернет – адамдардың өзара қарым–қатынасының жаңа ортасы. Онда бұрыннан адамдарға белгілі көптеген ережелер мен үлгілер жаңа сипатқа ие болады.

Өзімізге белгілі сипаттарды пайдалана отырып, бірнеше қарапайым нұсқауларды тұжырымдаймыз.

Заманауи Интернет – бұл кең ауқымды ғана емес, сонымен қатар құрылымданатын орта! Бұл ол жерде өз кеңістігін реттей алатын және оны басқаруды үйренетіндер үшін жақсы. Блогқа өз әсерлеріңізді жазыңыз, фотосуреттеріңіз бен бейнелеріңіздің галереяларын жасаңыз және сенетін адамдарды достар ретінде қосыңыз. Содан кейін, интернетті мәнсіз шарлай берудің орнына, сіздің Интернет байланысыңыз пайда әкеледі.

Рефлексия. Бұл кезеңде Интернет қауіпсіздігі сабағын түгендеу ұсынылады: үстелде үш смайлик жатыр, білім алушылар оқушының көңіл–күйіне сәйкес келетінін таңдап, олардың алдына қою керек.

Есіңізде болсын, Интернет оқу, демалу немесе достармен сөйлесу үшін тамаша және пайдалы орта болуы мүмкін. Бірақ – нақты әлем сияқты – Интернет те қауіпті болуы мүмкін!

Оқушыларды бағалау.

Үй тапсырмасы туралы ақпарат, оны орындау туралы нұсқаулар:

1. «Ақпараттық қауіпсіздік» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. «Менің қауіпсіз желім» ақпарат парағын жасаңыз.

«Қауіпсіз Интернет» тақырыбы бойынша білім алушылардың қорытынды сауалнамасының үлгі материалдары

1. Өз жасыңызды көрсетіңіз _____
2. Интернет деген не? _____
3. Интернетте қандай қауіптер бар? _____

4. Интернетті пайдалану қауіпсіз, егер: жауаптар тізімінен бір немесе бірнеше нұсқаны таңдасаңыз

а) компьютеріңізді қорғаңыз, желіде өзіңізді қорғаңыз, ережелерді сақтаңыз

ә) жеке ақпаратты жария ету, басқаларға қамқорлық жасау, операциялық жүйені жүйелі түрде жаңарту

б) компьютеріңізді қорғаңыз, құжаттардың сақтық көшірмелерін жасаңыз, тіпті Интернетте де заңға бағыну керек

5. «Интернетте өзіңізді қалай қорғауға болады?» жауаптар тізімінен бір немесе бірнеше нұсқаны таңдаңыз

а) компьютерді қорғау, белгісіз адамдармен танысу шеңберін кеңейту
ә) мүмкіндігінше өзі туралы аз ақпарат беруге тырысу
б) өзінің, достарының мен туыстарының суреттерін орналастыру
6. «Мен компьютерімді қалай қорғаймын?» жауаптар тізімінен бір нұсқаны таңдаңыз

- а) сөндіріп, шкафқа жасыру
- ә) антивирустық бағдарламаны орнату

7. «Антивирустық бағдарлама тиімді болуы үшін не істеу керек?» жауаптар тізімінен бір немесе бірнеше нұсқаны таңдаңыз.

- а) антивирустық бағдарлама болмағаны дұрыс
- ә) антивирустық мәліметтер базасын жаңарту
- б) сайт қорғалған деген сенімділігі жоқ сайттарға кірмеу

8. «Қауіпті бағдарламаларды кім жасайды?» жауаптар тізімінен бір немесе бірнеше нұсқаны таңдаңыз

- а) құпия билеуші
- ә) хакерлер
- б) тыңшылар
- в) өлім тілегіштер

9. «Интернеттегі мінез–құлық ережелерін түгендеңіз» Егер сіз бұл сұрақтың жауабын білмесеңіз, онда «Жауап жоқ» деп жазыңыз. _____

10. «Сіз үшін «Қауіпсіз Интернет» дегеніміз не?» егер сіз бұл сұрақтың жауабын білмесеңіз, «Жауап жоқ» деп жазыңыз. _____

«Интернет желісіндегі қауіпсіздік негіздері» атты дөңгелек үстел

Интернет желісінде жұмыс істеу ережелері:

1. Бейтаныс сайттарға кірмеңіз.
2. Word немесе Excel файлы сізге пошта арқылы, тіпті таныс адамнан келсе, оны ашпас бұрын, онда вирустың бар-жоғын тексеріңіз.
3. Егер сіз бейтаныс қосымшаны алсаңыз, ешбір жағдайда оны іске қоспаңыз, керісінше, бірден жойып, кәрзеңкені босатыңыз.
4. Құпия сөзіңізді ешқашан ешкімге жібермеңіз.
5. Құпия сөздер үшін есте сақтау қиын сандар мен әріптерді қолдануға тырысыңыз.
6. Интернетте сөйлескенде, жеке деректеріңізді көрсетпеңіз, бүркеншік атты (лақап атты) қолданыңыз.
7. Ересектердің бақылауынсыз, интернеттен танысқан адамдармен ешқашан кездеспеңіз.
8. Егер желіде тіркелу қажет болса, онда олар оны жеке ақпарат көрсетілмейтіндей етіп жасауы керек.

9. Қазіргі уақытта сайттардың мазмұнын сүзетін көптеген бағдарламалар бар. Сайттардың мазмұнын бірге көру үшін отбасы мүшелерінің арасында сенімді қарым-қатынас болуы керек.

10. Интернетте жарияланған барлық ақпаратқа сенуге болмайды.

11. Экранда маңызды ақпарат бар компьютерді қараусыз қалдырмаңыз.

12. Немқұрайды қараудан сақ болыңыз.

13. Жалпыға ортақ компьютерде маңызды ақпаратты сақтамаңыз.

«Ғаламтор және әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны»

Мақсаты:

- Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты ақпарат жинақтау. Білімгерлердің алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп, тексере отырып қорытындылау;

- Білімгерлер өз ойларын тиянақты жете айта біліп, өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;

- Білімгерлерге интернет туралы толық ой қалыптастыру, білімгерлерді тапқырлыққа, ізденімпаздыққа шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру;

Тәрбие сағатының түрі:дебат/пікірталас/

Көрнекілігі: интерактивті тақта, тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдар, мультимедиа құралдары.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Сәлемдесу

Мейірімді жүрекпен,

Ақпейілді тілекпен,

Амандасып алайық,

Бір жадырап қалайық!

Дүниедегі құбылыстың мәнін де, интернеттің, жаңалықтың бәрін де мүмкін емес информатикасыз түсіну, Компьютер дүние кілті бүгінде - демекші, заман талабына сай әрбір адам компьютер мен интернеттің қыр сырын білгенге не жетсін.

Бүгінгі «Интернеттің пайдасы мен зияны» атты /пікірталас дебат/ ойын сабағына Т-18-9 оқу тобынан құралған «Google» тобы жақтаушы және «YANDEX» даттаушы топтары қатысып отыр.

«Пікірталас шарттары» VI кезеңнен тұрады:

I. Интернет туралы қысқаша шолу

II. Командалардың атын таныстыру

III. «Компьютердің пайдасы мен зияны» (пікірталас) ойыны

IV. Сұрақ жауап кезеңі. Екі топ өзара сұрақ алмасады.

V. Қорытынды сөз

VI. Марапаттау рәсімі

I. Бұл әлемде интернетке кірмейтін адам мыңның бірінде ғана шығар. Бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың 90%-ға жуығы интернетке кіреді. Яғни

интернеттің маңызы зор. Интернетсіз адам өмірін елестету өте қиын. Күн өткен сайын адамдар интернетке тәуелді болып барады. Адамзат баласы кем дегенде күніне 1 сағатын Интернетте өткізетіні белгілі.

Өзара байланыстырылған миллиондаған компьютерден құралған біртұтас ақпараттық кеңістікті Интернет деп атайды. Интернет – ағылшынша Internet – желі аралық байланыс дегенді білдіреді. Ол бүкіл жер шары бойынша ақпарат ағынын таратуды қамтамасыз ететін желілер жиынтығы.

Интернеттің қызметтері:

1. Интернет поштасы.
2. Телеконференциялар.
3. Web (WWW) қызметі.


Интернет бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір–бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі.

Интернет ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкілғаламдық желі – Интернет деп санар едім.

Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан .ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып – жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды». Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1, 5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

1970 жылдары Internet (желілер желісі) – желілерді біріктіру термині пайда болды. Негізінде Интернеттің нағыз Интернетке айналуы 1982 ж. Желілердің физикалық негізі болып табылатын TCP/IP протоколы (хаттамасы) бекітілген соң ғана жүзеге асырылды. 2001 ж. деректерге сүйенсек, желілер географиясы дүниедегі 230 елді қамтиды екен. 1993-1996 жылдар аралығында жыл сайын Интернетке қосылушылар саны 3 есе өсіп отырды. 1997 ж. бастап бұл көрсеткіш жыл сайын – 1,5 есеге өсіп келеді.



<http://www.google.com> – GOOGLE, ақпараттық іздестіру жүйесі 1999 жылы қыркүйек айында ашылған. Көптеген тілдерде сонымен қатар орыс тілінде, ақпарат іздеу мүмкіндігі бар.



<http://www.yahoo.com> – Yahoo – тез іздестіретін анықтамалықтардың бірі. Ақпараттарды жеке сөздер бойынша немесе классификатор бойынша іздеу мүмкіндігін береді.

<http://www.aport.ru> – Апорт – ақпараттық іздестіру жүйесі алдыңғы қатардағы іздестіру жүйесіне кіреді. Бүгінгі күндері мәліметтер көлемін 20 млн индекстелінген құжаттар құрайды. Жүйеде іздестірудің кең спектрлі мүмкіндіктері бар. Онда қарапайым және кеңейтілген іздестіру мүмкіндіктері ұсынылады. Ақпараттарды, ағылшын және орыс тілінде іздеуге болады.

<http://www.yandex.ru> – Яндекс – ақпараттық іздестіру жүйесі 1997 жылы ашылған. Бүгінгі күндері базадағы индекстелінген құжаттар көлемі 33 миллионға жуық. Ақпараттық іздестіру жүйесі логикалық операторлармен белгіленген өзінің меншікті жүйесін қолданады, сонымен қатар көптеген түрлі іздестіру функцияларын ұсынады.

<http://www.rambler.ru> – Rambler – іздестіру жүйесінде Россияның және ТМД елдеріндегі серверлерде орналасқан 12 миллионға жуық мәліметтер индекстелінген.

Қазақ телеком ұсынған тариф – Megaline. 2006 жылдан бастап қолданылады. Жылдамдығы: 128 – 256 Кбит/с



Психологиялық тренинг

Шарты: Сайысқа қатысып отырған топ студенттері өздеріне қалаған түстерін таңдайды. Сіздің таңдаған түстеріңіз сіз туралы көп мәліметті беріп тұрады.



Қиялға бай, сенімді, қайсар, болашақтан көп үміт күтетін адамдар тұрақты адамдар.




Шатшаң мінезді, жұмсақ, жүректі, жұмысты дәл кезінде орындайтын, тәуекелшіл, қарсыласуға дайын тұратын адамдар




Қайсар мінезді, жұмсақ жүректі, ақкөңіл, қарапайым, қайырымды адамдар. Олар сенімді, тұрақты адамдар.

II. Командалардың аты мен эмблемасы



Екі топтың аты мен эмблемасы



III. «Компьютердің пайдасы мен зияны» (пікір - талас) ойыны
«Google» тобының спикері: Таңатар Жасұлан

Армысыздар құрметті көрермен, менің қарсыластарым! Біз бүгінгі дебатта сіздердің сұрақтарыңызға барынша жауап беруге тырысамыз. Біздің ұстанып отырған позициямыз «Интернет керек, ол біздің өмірімізге қажет» Интернеттің пайдасы өте зор. Алдымен интернетке анықтама берейік. Интернет бүкіл ғаламдық тор. Ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі.

Интернет ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкіл ғаламдық желі - Интернет деп санар едім. Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады. Содан соң ARPANET дамып-жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды. Бұл күнде Интернетті тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуға деген сөз.

«Yandex» тобының спикері: Алпысбаев Талғат

Армысыздар! Біздің қарсыластарымыз «Интернет керек, ол біздің өмірімізге қажет. Интернеттің пайдасы зор» деп жатыр. Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады. Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл-қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу-баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы- ұлттық, адами

қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы. Тыңдағандарыңызға рахмет.

«Google» тобының спикері: Сақтаған Марат

Интернеттің жеке-дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады

1. Алысты жақындату
2. Қоғамға (адамға) байланысты мүмкіншіліктерді арттыру.
3. Сана-сезімді жоғарылату.
4. Ізденіс талпынысқа қашықтықтан оқу бағдарламаларына сұранысты арттыру.
5. Қажеттілікті толығымен қанағаттандыру.
6. Дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде бәсекелесу.
7. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан сол сәтте хабардар болу.
8. Халықтарға түрлі жолдармен көмек көрсету.
9. Интернет арқылы мәтінді, хабарламаны, құжаттарды, фото, аудио, видео материалдарды қабылдап алуға не керісінше жіберуге болады;
10. Күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын бүкіл әлем жаңалықтарымен танысып отыруға;

- Кез келген тақырыпқа қатысты материалдар, анықтамалар алуға;
- Қашықтықтан оқуға, яғни үйде отырып білім алуға;
- Қызмет түрлерін ұсынуға, тауар сатып алуға не сатуға;
- Қаржылық операциялар жасауға;
- «Mail.Ru Агент», «Facebook», «Skype» т.б. арқылы реалды уақытта тіл қатысуға да, бейнебайланыс орнатуға да болады. Бұдан өзге біз біліп-біле бермейтін жаңа көкжиектерін айтып тауысу мүмкін емес... (материалдарды және моральді жағынан болсын).

Интернеттен көптеген жапа шегеміз деп қол қусырып отыра берсек, оның мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. Интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Алдымен денсаулықты сақтауымыз керек деп жатырсыздар. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20-25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60-70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз.

Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба, солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор.

Назарларыңызға рахмет.

«Yandex» тобының спикері: Серікбай Аружан

Интернетті дұрыс мақсатқа пайдалансаң, ісің де оңынан болады, құлашың да кеңге жайылады. Ал егер теріс бағытқа, пайдакүнемдікке, қарау ойлы мақсатқа, т.с.с. жасөспірімдерді аздыруға қолдансаң, оның жайы бір басқа. Яғни терроршылдық, экстремистік, дінбұзарлық, қоғамға жат сананы насихаттау секілді әрекеттер үшін Интернетке цензура енгізу қажет-ау деп ойлайсың... Бірақ ең демократияның орнаған саласы – осы ғаламтор екенін интернетті қолданушылар жақсы түсінеді. Өйткені, мұнда қандай ой, пікір айтсаң да, қалай айтсаң да, тек өзіңе, адамгершілік арыңа сын.

Ендігі бір мәселе – интернетке тәуелділік. Сағаттап, тіпті таңды-таңға ұрып, Интернетті қызықтайтындар да кездеседі. Бұл да бір есірткі құмарлық, нашаға тәуелділік сияқты нышанды байқатады. Адамның психикасына, денсаулығына кері әсер етеді. Осындай келеңсіз, жаныңды түршіктіретін ақпараттар интернетте орын алып жатса, оның жұртшылыққа пайдасынан гөрі зияны көп емес пе? Демек, Интернетті қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.

«Google» тобының спикері: Сұлтан Темір

4. Педагогтерге: оқушыларды мазасызданудан арылту бойынша психологиялық кеңес беру.

1. Жоғары мазасыз балалар тобына ерекше назар аудару керек. Олармен қарым-қатынаста психологиялық жарақат әкелетін сыни пікірден, ескертуден, олардың тұлғасын жағымсыз бағалаудан аулақ болыңыз. Олармен оқу мен өзара әрекетте жеке даралық ұстанымы тұрғысынан қарым-қатынасқа түсу қажет.

2. Сабақтан тыс шараларда эмоционалдық қысымды азайтуға және балалар ұжымын нығайтуға, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмысты ұйымдастырған жөн.

3. Шаршауды болдырмау үшін жағдай жасау: қимыл және эмоционалдық босансуға бағытталған жаттығу элементтерін сабақта қолдану,

оқу жүктемесі мен үй тапсырмасының көлемін бөліктерге бөлу іс - әрекеттің жиі ауысуына әкеледі.

4. Мазасыздану деңгейі жоғары балалар тыныш, әрі қалыпты ахуалда табысты жұмыс істейді, керісінше жағымсыз ахуалда: уақыт тапшылығында, жедел жауап беруді талап ететін сұрау кезінде сәтсіздікке жиі ұшырайды. Сондықтан балалармен жұмыста қолайлы психологиялық ахуалды орнату қажет.

5. Ата-анаға баланың зейін ерекшеліктерін дамыту жайлы кеңес беру

Бастауыш сынып оқушысының оқудағы жетістігі мен табыстылығы тікелей баланың зейін қасиетімен байланысты. Балалардың зейінін жаттықтыруда келесі ережелерді ескеру керек:

Бірінші ереже: Баланың ақыл-ой жұмысының әр сағатында 5-10 минут дене жаттығуын, кішігірім массаж, көзге гимнастика жасатып отырған жөн.

Екінші ереже: кейбір балалар кез - келген жағдайда жұмыс істей береді, бірақ балалардың басым көпшілігіне сыртқы ықпалдар да өте маңызды: тыныштық, жұмыс столының үстіндегі заттардың жинақы тұруы, жарықтың дұрыс түсуі, жұмыс істеу қалпының дұрыс болуы.

Үшінші ереже: ақыл-ой жұмысына қолайлы уақыт мезгіліне бағдарлану. Көптеген зерттеулерге сүйенсек адамның жұмыс белсенділігі 5, 11, 16, 20 және 24 сағатқа келеді екен. Осы кезеңдерде зейін тұрақтылығы жоғары дәрежеге көтеріледі.

Төртінші ереже: 6-7 жастағы балалардың зейіні тұрақсыз болып келеді, бала ұзақ уақыт бойы бір затқа немесе іс - әрекетке назар салып тұра алмайды. Бала зейінін тез аударады, себебі қозу тежелуден басым болады. Сондықтан баланың зейінін аудару үшін ашық, қызықты заттар, ғажайып құбылыстар пайдалану керек.

Ақпараттық сауаттылық – бүгінгі заман талабы
 Керханабаева Шолпан Сейтжапарқызы,
 Педагог-психолог және Өзін-өзі тану пән мұғалімі, №13 Аркадий Гайдар
 ат. орта мектеп, Жуалы ауданы, Жамбыл облысы

Мақсаты: Психологиялық деңгейде ұстаздардың ақпараттық технологияны пайдалануы туралы толығырақ мәлімет алу, мотивациялық белсенділігін арттыру.

Жеке бас дамуына көңіл бөлдіру, жаңа білімді қалыптастыру өз міндеті деп санауға жаттығу деңгейінде меңгерту.

Жұмысты жүргізу әдісі: тренинг.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, плакаттар, бояулар, ақ парақтар, әуендері бар диск.

Техникалық құралдар: компьютер.

Жүргізілу барысы:

Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар!

«Ақпараттық сауаттылық – бүгінгі заман талабы» атты тренингімізге қош келдіңіздер! Бұл кездесудің мақсаты- ақпараттық технология және оны пайдалану туралы толығырақ мәлімет алу.

I. «Танысу» жаттығуы.

Мақсаты: топтағы психологиялық ахуалды орнату.

Психолог-жүргізуші: әр қатысушы өзінің есімін айтып, табиғаттың бір құбылысымен салыстырады: «Менің есімім Шолпан, мен көктемгі жылы жаңбырмын».

- Өздеріңізге салыстыру табу қиын болды ма?

II. Ширату- энержайзер.

Нұсқау: қазір сіздер ақ параққа 1,2,3,4,5 деген нумерация қойып шығасыздар. Әр жолға сізге ұнайтын әндердің атын жазып шығыңыздар.

Нәтиже:

1 – бұл сіздің қазіргі өмір жағдайыңыз;

2 – бұл 2 жылдан кейінгі өмір жағдайыңыз болуы мүмкін;

3 – бұл 5 жылдан кейінгі өмірлік деңгейіңіз;

4 – бұл 25 жылдан кейін, не болмаса сәйкес келсе күміс тойларыңыздың қарсаңындағы өмір жағдайыңыз;

5 – бұл 50 жылдағы, алтын той қарсаңындағы өміріңіз.

Әрине бұл қалжың- шыны бар аралас тесті.

Дегенмен, кім өз ойымен бөліскісі келеді? Кімде қандай сәл де болса сәйкестік болды?

III. «Ой қозғау»

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет». Н. Назарбаев.

Жыл өткен сайын технологиялық деңгейдегі педагогтар саны артып келеді. Ұстаздар педагогикалық мамандыққа қатысты және пән аумағына сай

бағдарламаларды тез меңгеріп, интерактивтік құрылғыларды кәсіптік қызметтерінде шеберлікпен қолдануда. Өздеріне электрондық портфолио жасақтап, (электрондық оқулықтар, электрондық сабақтар, интерактивтік тақтамен өткізілетін сабақтар, сыныптан тыс шаралар) ақпараттық технологияларды игеріп, ұтымды, белсенді түрде пайдаланып жүр.

АКТ-ның басты құралы – компьютер, программалық жабдықтармен телекоммуникация құралдары.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі АКТ-ның сапалы және қолжетімді білім беруде маңызы зор екендігін көрсетеді.

Барлық нәрсе мұғалімнен бастау алады! Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» еңбегінде «...мұғалім қандай болса, мектеп де сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығады. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді педагогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген екен.

Олай болса, егер мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологияға бағытталса, ақпаратпен жұмыс технологиясын жетік меңгерсе, онда ақпараттық қоғамда өмір сүріп, оның талабына сай бейімделе алатын келер ұрпақтыңда іргетасы берік қаланады.

а) «Ақпараттық сауаттылық – бүгінгі заман талабы.

ә) ХХІ-компьютер техника ғасыры.

б) «Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін-білім» М.Әуезов.

в) Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман екенін ұмытпайық.

Топқа бөлу: түрлі-түсті қағаздарды таңдап алыңыздар. Осы стикерлер бойынша үш топқа бөлінеміз.

IV. «Мұғалімнің бейнесі».

I-ші топқа тапсырма: бұдан 10-15 жыл бұрынғы мұғалімнің жұмыс барысын суретке салу.

II-ші топқа тапсырма: қазіргі мұғалімнің іс-әрекеті.

III-ші топқа тапсырма: болашақтағы мұғалімнің жұмыс барысын бейнелеу. Сондай-ақ, мұғалімнің 4 жақсы қасиетін жазыңыздар. Орталарыңыздан бір ұстаз шығып, жұмыстарыңызды қорғап шықсын.

Рефлексия:

- Иә, жұмыстарыңызды қорытындылай келе, «Ақпараттық сауаттылықтан - ақпараттық мәдениетке» - деген нақыл сөздерді айтып өткім келеді. Өйткені, мұғалім қанша сауатты болса да, ол өз жұмысына шығармашылық пен ізденісті қосу керек!

V. Аффирмация.

Мен өз мамандығымды өте ұнатамын. Ақпараттық технологияны жеңіл, оңай қолданудамын. (5 мәрте қайталау).

VI. «Адамдар және жеміс-жидектер» тесті.

- Қазір бір параққа өздеріңізге ұнайтын жеміс-жидектің суретін салыңыздар. (слайдта берілген).

- Бұл жеміс қандай, ішіне жазыңыз? (Піскен бе? Дәмі қандай?)

- Жемістің кімде піспегені бар? Бәрінің жемісі піскен болу керек. Себебі: сіздер осы іспен айналысып жүргендеріңізге бірнеше жылдың жүзі болды.

- Бұл сіздердің жұмыстарыңыздың жемісі.

VII. Шеринг.

- Бүгінгі тренингтен қандай әсер алдыңыздар?

- Ұстаз болу қадірлі де, қасиетті мамандық. Біздің шәкірттеріміз тек жетістіктерімен қуантсын! Көңілдеріңіз әрқашанда жайдары болсын!

VIII. «Менен сұрақ, сенен жауап» кезеңі.

Үш топқа сұрақтар беріледі. Әр топ осы сұрақтар бойынша ойларын айтады.

1. «Компьютерлік сауатты болу баршаға міндетті ме?» тақырыбында үш топ ойларын ортаға салады.

2. Интернеттен керекті мәліметті қалай іздеуге болады және өзіңізге керекті мәліметтерді аласыз ба?

3. Осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін компьютердің қандай құрылғыларын білесіздер?

3 қосымша

«Ақпараттық мәдениет» дегеніміз не? тренингі

Жүргізуші: Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері –жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ендеше бүгінгі өткізгелі отырған пікірталастың тақырыбы: «Ақпараттық мәдениет « деген не? Иә, бүгінгі күні ақпараттық қоғамға көшу процесінде ақпараттың құндылығы өзгеріп, уақыт, кеңістік және қашықтық ұғымдары туралы түсінігіміз кеңейіп, осылардың барлығы жаңа мәдениеттің, яғни ақпараттық мәдениеттің тууына себепші болып отыр.

Олай болса сендердің осы «Ақпараттық мәдениет» терминін естігенде ойларыңда қандай ассоциациялар қалыптасады? Әр топ өз ойларын қысқаша қағазға түсіріп, тақтаға іліп баршамыз талдайық.

(Әр топқа қағаз беріледі. әр топ қатысушылары өз ойларын білдіреді)

Жүргізуші: Ақпараттың біраз бөлігі техникалық жинақтауыштарға жазылған және оларды компьютер арқылы алуға болады. Ал ақпараттың басым бөлігі баспа түрінде кітапханаларда және архивтерде сақталады. Компьютерлік сауаттылық адамның ақпараттық қоғамдағы іс-әрекеттеріне жеткіліксіз. Ақпараттық сауаттылық пен мәдениеттіліктің маңызды компоненті компьютерлікпен қатар кітапханалық болып табылады. Осы орайда кітапханамен жұмыс істей алудың маңызы зор. Осы себептен біз бүгін пікірталасқа мектеп кітапханашысын шақырған едік, сол кісіге сөз берелік.

Кітапханашы:

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат, бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетеді екен. Бұл ақпараттың пассивті түрде пайдаланатын бөлігінің артуына байланысты болып отыр. Интернеттің кең тарауына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері процесінің күннен-күнге артып бара жатқаны байқалады. Ондай ақпараттардың сапасы көбінесе өте төмен болып келеді, тіпті жалған, әрі зиянды мәлімет көбейіп барады, ең қауіптісі осы залалды ақпараттандырудың шексіз таралуы бірте-бірте артып барады.

Қазіргі кезеңде біздің еліміз бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістікке белсенді түрде кірді деп айтуға болады. Оның ертеңі қалай болмақ? Біз қандай ақпаратқа кіреміз, не аламыз? Алғашқы жасалған қадамдар жоғарыда айтылған кері әсерлердің де жеткілікті екенін көрсетіп жатыр.

Осындай мәселелерді шешу шектеулер мен тосқауыл қою арқылы жүзеге аспайды, ол үшін бізде «талғамдық мәдениеті» қалыптасуы керек, яғни ақпараттық аймақтағы құндылықтарды бағалай білетін, әр адамның моральдық деңгейін биіктететін «Ақпараттық мәдениет» қалыптастыратын тәрбие беруіміз керек

Жүргізуші: Біздің заманымыздың талабына сай ақпарат алудың активті және пассивті түрі пайда болды. Міне, кітапханашының айтып отырған мәліметі, жоғарыда айтылған мұражай, театр т.б жерлерге бару бәрі ақпарат алудың активті түрі. (сызбадан көрсету)

Енді ақпарат алудың пассивті түріне тоқталайық. Ол не деп ойлайсындар? (оқушылардың ойларын тыңдау)

Жүргізуші: сендердің ойларыңды қорыта келе ақпараттық мәдениет – компьютерлік технологияны пайдалану деген шешімге келдік. Ал енді алдарыңыздағы қағазға активті және пассивті ақпараттың жақсы және жаман жақтарын түсіріңдер.

XXI ғасыр – ақпараттану ғасыры дейміз. Бүгінде интернеттен ақпарат алу жылдам жолға қойылған. Интернеттің көмегімен оқыту бағдарламаларына қатыса аламыз, дистанттық білім алу жүйесіне еруге болады. әсіресе өнер саласында зерттеуге қолайлы, мысалы мұражайлардың әртүрлі сайттарын пайдалану. Эрмитаждың залдарын туристтерден қысылмай-ақ үйде отырып аралауға болады немесе Вашингтондағы Ақ үйге барып, президенттің жанұясымен танысуға болады және т.с.с.

Дегенмен де Интернеттің кең таралуына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері процесінің күннен-күнге артып бара жатқандығы байқалады. Ондай ақпараттың сапасы өте төмен болып келеді, тіпті жалған әрі зиянды мәлімет көбейіп барады. Ең қауіптісі осы залалды ақпарат күннен күнге артып бара жатыр. Бұл кез келген мәліметті қажет болмаса да қабылдай беретін жандарға кері әсер бертін «ақпараттар қоқысы» көбейіп барады.

Олай болса төмендегі сауалдар бойынша пікірімізді ортаға салайық:

Интернеттегі «ақпараттар қоқысы» туралы не айтасындар?

Компьютердің денсаулыққа әсері және компьютерлік ойындардың зияны қандай?

«Хакердің» пайда болуы неліктен?

Қазіргі кезде «компьютерлік вирустар» қаншалықты зиян әкелуде?

Осы мәселелерді шешу шектеулер мен тосқауыл қою арқылы жүзеге аспайды. Ол үшін бізге талғамдық мәдениетті қалыптастыру керек. Яғни ақпараттық аймақтағы құндылықтарды бағалай білетін, әр адамның моральдық деңгейін бейнелейтін «Ақпараттық мәдениет қалыптастыратын тәрбие алуымыз керек және адамда келесі білім, меңгеру тәсілдерін қалыптастыру керек.

Қорытынды:

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі –осы ақпарат, бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетеді екен. Бұл ақпараттың пассивті түрде пайдаланатын бөлігінің артуына байланысты болып отыр. Интернеттің кең тарауына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері процесінің күннен-күнге артып бара жатқаны байқалады. Ондай ақпараттардың сапасы көбінесе өте төмен болып келеді, тіпті жалған, әрі зиянды мәлімет көбейіп барады, ең қауіптісі осы залалды ақпараттандырудың шексіз таралуы бірте-бірте артып барады.


Қазіргі кезеңде біздің еліміз бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістікке белсенді түрде кірді деп айтуға болады. Оның ертеңі қалай болмақ? Біз қандай ақпаратқа кіреміз, не аламыз? Алғашқы жасалған қадамдар жоғарыда айтылған кері әсерлердің де жеткілікті екенін көрсетіп жатыр.


ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

| | |
|---------------------|---|
| Бөлім: | Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік (информатика – 10-сынып) |
| Педагогтің аты-жөні | Дүйсенова Ж |
| Күні: | 14.09.2021 |
| Сынып: | 10 |
| Сабақтың тақырыбы | 1.3.Ақпараттық қауіпсіздік |
| Оқу мақсаты: | 10.6.1.3 Пайдаланушы деректерін қорғау шараларын қолдануды түсіндіру: парольдар, тіркеулік жазба; |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> «ақпарат қауіпсіздігі», «құпиялық» және «тұтастық» ұғымдарын түсінесіз; ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шараларымен танысасыз; ақпарат тұтастығының негізгі қауіптерін ажыратуды үйренесіз. |

| Сабақтың кезеңі | Мұғалім іс-әрекеті | Оқушы іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|-----------------|---|-------------------------------------|---------|----------------------------|
| Ұйымдастыру | Тақырып: 1.3.Ақпараттық қауіпсіздік Сабақтың мақсатымен таныстыру. <ul style="list-style-type: none"> «ақпарат қауіпсіздігі», «құпиялық» және «тұтастық» ұғымдарын біледі; | Сабақта меңгеретін мақсаттарды білу | | Презентация (1-2 слайдтар) |

| | | | | |
|------------|---|------------------------|--|-----------------------------|
| | <ul style="list-style-type: none"> • ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шараларымен танысады; • ақпарат тұтастығының негізгі қауіптерін ажыратуды үйренеді. | | | |
| Жаңа сабақ | <p>Жаңа сабақты түсіндіру</p> <p>Қандай ақпараттарды құпия сақтауымыз қажет?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Рұқсат етілмеген және қорғалатын ақпаратқа рұқсатсыз қолжетімділікке жол бермеу • Ақпараттың сыртқа таралудың алдын алу <p>Ақпараттық қауіпсіздік – ақпараттың бұрмалануы немесе жоғалуы салдарынан қолданушыға орны толмас зиян келтіретін кез келген әрекеттерден ақпаратты қорғау.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздіктің міндеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ақпаратты бөгде адамдардың қол жеткізуінен қорғау; • ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету; • ақпараттың құпиялығын қорғау. <p>Ақпараттың қолжетімділігі – кез келген уақытта ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Операциялық жүйе және бағдарламаларды жаңартып отыру; 2. Сенімді әрі сапалы вирусқа қарсы бағдарламаларды пайдалану; 3. Брандмауэрдің сенімді әрі сапалы жұмысын қамтамасыз ету; <p>Компьютердегі ақпараттың қауіпсіздігіне әсер ететін ақпараттық жүйенің ішкі бастартулары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тасымалдау ережелерінің бұзылуы; • жүйенің істен шығуы; • зиянды бағдарламалық жасақтамалар; • бағдарламалық және аппараттық жасақтаманың істен шығуы; | Жаңа тақырыпты меңгеру | | Презентация (3-14 слайдтар) |

| | | | | |
|---|--|--|------------------------------------|----------------------------------|
| | <ul style="list-style-type: none"> • ақпараттардың бұзылуы. <p>Компьютердегі ақпараттың қауіпсіздігіне әсер ететін инфрақұрылым ақаулықтары</p> <ul style="list-style-type: none"> • байланыс жүйесі, электр сымдары немесе ауа айналымы жұмысындағы ақаулар; • жүйенің қызмет көрсету жұмысының тоқтап қалуы. <p>Ақпараттың құпиялығы – адамдарға құпия ақпарат жария болғанда бұзылады, бұл ақпараттың таралуына себеп болуы мүмкін.</p> <p>Ақпараттың құпиялығының бұзылуына әсер ететін жағдайлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бөгде адамдар құпия сөзді білсе; • деректерге қол жеткізсе; • компьютерлік жабдықтар ұрланса. <p>Компьютерлік желілердегі ақпарат қауіпсіздігі дербес компьютердегімен салыстырғанда төмен болады.</p> <p>Себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • желіге заңсыз қосылу қаупінің жоғарылығы; • зиянды бағдарламалардың шабуыл жасауы; • желідегі қолданушылардың көптігі. | | | |
| <p>Практикум</p> <p>Тапсырма</p> | <p>Брандмауэрдің сенімді әрі сапалы жұмысын қамтамасыз ету;</p> <p>1.Іске қосу –Басқару панелі (Пуск-Панель управления) менюін ашып Қауіпсіздік жүйесі(Система безопасности) тармағынан Брандмауэр Windows таңдап, жағдайын баптаймыз.</p>  | <p>Жаңа тақырыпты мұғаліммен бірге практикада қолдану арқылы меңгеру</p> | <p>Бағалау критерийлерін ұсыну</p> | <p>Презентация (15 слайдтар)</p> |



Бекіту

Тақырыпты меңгергенін анықтау

Кестеде ұсынылған терминдерді анықтамаларымен өзара сәйкестендіріңіз.

| Термин | Анықтама |
|------------------------|--|
| Ақпараттық қауіпсіздік | адамдарға құпия ақпарат жария болғанда бұзылады, бұл ақпараттың таралуына себеп болуы мүмкін. |
| Тұтастық | ақпараттың бұрмалануы немесе жоғалуы салдарынан қолданушыға орны толмас зиян келтіретін кез келген әрекеттен ақпаратты қорғау. |
| Құпиялық | ақпаратты сақтау, пайдалану және поштамен жіберу кезінде оның құрылымы мен мазмұнының сақталу қасиеті. |



Кестеде ұсынылған тұжырымдамалардың ақиқат немесе жалғандығын анықтаңыз.

| Тұжырымдама | ақиқат | жалған |
|--|--------|--------|
| Ақпараттық қауіпсіздік – ақпараттың бұрмалануы немесе жоғалуына қорғайды. | + | |
| Ақпараттың тұтастығы адамдарға құпия ақпарат жария болмаққа бұйылады. | | + |
| Ақпараттық қауіпсіздік – ақпараттың қолжетімділігін, тұтастылығын және құпиялығын қамтамасыз ету үрдісі. | + | |
| Жөгіе заңсыз қосылу мүмкіндігі ақпараттың қауіпсіздігіне әсер етпейді. | | + |
| Ақпараттың қолжетімділігі – кез келген уақытта ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі. | + | |

Тест

1) Ақпараттық қауіпсіздік деген не?

- A) ақпараттың бұрмалануы немесе жоғалуы салдарынан өзгерген пайдаланушының пікірін қорғау;
- B) ақпараттың бұрмалануы немесе жоғалуы салдарынан қолданушыға орны толмас зиян келтіретін кез келген әрекеттерден ақпаратты қорғау;
- C) дербес компьютермен жұмыс жасау барысындағы қателіктерді хабарлау үрдісі.

Жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау

Бағалау критерийлерін ұсыну

Презентация (16-24 слайдтар)

| | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|
| | <p>2) дербес компьютермен жұмыс жасау барысындағы қателіктерді хабарлау үрдісі. A) ақпараттың құпиялығы; B) ақпараттың қолжетімділігі; C) ақпараттың тұтастығы.</p> <p>3) Ақпарат тұтастығына төнетін қауіптерді анықтаңыз? (бірнеше дұрыс жауап бар) A) қосымша хабарламалар енгізу, мәліметтерді ұрлау; B) тасымалдау ережелерінің бұзылуы, зиянды бағдарламалар; C) тасымалдау ережелерінің бұзылуы, зиянды бағдарламалар; D) жүйенің істен шығуы</p> <p>4) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені қалай аталады? A) ақпаратты сақтау; B) ақпаратты тасымалдау; C) ақпаратты қорғау; D) ақпаратты түрлендіру</p> <p>5) Ақпараттық жүйенің ішкі бастартуларын ерекшеленіз (бірнеше дұрыс жауап бар). A) жүйенің істен шығуы; B) бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы; C) ақпаратты сақтау құрылғысының жоғалуы; D) ақпараттардың бұзылуы.</p> <p>6) Компьютерлік желілердегі ақпарат қауіпсіздігі дербес компьютердегімен салыстырғанда төмен болу себептерін белгілеңіз (бірнеше дұрыс жауап бар). A) желіге заңсыз қосылу мүмкіндігі бар; B) файл атауының ұзақ болуы; C) ақпаратты сақтау құрылғысының істен шығуы; D) желілік бағдарламалық жасақтаманың осал болуы.</p> | | | |
| Қорытынды Үй жұмысы | Сабақты қорытындылау, рефлексия | | | |

Жасөспірім кәмелетке толмағандармен «Жасөспірім» мінез-құлқының зиянды нысандарының алдын алу бойынша кешенді топтық жұмыс бағдарламасы

Мақсаты: жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің алдын алу.

Міндеттері:

1. жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;

2. тұлғааралық өзара іс-қимыл мәселелерінде әлеуметтік интеллект деңгейін арттыру;

3. қоғамдағы мінез-құлықтың сындарлы күрес стратегиясымен танысу және қалыптастыру;

4. манипуляциялық әсерге қарсы тұру қабілеттерін дамыту;

5. құрдастарымен өзара әрекеттесу кезінде өз шекараларын қорғау қабілетін дамыту;

6. өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту.

Мақсатты топ: гетерогенді, 10-16 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Жұмыс түрі: кәмелетке толмаған қатысушылардың профилактикалық (ашық/жабық) тобы.

Жұмыс әдістері: әңгіме, пікірталас, шағын дәріс, тренинг, ми шабуылы, психогимнастикалық жаттығулар, сюжеттік - рөлдік ойындар.

Бағдарламаның ұзақтығы: 22 сағат.

Қатысушылар саны: 8-12 адам.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- құрдастарымен өзара әрекеттесу кезінде мінез-құлықтың конструктивті күрес стратегияларын дамытуда кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық қолдау, оның ішінде есірткі мен психоактивті заттарды қолдануға қарсы тұру.

- тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, өзіне және оның мүмкіндіктеріне деген сенімділікті, өзін-өзі тану және өзін-өзі таныстыру дағдыларын, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бағалауды қалыптастыруда әлеуметтік-психологиялық қолдау.

- ересектердің балаларға қатыгездік көрсетуі, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін таптау, қадір-қасиетін қорлау, тәндік және психикалық зорлық-зомбылық жағдайларында, сондай-ақ әртүрлі құқық бұзушылықтар жасау кезіндегі заңдық жауапкершілік мәселелері бойынша кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-құқықтық қолдау.

Бағдарлама мазмұны

| № р/р | Тақырып | Мазмұны | Сағат саны |
|--------------------------------|---------|---------|------------|
| Әлеуметтік-педагогикалық бөлім | | | |

| | | | |
|---------------------------------------|--|---|-------------|
| Тақырып 1 | Тәуелділік пен шындық туралы аңыздар. | 1. Сұқбат «әртүрлі тәуелділіктерді қалыптастырудың себептері мен психологиялық механизмдері: ойын, компьютер, есірткі, темекі және т.б.». 2. Пікірталас «Тәуелділіктен арылуға бола ма?» | 1 1 |
| Тақырып 2 | Жасөспірім және оның айналасы. | 1. «Маған досыңның кім екенін айт» сұқбат. | 1 |
| Тақырып 3 | СӨС жүргізуге мотивацияны қалыптастыру. | 1. "Біз таңдаймыз" өмір суреттер байқауы. 2. Талқылау. | 1 |
| Тақырып 4 | Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктерін түсінуді қалыптастыру. | 1. Пікірталас «Жас болу оңай ма?». | 1 |
| Тақырып 5 | Қақтығыстарды сындарлы шешудің тиімді стратегиялары. | «Дауласуда жеңілген жақ бар ма?» сұқбат | 1 |
| Тақырып 6 | Тұлға, индивид, даралық | 1. ««Мен» қандаймын және мені басқалар қалай көреді» сұқбат. | 1 |
| Тақырып 7 | Адамның эмоционалдық саласы. | 1. «Достық және сүйіспеншілік» сұқбат. | 1 |
| Тақырып 8 | Өзін-өзі бағалау және оның жеке тұлғаны дамытудағы рөлі. | 1. «Менің әлемім – менің планетам» пікірталас. | 1 |
| Әлеуметтік психологиялық бөлім | | | |
| Тақырып 9 | Тұлға, индивид, даралық | 1. Жеке тұлғалық даму тренингі | 2 |
| Тақырып 10 | Қақтығысты сындарлы шешудің тиімді стратегиялары. | 1. Қақтығыссыз қарым-қатынас тренингі | 2 |
| Тақырып 11 | Адамның эмоционалды саласы. | Арт-терапиялық технологияларды қолдана отырып, Сезімдер мен эмоциялар» тренингі. | 2 |
| Әлеуметтік-құқықтық бөлім | | | |
| Тақырып 12 | Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері. | 1. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» сұқбат. 2. «Менің құқықтарым бұзылса не істеу керек» тренингтік жұмыс элементтері бар практикалық сабақ. | 1 1 |
| Тақырып 13 | Кәмелетке толмағандардың заңды жауапкершілігі. | 1. «Құқық бұзушылық пен қылмыс деген не?» сұқбат 2. «Жасөспірім және заң» суреттер байқауы. 3. Талқылау. 4. Әңгіме «Заң қатал, бірақ ол заң». | 1 1 1 |
| Тақырып 14 | Жасөспірімнің кәсіби өзін-өзі анықтауы. | 1. «Жұмысқа тұру кезінде нені білу керек» сұқбат. 2. «Сұқбаттасу» іскерлік ойын | 1 1 |
| Барлығы: | | | 22 |

Бағдарлама еріктілерді, қоғамдық ұйымдарды, діни конфессияларды тартуды көздейді:

- қалалық білім беру мекемелері,
- қалалық кітапханалар,
- қаланың шағын аудандарындағы оқушы бөлмесі

Күтілетін нәтижелер: топтағы жұмыс кәметке толмағандарға құрдастарымен өзара іс-қимыл жасау кезінде мінез-құлықтың сындарлы күрес стратегияларын игеруде, оның ішінде есірткі мен психобелсенді заттарды пайдалануға тартуға қарсы іс-қимыл жасауда қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, өзіне және оның мүмкіндіктеріне деген сенімділікті, өзін-өзі тану және өзін-өзі таныстыру дағдыларын, психорефлексия, өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік жасалады.

Кәметке толмағандарды қатыгездікпен қараудан, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорлаудан, қадір-қасиетін қорлаудан, тәндік және психикалық зорлық-зомбылықтан, сондай-ақ әртүрлі құқық бұзушылықтар жасау кезіндегі заңды жауаптылықтан қорғау мәселелерінде хабардар болу дәрежесі артады.

Кәметке толмағандардың «тәуекел» мінез-құлқының әртүрлі түрлерінің алдын алу және коммерциялық сексуалдық пайдаланудың алдын алу жөніндегі кешенді жұмыс бағдарламасы

Мақсаты: кәметке толмағандардың «тәуекел» мінез-құлқының әртүрлі түрлерінің және коммерциялық қанаудың алдын алу.

Міндеттері:

1. зорлық-зомбылықтың, ПБЗ-ны пайдаланудың, суицидтің және балаларды коммерциялық сексуалдық пайдаланудың алдын алу мәселелері бойынша кәметке толмағандардың әлеуметтік-психологиялық және құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;

2. құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу кезінде өз шекараларын қорғау қабілетін дамыту;

3. манипуляциялық әсерге қарсы тұру қабілеттерін дамыту;

4. қақтығыстарды конструктивті шешу қабілеттерін дамыту.

5. балаларды коммерциялық сексуалдық қанауға тартудан қорғау мәселелері бойынша ақпараттандыру.

6. жеке өмірге жауапты қатынасты дамыту мотивациясы.

Мақсатты топ: 15-17 жас аралығындағы кәметке толмағандар

Жұмыс түрі: кәметке толмаған қатысушылардың профилактикалық (ашық/жабық) тобы.

Жұмыс әдістері: әңгіме, пікірталас, шағын дәріс, ми шабуылы, тренинг, психогимнастикалық жаттығулар, сюжеттік - рөлдік ойындар.

Бағдарламаның ұзақтығы: 16 сағат.

Қатысушылар саны: 8-12 адам.

Бағдарлама мазмұны

| № р/р | Тақырып | Жұмыстар мазмұны | Сағат саны |
|--------------------------------|---|--|-------------|
| Әлеуметтік-педагогикалық бөлім | | | |
| Тақырып 1 | Кәмелетке толмағандарды коммерциялық сексуалдық қанаудың алдын алу. | 1. «БКСҚ деген не?» сұқбат 2. «БКСҚ-ға менің көзқарасым | 1 1 |
| Тақырып 2 | Кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгездік пен зорлық -зомбылықтың алдын алу | 1. «Жасөспірімдер зорлық - зомбылыққа қарсы» сурет байқауы 2. Талқылау. | 1 |
| Тақырып 3 | Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез -құлықтың алдын алу | 1. «Өлу емес, өмір сүру уақыты!» сұқбат | 1 |
| Әлеуметтік психологиялық бөлім | | | |
| Тақырып 4 | Кәмелетке толмағандарды коммерциялық сексуалдық қанаудың алдын алу | 1. «БКСҚ-ға қатысудан қалай аулақ болуға болады» арт-терапия технологияларын қолдана отырып тренинг | 2 |
| Тақырып 5 | Манипуляцияға қарсы әрекет | 1. «Қуыршақ» манипулятивті мінез -құлыққа қарсы тұруға үйрету тренингі | 2 |
| Тақырып 6 | Эмоционалды жағдайдың өзін-өзі реттеуі. | 1. «Менің эмоцияларым және олармен қалай күресуге болады» тренингі | 2 |
| Тақырып 7 | ЖБЗ қолданудың алдын алу | 1. Арт-терапиялық технологияларды қолдана отырып «Есірткіге қалай «ЖОҚ!» деп айтамын» тренингі | 2 |
| Әлеуметтік-құқықтық бөлім | | | |
| Тақырып 8 | Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері. | 1. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» сұқбат. 2. «Кәмелетке толмағандарды зорлық -зомбылықтан қорғаудың құқықтық кепілдіктері туралы» сұқбат. 2. «Менің құқықтарым бұзылса не істеу керек» тренингтік жұмыс элементтері бар практикалық сабақ. | 1 1 1 |
| Тақырып 9 | Кәмелетке толмағандардың заңды жауапкершілігі. | 1. «Заң қатал, бірақ ол заң» сұқбат. 2. «Жасөспірім және заң» сурет байқауы. | 1 |
| Барлығы: | | | 16 |

Бағдарлама еріктілерді, қоғамдық ұйымдарды, діни конфессияларды тартуды қамтиды:

- муниципалды білім беру мекемелері,
- қалалық кітапханалар,
- қаланың шағын аудандарындағы оқушылар бөлмелері және т.б.

Күтілетін нәтижелер: кәмелетке толмағандардың психоактивті заттарды қолданудан, балалармен ересектерге зорлық-зомбылықтан, тәндік зорлық-зомбылықтан және кәмелеттік жасқа толмағандарды коммерциялық қанаудан, қадір-қасиетін қорлаудан қорғау мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың заңды жауапкершілігі, түрлі құқық бұзушылықтар туралы ақпараттық деңгейін көтеру.

Тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, өзінің мүмкіндіктері мен өзіне деген сенімділікті дамыту, қатысушылар арасында өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыру.

Кәмелетке толмағандардың өзін-өзі бағалауын жетілдіру, өз шекарасын қорғау қабілетін дамыту және құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста балама тәжірибе жинақтау.

Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік және тәуелділік мінез - құлықты анықтау және алдын алу.

Психологиялық қызмет бойынша мектеп базасында және профилактика субъектілерінде заңгер және IT мамандарын тарта отырып, кәмелетке толмағандарды ақпараттандыру бойынша жұмысты ұйымдастыру

5 қосымша

Кәмелетке толмағандар арасында қолданушылардың жоғары белсенділігі олардың Интернет кеңістігінің қауіптілігі мен олардан аулақ болу немесе оларды жену жолдары туралы білмеуінің төмендігімен үйлеседі, сондықтан кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мен алдын алу қажеттілігі айқын.

Көбінесе жасөспірімдер мен балалар Интернет кеңістігін қауіпсіз дамытуда ата-аналардан немесе мұғалімдерден тиісті көмек ала алмайды, өйткені оларда әлі де қажетті тәжірибе мен білім жоқ.

Бұл кәмелетке толмағандардың медиа құзыреттілік саласындағы және интернет-ресурстарды пайдаланушылардың құқықтық қорғалуы саласындағы білімдерін жетілдіру, бұл киберқорлық пен киберқорқынышпен күресте ең тиімді профилактика бола алады.

Демек, профилактикалық жұмыстың маңызды аспектісі, оның ішінде кибербуллингтің алдын алу, ведомствоаралық өзара іс - қимыл шеңберінде АТ мамандарын тарту болып табылады.

Мектеп базасында кәмелетке толмағандарды ақпараттандыру бойынша заңгерлік және IT мамандарын тарта отырып профилактикалық жұмыстар жүргізілуде

«Психологиялық орталық» және әртүрлі формадағы алдын алу субъектілері:

- ақпараттық және тәрбиелік сұқбаттар;
- пікірталастар;
- презентациялар;
- интернет -ресурстармен жұмыс жасау бойынша шеберлік сыныптар;
- кәмелетке толмағандарға арналған ақпараттық буклеттер мен жадынамалар әзірлеу және тарату және т.б.

6 қосымша

Профилактика субъектілерінің мамандарымен профилактикалық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар

Интернет-кеңістікті пайдалана отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау, профилактика субъектілерінің базаларында мамандармен психологиялық-ағартушылық жұмысты ұйымдастыру

Кәмелетке толмағандардағы зорлық-зомбылықтың, сондай-ақ агрессивті және құрбандық мінез-құлқының және жасөспірімдер арасында топтық қылмыстың пайда болуының алдын алу үшін жас ұрпақтың оң әлеуметтенуін қалыптастыру, кәмелетке толмағандардың қоғамнан алыстауын азайту маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан жастардың бос уақытын ұйымдастыру дағдылары бар, бейресми жасөспірімдер - жастар топтары мен бірлестіктерінің көшбасшылары болуға қабілетті мамандар даярлауды талап ететін іс-шаралар өткізу, халықты БАҚ арқылы оң бағыттағы кәмелетке толмағандармен жұмыс топтары мен бағдарламалары туралы хабардар ету қажет.

Кәмелетке толмағандардың медиакомптенциялары саласында балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен басқа да мамандардың білімін жетілдіру – интернет-кеңістікті пайдалана отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алудың неғұрлым тиімді тәсілі болуы мүмкін.

Психологиялық қызмет жұмысының ерекшелігі қазіргі заманғы интернет-технологиялар кеңістігінде кәмелетке толмағандар арасында кибербуллинг пен киберббингтің туындауының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс шеңберінде мамандардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын ұйымдастыруға және тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Орталық интернет-технологиялар ортасында кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылығының алдын алу бойынша психологиялық-педагогикалық қызметке балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандарды даярлауды қамтамасыз етуге арналған ресурстарға ие.

Осы мақсатта психологиялық қызмет мамандары алдын алу субъектілерінің педагогтарымен және мамандарымен ағартушылық жұмыс бағдарламасын, сондай-ақ кәметке толмағандар арасында кибербуллингтің алдын алу жөніндегі мамандармен тақырыптық әңгімелер әзірлейді:

- Кәметке толмағандар арасындағы кибербуллингтің психологиялық себептері;

- Кәметке толмағандарда құрбандық мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері;

- Кәметке толмағандардың агрессивті мінез-құлқының қалыптасуының психологиялық себептері; және т. б.

Кибербуллингтің алдын алу бойынша мамандармен тақырыптық әңгімелерге әдістемелік материал

Кәметке толмағандар арасындағы кибербуллингтің психологиялық себептері

Интернет-технологиялар ортасында зорлық-зомбылық көрсетудің психологиялық себептері:

Қорқыныш: қорқытудың құрбаны болудан қорқу мобберлер болып табылатын белсенді топқа қосылуға мәжбүр етеді.

Бедел: бәрінің көз алдында болу, назар аудару қажеттілігі.

Қақтығыстар: көбінесе мәдениетаралық. Мәдени айырмашылықтар бірден дұшпандықты тудыруы мүмкін, бұл қақтығыстар әртүрлі белгілерге, мысалы, тілге, сыртқы келбетке және дәстүрге сәйкес кіші түрлерге бөлінеді.

Зерігу: жасөспірімдер көбінесе тек қана қобалжудан және зерігуден, не істеу керектігін білмей, өздерінің виртуалды беделін, мысалы, біреудің фотосуретіне теріс түсініктеме бере бастайды.

Күш: өз күшін көрсету басқа факторлармен қатар себеп болады, өйткені әр адамның өзінің артықшылығын көрсету, көрсету қажеттілігі бар, бірақ әр адамда бұл әртүрлі дәрежеде көрінеді.

Толық сезіне алмау: өзінің кемістік сезімі бойынша кілкіге қалу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, кемістігінен «жалтару» немесе оны кибербуллинг арқылы басқа адамға бағыттау мүмкіндігі бар.

Жеке дағдарыс: кибербуллингтің себебі достықтың бұзылуы, сондай-ақ махаббаттық қарым-қатынастардың бұзылуы, қызғаныш пен жеккөрушілік сезімі, мысалы, жіберілген қате немесе сәтсіздік болуы мүмкін.

1. Білім беру ұйымдарындағы кибербуллинг

Мұғалімдер мектепте кибермоббингтің жағдайлардың пайда болу кезеңін дер уақытында анықтай алмайды. Әдетте, мұғалімдер қақтығыстың ушығу кезеңінде киберббинг туралы өте кеш біледі. Мектептегі кибер террорды білудің алдын-алу шаралары қақтығыстарды жеңілдетуге және оның таралуына жол бермейді.

Мектептегі кибершабуылдың белгілері:

1. «E-mail» анонимділігі: оқушылар өздерінің мекен-жайларынан басқа адамдарға жасырын және ақысыз түрде қорлайтын хаттар жаза алады.

Анонимді пошта жәшіктері басқа оқушыларды қудалау үшін жиі қолданылатындығын ескерген жөн.

2. Психологиялық климаттың нашарлауы: сыныптағы оқушылар арасындағы қарым-қатынас қыза түседі, қақтығыстар саны артады, содан кейін бұл кибербуллингтің пайда болуына негіз болады.

3. Достық қарым-қатынас үзіледі. Қыздар достықтың бұзылуына ең сезімтал болып табылады, өйткені олар бір-бірін бір-біріне қарсы пайдалану үшін жеткілікті жеке ақпаратты біледі.

4. Мектеп іс-шаралары. Түрлі экскурсиялық сапарлар, мерекелер, байқаулар және т.б. барысында сынып ұжымының қаншалықты ұйымшыл екендігі және тұлғааралық сынып ішіндегі қарым-қатынастардың «бұзылу шегі» қайда екендігі көрінеді.

Кибербуллинг құрбандарында көрінетін белгілер:

Денсаулық: денсаулық көрсеткіштері төмендейді. Оларға мыналар: бас ауруы, іштің ауыруы, ұйқы проблемалары, көңіл-күй проблемалары, оның ішінде көңіл-күйдің өзгеруі жатады.

Мінез-құлық: жасөспірімнің күтпеген жақындығы мен оқшаулануы, назарды нақты әлемнің сүйкімділігінен виртуалды әлемнің, ойын әлемінің құндылықтарына ауыстыру, оқу орнындағы үлгерімнің күрт төмендеуі алаңдаушылық тудыруы мүмкін.

Заттардың жоғалуы: оқушының жеке заттарының немесе оның ақшасының күтпеген жоғалуы, олардың жоғалып кетуін анықтау ата-аналарға қиын болмайды.

Кибертеррордың маңыздылығын төмендету: кибершабуыл құрбандары көбінесе ересектермен қарым-қатынас кезінде интернетте өзін қорлау жағдайларын жасырады.

7-қосымша

Алдын алу субъектілерінің мамандарымен психологиялық-ағартушылық жұмыс бағдарламасы

Мақсаты—педагог қызметкерлердің психологиялық құзыреттілік деңгейін арттыру, кәмелетке толмағандардың құрдастарымен, ата-аналармен және педагогтармен қарым-қатынасындағы психологиялық проблемалардың алдын алу.

Педагогикалық қызметкерлер мен алдын алу субъектілерінің мамандарына арналған әңгіме тақырыптары:

1. тұлғаның арақашықтығы және көзқарасы.
2. Оқушылармен өзара әрекеттесуді құру үшін тұлға құрылымын білу.
3. Мұғалімнің балалар ұжымымен өзара әрекеттесу түрлері.
4. Адамның кім екенін қалай түсінеміз.
5. Нысандық қатынастар теориясы.
6. Агрессия мәселелері.

7. Жанжал жағдайы және оның ықтимал салдары.
8. Балалар мен жасөспірімдердегі әртүрлі дидактогения.
9. Баланың жеке басын қалыптастырудағы балалар ұжымының психологиялық климатының рөлі.
10. Әртүрлі жастағы балалар мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері.
11. Жасөспірімдер ортасындағы моббинг және буллинг әлеуметтік–психологиялық құбылыс ретінде.
12. Кибербуллинг феномені және оның әлеуметтік алдын алу.
13. Кәмелетке толмағандарда Интернетке тәуелділікті анықтаудың психологиялық белгілері.
14. Кәмелетке толмағандардағы құрбандық мінез–құлқын анықтаудың психологиялық белгілері.
15. Кәмелетке толмағандардың мінез–құлқындағы моббинг және қорқыту белгілерін анықтаудың психологиялық белгілері.
16. Баланы кибершабуылдан қалай қорғауға болады.
17. Баланы мектептегі қудалау: себептері, шарттары, анықтау әдістері.
18. Кәмелетке толмағандарда құрбандық мінез–құлқының қалыптасуының психологиялық себептері.
19. Кәмелетке толмағандарда агрессивті мінез–құлықтың қалыптасуының психологиялық себептері.
20. Мұғалімдердің кибербуллингі: себептері мен қорғану тәсілдері.

Кәмелетке толмағандарда компьютерлік тәуелділіктің ерте белгілерін анықтауға арналған тест–сауалнамалар

Тесттер әртүрлі жастағы білім беру мекемелері оқушыларының компьютерлік тәуелділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама–тесттер екі блоктан тұрады: бірінші блокты оқушылар, екінші блокты оқушылардың ата – аналары толтырады.

Нұсқаулық: он сұрақты мұқият оқып шығыңыз. Сіз олардың әрқайсысын дұрыс немесе дұрыс емес деп бағалауыңыз керек. Егер сұрақ сізге дұрыс немесе негізінен дұрысырақ болып көрінсе, «иә», егер дұрыс емес болса – «жоқ» деп белгілеңіз.

I блок. Білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған тесттер

1 нұсқа.

1. Ойлағаныңыздан онлайн көбірек уақыт өткізетіндігіңізді Сіз жиі байқайсыз ба? (иә/жоқ)

2. Желіде көбірек уақыт өткізу үшін үй шаруасын жиі жасамай қоясыз ба? (иә/жоқ)

3. Айналаңыздағы адамдар сіздің желіде өткізетін уақыт мөлшеріңізге жиі қызығушылық білдіре ме? (иә/жоқ)

4. Сіз мектепте үлгеріміңіз нашар болғанын байқадыңыз ба, себебі сізде оқуға уақыт жоқ, өйткені сіз желіде тым көп уақыт өткізесіз бе? (иә/жоқ)

5. Интернетте өзіңіздің қалай қайтадан отырғаныңызды жиі елестете аласыз ба? (иә/жоқ)

6. Сіз интернетсіз өмірдің зерігу, бос және қуанышсыз екенін жиі сезінесіз бе? (иә/жоқ)

7. Біреу сізді интернеттен алшақтатуға тырысқанда, сіз жиі тосқауыл қоясыз ба, айқайлайсыз ба немесе басқа жолмен ашуланасыз ба? (иә/жоқ)

8. Интернетте түнімен ұзақ отырып, ұйықтамай қалатын кездеріңіз жиі бола ма? (иә/жоқ)

9. Сіз компьютерде отырған кезде шабыттану, толқу сезінесіз бе? (иә/жоқ)

10. Сіз компьютерді күнделікті қолдана бастағаннан бері ұйқының бұзылуы болды ма және/немесе ұйқы режимі өзгерді ме? (иә/жоқ)

3 нұсқа.

1. Сіз білімнің бір бөлігін компьютерлік ойындармен алмастыру туралы мұғалімдерге, ата аналарға өтініш жасадыңыз ба? (иә/жоқ)

2. Сіз өзіңізді әрқашан компьютерлік ойынды бірден тоқтата алмайтындай сезінесіз бе? (иә/жоқ)

3. Егер сіз компьютерде ұзақ уақыт ойнамасаңыз, сіз ашуланасыз ба немесе мазасызданасыз ба? (иә/жоқ)

4. Әдетте сіз компьютерлік ойындарды жоспарлағаннан да ұзағырақ ойнайсыз ба? (иә/жоқ)

5. Сізге ата–аналар, мұғалімдер, достар келген кезде шұғыл түрде компьютерлік ойын немесе сайт терезесін жабуға тура келді ме? (иә/жоқ)

6. Көңіл–күйіңізді түзету үшін (мысалы, кінәлау, ашуланшақтық) немесе жай ғана тынышталу үшін компьютерлік ойынға отырған кездеріңіз болды ме? (иә/жоқ)

7. Компьютерде ойнағаннан кейін сіздің басыңыз ауыра ма? (иә/жоқ)

8. Сіз компьютерлік ойын үшін тамақ ішуді кейінге шегересіз бе? (иә/жоқ)

9. Сіз компьютерлік ойынға байланысты жеке гигиенаны ұстанбайсыз ба? (иә/жоқ)

10. Кәдімгі өмірде сіз компьютерде ойнаған кезде жоғалып кететін зерігу, ашуланшақтық, еңсенің басылуын сезінесіз бе? (иә/жоқ)

Нәтижелерді есептеу: тестілеуді жүргізген мамандар жүргізеді.

«Иә» – 1 ұпай,

«Жоқ» – 0 ұпай.

Алынған ұпайлар қосылады.

0 – 3 ұпай – компьютерге тәуелділіктің төмен деңгейі.

4 – 6 ұпай – компьютерлік тәуелділіктің орташа деңгейі.

7 – 10 ұпай – компьютерлік тәуелділіктің жоғары деңгейі.

II блок. Ата–аналар үшін тесттер

1 нұсқа.

Сіздің балаңыз,...

1. Үйге келіп, ең алдымен компьютерге отырады? (иә/жоқ)

2. Үй шаруасын, оқуды тастады, бағынбайтын болды ма? (иә/жоқ)

3. Егер оны компьютерден алшақтатса, мазасыз, дөрекі ме? (иә/жоқ)

4. Компьютерден тұрмай тамақтана ма? (иә/жоқ)

5. Егер компьютер қолжетімсіз немесе бұзылса немен айналысатынын білмей ме? (иә/жоқ)

6. Компьютерде отыру уақытын басқара алмай ма? (иә/жоқ)

7. Компьютерлік ойындарға көп ақша жұмсайды ма? (иә/жоқ)

8. Достарымен араласуды тоқтатты, көп уақытын онлайн өткізе ме? (иә/жоқ)

9. Түрлі тыйым салынған сайттарға кіреді ме? (иә/жоқ)

10. Үнемі компьютерлік ойындар туралы, Интернеттегі қарым–қатынас туралы айтады ма? (иә/жоқ)

2 нұсқа.

Сіздің балаңыз,...

1. Ойынды аяқтау керек болғанда ашуланады ма? (иә/жоқ)

2. Компьютер ойынының кесірінен отбасына, туыстарына уақыт бөлмейтін болы ма? (иә/жоқ)

3. Компьютерлік ойыннан кейін басының, көзінің ауырғаны туралы шағымдана ма? (иә/жоқ)
4. Интернетте көбірек уақыт өткізгісі келетінін айтады ма? (иә/жоқ)
5. Компьютерлік ойын кезінде, шындықтан мүлде алшақтап, ойын әлеміне толықтай ауысады ма? (иә/жоқ)
6. Компьютер ойынының кесірінен тамаққа, жеке бас гигиенасына немқұрайлы қарайды ма? (иә/жоқ)
7. Компьютерде жүйелі түрде өткізген уақыттың нәтижесінде сабаққа, спорт секцияларына, үйірмелерге деген қызығушылық жоғалды ма? (иә/жоқ)
8. Көбінесе компьютерлік ойындар ойнағанда немесе желіде сөйлескенде жақсы көңіл-күйде бола ма? (иә/жоқ)
9. Интернетте ұзақ уақыт отыру негізінде күн тәртібін бұза ма? (иә/жоқ)
10. Шынайы өмірдегі достармен салыстырғанда виртуалды достармен қарым-қатынасты жақсы көреді? (иә/жоқ)

Нәтижені есептеу: ата-аналар орындайды.

«Иә» – 1 ұпай,
«Жоқ» – 0 ұпай.

Алынған ұпайлар қорытындыланады.

0 – 3 ұпай – компьютерге тәуелділіктің төмен деңгейі; ата-аналар мәселені өзбетімен шеше алады (ұсынымдарды қараңыз);

4 – 6 ұпай – компьютерге тәуелділіктің орташа деңгейі, мәселені шешу үшін маманнан (психолог) кеңес алу қажет;

7 – 10 ұпай – компьютерге тәуелділіктің жоғары деңгейі, компьютерге шамадан тыс құмарлық, баланың психологиялық тәуелділігіне әкеп соғуы мүмкін; ата-аналар өздігінен туындаған мәселені шеше алмайды, сондықтан маманнан (психолог, психотерапевт) көмек сұрау қажет.

9-қосымша

Сауалнама №1. «Абайлаңыз, вирус!»

Компьютерлік вирустардың негізгі тарату арнасы қандай?

1. Веб-парақшалар
2. Электрондық пошта
3. Флеш-жинақтар(флешки)

Вирустардың компьютерге енуін болдырмау үшін сіз:

1. Интернетті пайдаланбаңыз
2. Антивирустық құралдарды орнатыңыз және жаңартыңыз
3. Компьютердің жанында түшкірмеңіз және жөтелмеңіз

Егер вирус анықталса, сізге қажет:

1. Оны алып тастаңыз және одан әрі зақымдануын болдырмаңыз
2. Вирустың қандай түрі бар екенін анықтаңыз
3. Оның компьютерге қалай келгенін табыңыз

Хакерлерге компьютерге кіруге және файлдар мен құжаттарды қарауға не кедергі болады:

1. Брандмауэрді қолдану
2. Операциялық жүйені жаңарту
3. Вирусқа қарсы бағдарлама

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес елімізде қандай заңсыз әрекет жауапқа тартылады?

1. Компьютерлік вирустардың жойылуы
2. Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату
3. Компьютерді қорғау үшін бағдарламалық құралды орнату

Сауалнама №2. «Абайлаңыз, Интернет!»

1. Интернетте қандай ақпаратты жариялауға болмайды?

1. Сіздің қызығушылығыңыз
2. Сіздің лақап атыңыз
3. Үйдің мекенжайы

2. Әлеуметтік желілер неліктен қауіпті?

1. Жеке ақпаратты кез келген адам әртүрлі мақсаттарда пайдалана алады
2. Танылмаған сілтемелерді көргенде, компьютеріңіз бұзылуы мүмкін
3. Жоғарыда айтылғандардың бәрі рас

3. Виртуалды сұхбаттасушы кездесуді ұсынады, не істеу керек?

1. Ата –аналармен кеңесіп, олардың келісімінсіз ештеңе жасамаңыз
2. Кездесуге жалғыз барыңыз
3. Өзіңізбен бірге досыңызды шақырыңыз

4. Интернетте заңмен не тыйым салынған?

1. Өзіңіз туралы ақпаратты орналастырыңыз
2. Өзге адамның келісімінсіз, ол туралы ақпаратты жариялау
3. Файлдарды жеке пайдалану үшін көшіру

5. Интернетте этикет ережелері бар ма?

1. Интернет – ережеге бағынбайтын кеңістік
2. Ерекше жағдайларда
3. Иә, шынайы өмірдегідей

Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі (А. А. Андреев)

Мақсаты: ата-аналардың білім беру ұйымының және оның педагогикалық жұмысының қанағаттанушылық деңгейін анықтау.

Ата-аналарға ұстанымдарды оқып, келесі шкала бойынша олармен келісім дәрежесін бағалау ұсынылады:

4-толығымен келісемін 3-келісемін

2- айту қиын 1-келіспеймін

0 - мүлдем келіспеймін

| № | Бекітулер | шкала |
|-----|---|-----------|
| 1. | Біздің бала оқитын сынып тату деп атауға болады | 0 1 2 3 4 |
| 2. | Сыныптастарының ортасында біздің бала өзін жайлы сезінеді | 0 1 2 3 4 |
| 3. | Педагогтер біздің балаңызға мейірімділікпен қарайды | 0 1 2 3 4 |
| 4. | Біз баланың мектеп әкімшілігімен және мұғалімдерімен қарым-қатынаста өзара түсіністік сезімін сезінеміз | 0 1 2 3 4 |
| 5. | Біздің бала оқитын сыныпта сынып жетекшісі жақсы | 0 1 2 3 4 |
| 6. | Педагогтер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды | 0 1 2 3 4 |
| 7. | Біздің бала шамадан тыс оқу сабақтарымен және үй тапсырмаларымен жүктелмеген | 0 1 2 3 4 |
| 8. | Мұғалімдер біздің баланың жеке ерекшеліктерін ескереді | 0 1 2 3 4 |
| 9. | Мектепте балаларға пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі | 0 1 2 3 4 |
| 10. | Мектепте үйірмелер, секциялар жұмыс істейді | 0 1 2 3 4 |
| 11. | Педагогтер біздің баламызға терең және берік білім береді | 0 1 2 3 4 |
| 12. | Мектепте біздің баланың физикалық дамуы мен денсаулығына қамқорлық жасалады | 0 1 2 3 4 |
| 13. | Мектеп баламыздың мінез-құлқын қалыптастыруға лайықты ықпал етеді | 0 1 2 3 4 |
| 14. | Әкімшілік пен мұғалімдер баламыздың қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды | 0 1 2 3 4 |
| 15. | Мектепте баланы өз бетінше өмір сүруге дайындайды | 0 1 2 3 4 |

Нәтижелерін өңдеу

Ата-аналардың мектеп жұмысына қанағаттануы (К) жеке тұлға ретінде анықталады, жалпы жауап санына ата-аналардың барлық жауаптарының балдарының жалпы сомасы бөлінеді.

(К) 3 – тен көп - қанағаттанудың жоғары деңгейі;

(К) 2 – ден 3-ке дейін - қанағаттанудың орташа деңгейі; (К) 2 төмен, қанағаттанудың төмен деңгейі.

Одан кейін жоғары, орта және мектеп өміріне қанағаттанудың төмен деңгейі сыныптағы ата-аналар саны есептеледі. Жиынтық деректер кестеге толтырылады.

Тест «Менің баламда барлығы жақсы ма?»

Менің балам

| № | Бекітулер | ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі |
|---|--|-------------------------|-------|-----|---------|
| 1 | Ашуланады | | | | |
| 2 | Ересектермен бәсекелеспейді | | | | |
| 3 | Ересектермен орнатылған талаптарды, ережелерді белсенді қабылдамайды немесе орындаудан бас тартады | | | | |
| 4 | Өзін арандатушы ретінде ұстайды және адамдардың әдейі ашу-ызасын келтіреді | | | | |
| 5 | Өз қателіктеріне немесе жағымсыз іс-әрекетіне басқаларды кінәлі деп айыптайды | | | | |
| 6 | Басқалардың іс-әрекеттері үшін тез ашуланады және ренжігіш | | | | |
| 7 | Ашуланғыш және сынға төзімсіз, сөз көтермейді | | | | |
| 8 | Мейірімсіз немесе кекшіл | | | | |

Егер сіз осы сұрақтардың кем дегенде 4-не «жиі» немесе «өте жиі» деп жауап берсеңіз, онда сізге шындап ойлану қажет. Сіздің балаңыздың мінез-құлқы маңызды мәселенің белгісі болуы мүмкін. Алайда, қорытынды сізді толық қанағаттандыратын жауап бермеуі мүмкін. Сіздің балаңызбен не болып жатқанын білу үшін, үйде және одан тыс оның мінез-құлқын мұқият бақылау керек. Қай жерде, қашан және неге бала өзін агрессивті ұстанады. Сіз байқаған мінез-құлық қаншалықты маңызды? Ол басқа балалардың не істеп, не айтатынына, құрдастары мен педагогтері туралы қандай пікірге сүйенетінімен қалай байланысты?

11-қосымша

Киберқауіпсіздік және компьютерлік қауіпсіздіктер бойынша сынып сағатының үлгісі.

Тақырыбы: Киберқауіпсіздік, компьютерлік қауіпсіздіктері.

Мақсаты:

1. Киберқауіпсіздік туралы түсінік беру, бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау;

2. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру; оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, қызығушылығын арттыру; пікірлерін өз дәлелдемелеріне сүйене отырып, бұлтартпас айғақтар келтіру.

3. Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру
Сабақтың көрнекілігі: ИБТ
Сабақтың түрі: түсіндіру /пікірталас

I. Сабақтың барысы: 1.Шаттық шеңбері (3 мин)

Сәлеметсіздерме балалар! Мен сіздерге бір бірлеріне қол беріп амандасуларыңызды сұраймын. Бір-бірімізге қол бере отыра, әрқайсысымыз шынайы түрде араласып және біз қуанышты екенімізді жеткіземіз.

Интернет арқылы біз бейтаныс адамдарды әлеуметтік желілерде жиі қосамыз және олармен араласамыз. Біз олар туралы ештеңе білмейміз, тек олардың лақап аттарын ғана. Біз қол ұстасудан немесе бейтаныс адам туралы қанша ақпарат біле аламыз? ... Әрқашан жаныңызда сенуге болатын адамдар бар екенін біліңіз, олар сізді әрқашан жақын жерде жақсы көреді. Бұлар кімдер? Туыстары, достары, сыныптастары, достары.

Сабақтың барысы: Интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтып кетелік. Адамзат қоғамының дамуына айтарлықтай әсер ететін кез-келген жаһандық құбылыс сияқты, интернеттің де оң және теріс жақтары бар.

Осы отырған оқушыларды 2- топқа бөлеміз. Олардың атаулары:

1) Қауіпті ғаламтор

2) Қауіпсіз ғаламтор

Видеоролик көру

Топтық жұмыс. Постер қорғау.

I –ші топ ғаламтордың пайдасы туралы айтады.

«Интернет керек, ол біздің өмірімізге қажет. Интернеттің пайдасы зор. Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық – коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Интернет мүмкіндіктеріне шектеу қойсақ, әрине алға баспаймыз. Керісінше біртіндеп құлдырай береміз. Оданда ондай қиыншылықтармен күресе отырып, алға ұмтылу жолдарын қарастырғанымыз жөн. интернетке кіру үшін компьютерде отыру керек. Компьютерде отыру денсаулыққа зиян. Әрине бұл орынды ол үшін алдымен әр бала компьютерде жұмыс жасап отырғанда техника қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Ережелер талапқа сай орындалса денсаулыққа зиян тимейді. Көзге жаттығулар жасалады, әр 20 – 25 минут сайын, көзбен компьютердің ара қашықтығы 60 – 70 см болу керек. Жұмыс кезінде ақ халат кисек, ультра күлгін сәулесін сақталады. Ал көзді сақтау үшін компьютердің алдына кактус гүлін қою керек. Гүл бойына компьютерден бөлінген сәулені тартып алады. Осы айтылған ережелер

орындалса денсаулығымызды сақтай аламыз. Интернеттің пайдасы көп. Интернет арқылы біз басқа қаладағы болсын, басқа елдегі болсын алыстағы достарымызбен сөйлесе аламыз. Мысалға, ұстаздар берген реферат, мәнжазба, солардың бәрін мен интернет арқылы таба аламын. Кітапханаға барып жүрмей мен үйдегі интернеттен іздеймін. Интернеттің пайдасы мен үшін өте зор

Интернет – тиімді байланыс құралы. Көптеген мәліметтер жинақталған. Балама ақпарат көзін табуға болады. Электронды пошта қызметі жылдам хабарласуға мүмкіндік береді. Біздің өміріміз күнде бір жаңалықпен толығып отырады. Интернетті сол жаңалықтың ішіндегі ең озығы деуге де болар. Себебі, бір өзіне соншама ақпарды сиғызып, жан – жаққа лезде таратып тұру, әлемнің бір шетіндегі кісіні екіншісімен байланыстыру, керек болса, көзбе – көз әңгімелестіріп, бейнесін көрсету қандай жетістік десеңізші.

Интернетте көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады
II–ші топ ғаламтордың зияны туралы айтады.

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Интернетке қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіздер ме? Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл – қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе – бет сөйлесуіне де әсер

етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра – күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы – ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы.

Енді компьютерлік ойындарға келсек, олардың қаншалықты зиянды екенін айта кетейік. Интернеттегі онлайн ойындары атыс – шабыс, тағы басқа қантөгу, жауыздық тақырыбында болады. Осы ойындарды бала ойнап, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздеріңізде білесіздер. Ұдайы ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс – тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратын болады. Қалалы жерде ақша табу үшін компьютерлік ойындарды жарнамалап, оқушы балаларды өздеріне тарта бастап, жаман қылықтарға бағыттайды. Біз бөлмеде тығылып компьютерлік ойынды ойнағанша, далада таза ауа жұтып, көпшілікпен көңіл көтеріп, денемізді шынықтырып, сау болғанымызға не жетсін.

Сұрақ- жауап бөлімі: Әлеуметтік желі зиян ба, пайдалы ма? Бұл желілер не үшін керек болды? Мүмкін шығарушы елдер бөтен мемлекеттердің ішкі-сырты құпияларын ұрламақ болды ма?

Ғаламтор - қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған дүние. Тіпті, кейбіріміз ғаламторсыз өмір сүре алмайтын деңгейге жеттік. Ғаламтордың жылдамдығы нашарлап қалса болды, - ашуға беріліп шыға келеміз. Бұлай ашулануға негіз бар ма әлде жоқ па? Соны анықтап алайық.

Ғаламтордың пайдалы жақтары

Ғаламтор - ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Ол - сөзсіз. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеспек. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ғаламторда шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесің, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың. Ғашығын да ғаламтордан тауып жатқандар қаншама.

Ғаламдық желі, сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. Соның арқасында шет тілін үйреніп, түрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Одан бөлек, ғаламтор - нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. Онымен табыс тауып отырғандар да аз емес.

Ғаламтордың зияны

Өкінішке орай, жоғарыда айтылған ғаламтордың артықшылықтарына қарамастан, оның зиян жақтары да көп болып шықты. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз.

Ғаламтордың келесі зиянды тұсы - адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін.

Не істеуге болады?

Жалпы компьютердің алдына артық отырып алмай, ғаламторды ретімен пайдаланса, өзіне қажетті деген сайттар мен ресурстарға кіріп, керегін ала алса, онда ғаламтор түк те зияны жоқ. Тек тәуелді, масыл болып қалудан қашқан жөн.

Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан сақтанудың да қамын жасаған абзал.

Видео көру

Бүгінгі күні ғаламтордың қолжетімділігі – заманауи үдерістердің біріне баланады. Интернеттің игілікке айналуы – өміріміздің ажырамас бөлігі ретінде ғана емес, сондай-ақ әлемдік алға жылжудың қажетті шарты ретінде қабылданады. Алайда, өзгермелі әлемде жағымды жаңалықтармен қатар, қабағат қателіктері де қатар жүретін қауіп-қатерлерді де назардан тыс

қалдырмауымыз керек. Барлық адамзатты алаңдатып отыр. Қауіп-қатері ядролық қарудан кем түспейтін осы бір «киберқауіпсіздік» тақырыбы жайлы аз-кем ой қорытпақпыз.

Бүгінгі күні киберқауіпсіздік күллі әлем үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі технология қарыштап дамыған сайын хакерлер жеке адамдардың деректеріне ғана емес, ірі компаниялар мен ресми органдардың сайттарына да шабуыл жасай бастады. Бұл ретте Қазақстан да киберқауіпсіздік мәселесіне ерекше назар салуда.

Киберқауіпсіздік — құпиялылық, тұтастық және қол жетімділіктің қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын процесс. Жүйелік администратор активтерді қоса алғанда, компьютерлердің жергілікті желі деректерін, серверлерді қорғауды қамтамасыз етеді. Киберқауіпсіздік деректерді қорғау болып табылады. Егер бұрын тек электронды поштаның

құпиясөздерін және компьютерді вирустардан қорғау керек болса, бүгінде әлеуметтік желілердегі аккаундтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет.

Кахут ойынын ойнау

Кеңес: Интернетпен жұмыс жасаудың ережелері 1. Таныс емес сайттарға бас сұқпаңыз. 2. Сізге пошта арқылы Word немесе Excel құжаты келсе (таныс адамнан келсе-дағы), оны ашпас бұрын, вирустардың бар-жоғына тексеріп алыңыз.

3. Егер таныс емес қосымша келер болса, оны іске қоспаңыз, дұрысы – жойып, себетті босатып қойыңыз. 4. Құпиясөзді еш уақытта ешкімге бермеңіз. 5. Құпиясөзді құрастырған кезде есте сақтап қалуға қиын сандардың және әріптердің жиынтығымен қолдануға тырысыңыз. 6. Интернет арқылы қарым-қатынас орнатқан кезде өзіңіздің жеке мәліметтеріңізбен қолданбаңыз, керісінше лақап атпен (никпен) қолданыңыз.

7. Үлкен адамдардың бақылауынсыз Интернетте танысқан адаммен кездесуге бармаңыз.

8. Егер Интернетте тіркеуден өту қажет болса, ол жерде жеке ақпаратыңыздың болмағанын қадағалаңыз. 9. Интернетте орналасқан ақпараттың барлығына бірдей сене бермеңіз.

10. Экранда маңызды мәліметтері бар компьютерді қараусыз қалдырмаңыз.

11. Маңызды мәліметтерді көпшілікке қолжетімді компьютерде сақтамаңыз.

12.Өзі туралы ақпаратты құпияда ұстау;

13.Ғаламтордан бағдарлама немесе файл жүктер алдында абай болу;

14.Ғаламторда бірдеңе мазаласа, оны бірден үлкендерге айту;

15.Ғаламторда отырғанда өзін-өзі дұрыс ұстау.

16.Белгісіз чаттарға, әлеуметтік сайттарға, хабарландыру парақшаларына кірмеңіздер;

17. Ғаламторды бұзақылық үшін пайдаланбаңыз;

18. Ғаламтор арқылы бір затты сатып алуда, сатуда үлкендермен ақылдасыңыз;

19. Құмар ойындарды және олардың зиянды екенін есте сақтаңыз.

Тәрбиеші: «Сақтансаң сақтайды, сақтанбасаң сені құдай не қылады»,

Сондықтан интернетті меңгеруіміз керек деп, таңертеннен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көзіміз жетті. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтанайық демекпін.

Көтеріліп отырған мәселе әлемдік деңгейде қаралып отыр. Жер халқының келешегі жас буын, яғни сіздер! Сіздердің мәселелерің шешілмесе келешектен қандай үміт күтеміз! Асыл тастан, өнер жастан – демекші, –қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, дені сау білімді, интернеттен мағұматын жинап, Қазақстанға өз үлесін қосатын сауаты мол ұрпақ керек! Сондықтан интернет кімге де болса өте қажет, оның пайдасы өте зор, әрі қауіпсіз.!

Тақырыбы: Қауіпсіз Интернет

Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру:

Сабақ түрі: пікірталас

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру

Оқушылармен амандасу, түгендеу.

Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстыру

II. Негізгі бөлім.

Мұғалім сөзі: Жылдың 11 ақпанында 100 ден астам елде Бүкіл әлемдік Қауіпсіз Интернет күнін атап өтеді. Осынау дәстүр 2004 жылдан бастау алды. Биылдан бастап, Назарбаев Университетінде алғаш рет осы маңызды мәселелермен байланысты іс - шаралар өткізілді.

III. Сұрақ - жауап бөлімі:

• Әлеуметтік желі зиян ба, пайдалы ма?

Бұл желілер не үшін керек болды? Мүмкін шығарушы елдер бөтен мемлекеттердің ішкі - сырты құпияларын ұрламақ болды ма?

• Негізінде әлеуметтік желіні «әлеуметтік медия» деп те атайды екен. Бұл – адамдардың бір - бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамсыз ететін интернет сайт. Яғни жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі бұл – адамдар мен олардың бір - бірімен қарым - қатынасы.

• Әлеуметтік желі деген не?

• Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір - бірімен байланыстыратын вебсайт қана емес, сонымен қатар өз айналасындағы адамдардың тағыда кімдермен байланыс таныс екенін білудің, сондай - ақ, сол арқылы өз таныс - білістігіңді арттырудың жолы. Демек, әлеуметтік – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым - қатынас. Енді осы жерде «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз.

- Әлеуметтік желі не үшін керек?

● Әрине, селбесіп, араласып - құраласып өмір сүру үшін. Адам баласының табиғатында бір қасиет болса керек, біз мысалы, өзгелермен сөйлесуді, бейтаныс адамдармен танысқанды, белгілі бір тақырыпта пікір алмасқанды, үйге қонақ келгенде фото - альбомдарымызды көрсеткенді жақсы көреміз. Ал, шынайы өмірде біз мұндай әрекетті тек реті келгенде ғана жасасақ, қазіргі ақпараттық технология, әсіресе интернеттің қарыштап дамыған заманында бұл оңайлана түсті. Өйткені, біздің ұғымымызда «әлеуметтік желі», яғни «адамдардың бір-бірімен виртуалды байланыс» деген түсінік пайда болды. Демек, сіз өзіңіздің дәл қазіргі көңіл күйіңіз қандай екенін жұртқа айту үшін немесе кешегі түнде болған досыңыздың тойындағы суретті өзгелерге көрсету үшін һәм өзіңіз сүйіп тыңдайтын әншінің шығармашылығы туралы достарыңызбен еркін бөлісе аласыз. Осылайша, сіз әлеуметтік желінің мызғымас бір бөлігіне айналасыз. Төкетері, әлеуметтік желі адамдардың бір - бірімен қарым - қатынас жасауы үшін керек.

- Әлеуметтік желінің қанша түрі бар?

● Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің саны екі қолдың саусағын қосып санасаң да жетпейтін жағдайға жетті. Мой Мир секілді жалпы әлеуметтік желілер немесе блогтар желісі, микроблогтар, тек қана видео немесе суреттерді жүктеуге арналған белгілі бағыттағы, тақырыптық әлеуметтік желі бар. Мысалы, ретінде әлеуметтік видео желіге youtube-ті айтсақ, блогтар желісіне wordpress, ал микроблоггинг мысалына twitter. Сонымен әлем бойынша рейтингі ең жоғары әлеуметтік желіні атап өтейін.

- Тіркелудің түрлері?

● Әр желінің өзіндік тіркелу шарттары бар. Мысалы: Мой мир желінің тіркелуі тұратын жерің, қалаң, ауылың тіпті мектебіңе дейін сұрайды. Мұны біз жәй тіркелу үшін деп қоямыз, мүмкін бұның астарында не жатқанын кім білсін. Ал Facebook желісіне өзің туралы, бойың, салмағың, жұмыс орның. Үйленгенсің бе? Қанша балаң бар? Ұзын саны 25 сұраққа жауап бересің. Бір қызығы енді, сенімен осы сайтта дос болған барлық адам сенің өмір баяныңмен, хоббиіңмен таныс болады. Яғни өзіңді-өзің басқаның қолына байлап бердің, деген сөз. Сондықтан бұл әлеуметтік желілердің қауіпсіздігі туралы теренірек ойлану қажет деп санаймыз.

12-қосымша

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға арналған жадынама

111 - бап. Ата - аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы

1. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамауы, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды ұдайы қолдануына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасауы, - ата - аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

112 - бап. Кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізу

Ата - аналардың немесе өзге де адамдардың кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізуі,

- айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

112 - 1 - бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын - сауық мекемелерінде болуына жол беру

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22 - ден таңғы 6 - ға дейін) ойын - сауық мекемелерінде болуына жол беру, - ойын - сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына

- бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға

- жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

330-бап. Ұсақ бұзақылық

1. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс-әрекеттер,

- айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

331-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық

Он төртжастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 257 - бабының бірінші бөлігінде көз делген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, ата - аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

336 - 3 - бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын - сауық мекемелерінде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22 - ден таңғы 6 - ға дейін) ойын - сауық мекемелерінде болуы,

-заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет,

-заңды өкілдеріне айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

336 - 4 - бап. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуы

1. Заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23 - тен таңғы 6 - ға дейін болуы – заңды өкілдеріне ескертуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - заңды өкілдеріне бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

III бөлім. Рефлексия.

«Соңғы сөзді мен айтайын...» (жиналыс басында таңдаған мақал-мәтелдердің біреуін пайдалана отырып, шағын әңгіме құру.

«Ісін өндіре алмаған қырсыз бала, қырсығын әкесінен іздейді.»

«Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің.»

«Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен ары сырласыңдай сыйла.»

«Жақсы бала сүйініш, жаман бала күйініш.»

«Атаңа не қылсаң алдыңа сол келер»

«Өмірде кім. не нәрсе ыстық, не нәрсе қажет» ойыны

VI бөлім. Қорытынды.

Отбасы — адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаулысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың, азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Ата -ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Сондықтан да бүгінгі жиналысымызды А. Сухомлинскийдің сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Тек қана ата- аналармен біріге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында, мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін»

13-қосымша

Компьютерге бағынышты балалармен кешенді жұмыс жүргізу

Кейс-тапсырма

Мақсаты: ата-аналардың балаларға деген жауапкершілік қатынастарын дамыту.

12 жастағы Б. есімді баланың анасы мұғалімге шағымданады. Ол соңғы уақытта баласының ұялы телефонда, компьютерлік ойындарға тәуелді

екендігін айтты. Ол анасының ескертуіне құлақ аспай, керісінше анасына дауыс көтеріп, дөрекі жауап қайтаратындығын айтты. Ана баласының компьютерге тәуелділігінен бір жамандыққа тап болама деп алаңдайды.

Сіздің әрекетіңіз?

Жаздаяттың проблемасы

- Балада өзгеріс пайда болып, агрессивті мінез-құлық танытады.

Мүмкін:

- Кибербуллингке тап болуы және компьютер ойындарының құрбаны болуы ықтимал.

Ықтимал себептер:

Б. есімді баланың анасының шағымын тәрбиеші балабақша психологымен бірлесіп шешу жолын қарастырды.

12 жастағы Б. есімді бала дамушы кезеңде. Оның психологиялық даму жағдайына әсер ететін түрлі жат мінез-құлықтар мен әрекеттер бар деп болжауға болады, бұл жағдай ашуланшақтықпен, сабақ үлгерімінің төмендеуі, агрессия мен құмарлық байқалады. Оның сырт келбеті таза, ұқыпты, балабақшадан қалмайтын болғанмен, оның ішкі әлеміндегі достары виртуальды, ол үшін топтағы қарым-қатынас қызықсыз. Анасының баласына көңіл бөлмеуі, үйірмелерге, қоғамдық жұмыстарға қатыспауы, сырын бөлісетін достарының жоқтығы баланың тұйықталып осы жағдайға жеткізді.

Шешім:

1. Ата-анамен жеке кездесу; Кездесу барысында жағдаятқа қатысты ата-ананың пікірін, ойын анықтау. Ата-анасы баласына қатты алаңдайды. Ол баласы компьютерде ұзақ отырса дөрекі, тәуелді болып кетеді деп алаңдайды. Бірақ баласымен тіл табысып, сырласып сөйлесе алмайды. Ата-ана өз қорқынышын жеңе алмайды. Сол себепті баласы менің айтқанымды орындап, менің ойымдағыдай бала болса екен деген ойы бар;

2. Баламен жеке кездесу; Кездесу барысында жағдаятқа қатысты баланың пікірін, ойын анықтау. Жалпы орын алған жағдайға баланың қатынасын білу

Баланың сырласатын достары жоқ. Анасымен тіл табысып сөйлесіп сырын айта алмайды. Сондықтан, ол виртуалды достармен ойнап солармен ғана сөйлеседі. Анасымен бірге үй шаруасына араласпайды, бос уақыты көп. Анасының шектен тыс қорғауы оны ашушаңдыққа әкелген. Сонымен қатар баламен психологиялық жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілу керек.

2. Б есімді баланың тобымен ұялы телефонға, компьютерлі ойындарға тәуелді болудың кері әсері туралы сынып сағаттар, дөңгелек үстелдер, тренингтер өткізіп, кибербуллинг туралы видеороликтер көрсету. Арнайы мамандармен кездесу ұйымдастыру;

4. Ата-анамен (немесе ата-анамен және баламен)- кездесу. Ата-ананың ұстанымын, пікірін, осы жағдай бойынша баласының пікірімен таныса отырып, басқа қырларын сұрақтар қою арқылы байқауға қолдау көрсету. Ата-анамен және баламен бірге сөйлесе отырып, өздерінің қай жерде қандай кемшіліктер жіберіп жатқанын сұрақтар қою арқылы қолдау көрсетіп отыру.

Жағдайды талқылап ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Екеуінде түсіністікке шақырып отбасы құндылықтарына мән беру.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балаңыз қанша уақыт компьютерде отырады?
2. Ол компьютерден қандай ойындар немесе сайттарға кіреді?

Бақыладыңыз ба?

3. Балаңызбен сырласасыз ба?
4. Балаңызға қанша уақыт бөлесіз?
5. Не себепті дөрекі жауап береді деп ойлайсыз?
6. Не себепті ойдан шығарады деп ойлайсың?
7. Не себепті дұрыс тіл табыса алмайсың? Не кедергі?
8. Топта достарың барма?
9. Не себепті анаң саған ұрыса береді?

Кесте 1

| Оқушының әрекеті | Мұғалімнің әрекеті | Ата-ананың әрекеті |
|--|--|--|
| Ұялы телефонда, компьютерлік ойындарға тәуелді. Анасының ескертуіне құлақ аспайды, керісінше анасына дауыс көтеріп, дөрекі сөйлейді. | Ата-анасымен, баламен жеке сөйлесіп, топпен тәрбиелік мәні бар тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, кездесулер мен коучтар өткізеді. | Баласымен тіл табысып, сырласып, ашық сөйлеспейді. Ата-ана өз қорқынышын жеңе алмайды. Балам менің айтқанымды орындап, менің ойымдағыдай болса екен деген ойы бар. |

Ұсыныс:

1. Оқушыны жеке бақылауға алу;
2. Ортаға бейімдеу, қарым-қатынасын нығайту;
3. Бос уақытын тиімді пайдалану, үйірмеге қатыстыру;
4. Арт терапия түрлерін пайдалану арқылы коррекциялық жаттығулар жүргізу.

Мұғалімге нұсқаулық:

1. Баланы күнде таңертең қарсы алу, балабақшадан шығарып салу;
2. Күнделікті көңіл-күйін бақылау;
3. Ата-анамен үнемі тығыз байланыста болу.

Тапсырма №2. Мұғалімдер ата-аналармен төмендегі тестті жүргізу керек

Тест «Менің баламда барлығы жақсы ма?»

Менің балам

| № | Бекітулер | ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі |
|---|-----------|----------------------|-------|-----|---------|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| 1 | Ашуланады | | | | |
| 2 | Ересектермен бәсекелеспейді | | | | |
| 3 | Ересектермен орнатылған талаптарды, ережелерді белсенді қабылдамайды немесе орындаудан бас тартады | | | | |
| 4 | Өзін арандатушы ретінде ұстайды және адамдардың әдейі ашу-ызасын келтіреді | | | | |
| 5 | Өз қателіктеріне немесе жағымсыз іс-әрекетіне басқаларды кінәлі деп айыптайды | | | | |
| 6 | Басқалардың іс-әрекеттері үшін тез ашуланады және ренжігіш | | | | |
| 7 | Ашуланғыш және сынға төзімсіз, сөз көтермейді | | | | |
| 8 | Мейірімсіз немесе кекшіл | | | | |

Егер сіз осы сұрақтардың кем дегенде 4-не «жиі» немесе «өте жиі» деп жауап берсеңіз, онда сізге шындап ойлану қажет. Сіздің балаңыздың мінез-құлқы маңызды мәселенің белгісі болуы мүмкін. Алайда, қорытынды сізді толық қанағаттандыратын жауап бермеуі мүмкін. Сіздің балаңызбен не болып жатқанын білу үшін, үйде және одан тыс оның мінез-құлқын мұқият бақылау керек. Қай жерде, қашан және неге бала өзін агрессивті ұстанады. Сіз байқаған мінез-құлық қаншалықты маңызды? Ол басқа балалардың не істеп, не айтатынына, құрдастары мен педагогтері туралы қандай пікірге сүйенетінімен қалай байланысты?

14-қосымша

Тест. Сіздің қарым-қатынас стиліңіз агрессивті ме, әлде бейбітшіл ме?

Өзімізді сырттан бақылау көп жағдайда біздің қолымыздан келмейді, ал бірақ, әр адамда стиль деп аталатын қарым-қатынас үлгісі болады. Берілген тест сіздің қарым-қатынасыңыздың стилін анықтап береді. Бұл тесттің көмегімен сіз отбасыңызбен, қызметтестеріңізбен жаңа жолдастарыңызбен қаншалықты сыпайы түрде араласасыз, оларға сізбен араласу қандай екенін біле аласыз.

Жиырма сұрақтың әрқайсысына үш варианттан берілген. Егер жауаптың еш варианты сізге сәйкес келмесе, келесі сұраққа көшесіз.

Шыққан нәтижеге қатты көңіл бөлмеңіз, оны ойлануға арналған ақпарат деп біліңіз.

Сұрақтар:

- 1) Жұмыс кезінде болатын кезекті келіспеушіліктен соң татуласу жолын іздейсіз бе?
 1. Әрқашан;

2. Кейде;
 3. Ешқашан
- 2) Қиын кезеңдерде өзіңізді қалай ұстайсыз?
 1. Ішіңізден күйіп тұрасыз;
 2. Толық сабырлық танытасыз;
 3. Өзіңізді басқара алмай қаласыз.
 - 3) Сізді қызметтестеріңіз қандай деп бағалайды?
 1. Өзіне сенімді және тәуелді;
 2. Ынтымақшыл;
 3. Байсалды және тәуелсіз
 - 4) Сізге жауапкершілігі жоғары жұмысты табыстағандағы әрекетіңіз:
 1. кішкене қорқынышпен қабылдайсыз;
 2. ойланбастан келісесіз;
 3. Өзіңіздің тыныштығыңыз үшін бас тартасыз.
 - 5) Егер сіздің қызметтестеріңіздің рұқсатсыз үстеліңізден қағаз алса, сіз:
 1. оған жақтыртпаушылық танытасыз;
 2. Қайтарып беруін талап етесіз;
 3. Тағы да ештеңе керек емес пе деп сұрайсыз.
 - 6) Егер сіздің күйеуіңіз (жарыңыз) жұмыстан күнделікті уақытынан кешігіп келсе, қалай қарсы аласыз?
 1. «Сені осынша уақытқа дейін не бөгеп қалды?»;
 2. «Осыншама уақыттан бері қайда жүрсің?»
 3. «Мен уайымдай бастадым ғой»
 - 7) Автокөлікті жүргізіп отырғанда өзіңізді қалай ұстайсыз?
 1. Сізден озып кеткен машинаны қуып жетуге тырысасыз;
 2. Қанша машина сізді қуып озса да сізге бәрібір;
 3. Сізді ешкім қуып жете алмайтын жылдамдықпен жүресіз.
 - 8) Өмірге деген көзқарасыңыз қандай деп ойлайсыз?
 1. Жүйеленген;
 2. Жеңіл ойлы;
 3. тым қатал.
 - 9) Жұмысыңыз іске аспағандағы көңіл-күйіңіз?
 1. бар кінәні басқа адамға сілтеуге тырысасыз;
 2. Бұл жағдаймен келісесіз;
 3. алдағы уақытта сақ болуға бел буасыз.
 - 10) Қазіргі замандағы жастар арасында пайда болған жағдайға байланысты жазылған фельетонға көзқарасыңыз?
 1. жастарға мұндай істермен айналысуын қысқарту керек;
 2. Олар үшін ұйымдастыру және мәдени шараларын өткізіп тұру керек»;
 3. Олар үшін неменеге қиналамыз?
 - 11) Сіз қалап жүрген қызметке басқа адамды сайласа сіз қандай күй кешер едіңіз?
 1. бұл жұмыс үшін неменеге барлық күш-жігерімді жұмсадым?

2. Бұл адам бастығымызға ұнайтын болуы керек
3. басқа күні қолымнан келер
- 12) Қорқынышты кино көргендегі сіздің көңіл-күйіңіз:
 1. Қорқыныш сезімі;
 2. Жалығып кетесіз;
 3. шынайы рахаттануды сезінесіз.
- 13) Көлік кептелісінен соң жиналысқа кешігіп қалдыңыз, не сезінесіз?
 1. Кеңес кезінде тыпыршып отырасыз;
 2. Басқа адамдардың түсіністікпен қарауын қалайсыз;
 3. ренжисіз;
- 14) Өзіңіздің спорттағы жетістіктеріңізге қалай қарайсыз?
 1. Міндетті түрде жеңуге тырысасыз;
 2. Өзіңізді жас ретінде сезініп қалғаныңызға қуанасыз;
 3. жеңіліп қалсаңыз реніш сезінесіз
- 15) Мейрамханада сізге дұрыс қызмет көрсетпесе, сіз:
 1. Ұрыс-керістен қашу үшін бәрін де көтересіз;
 2. Басты даяшыны шақырып оған ескерту жасайсыз;
 3. Мейрамхананың басшысына шағымданасыз.
- 16) Сіздің балаңызды мектепте ренжітіп қойса, сіз не істер едіңіз?
 1. Мұғаліммен сөйлесесіз;
 2. Ренжіткен баланың ата-анасымен ұрысасыз;
 3. Балаңызға есенді қайтар деп кеңес бересіз.
- 17) Сіз қандай адамсыз?
 1. Орташа;
 2. Өзіңізге сенімді;
 3. Алғыр, пысық
- 18) Қызметкеріңізбен есікте қақтығысып қалдыңыз, сіздің жауабыңыз:
 1. «Кешіріңіз, менің кінәмнан болды»
 2. Ештеңе де емес
 3. «Назар аударсыңыз болмас па еді?»
- 19) Жастар арасындағы тәртіпсіздікке байланысты мақалаға көзқарасыңыз:
 1. Қашан осы жағдайларға шектеу қойылады екен;
 2. Оларға қатаң жаза қолдану керек;
 3. бәрін жастардан көруге болмайды, бірақ бәріне оларды тәрбиелеген адамдар кінәлі ғой
- 20) Қай жануар сізге ұнайды?
 1. Жолбарыс;
 2. Үй мысығы;
 3. Аю.

Нәтижені шығару.

Барлық сұрақтан таңдалған әр жауапты бір мен үш балл аралығында бағалайсыз.

Кілт:

| Жауаптар нұсқасы | Сұрақтарға жауаптардың балл саны | | | | | | | | | |
|------------------|----------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| | <i>1</i> | <i>2</i> | <i>3</i> | <i>4</i> | <i>5</i> | <i>6</i> | <i>7</i> | <i>8</i> | <i>9</i> | <i>10</i> |
| A | 1 | 2 | 3 | 2 | 3 | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 |
| Б | 2 | 1 | 2 | 3 | 2 | 3 | 1 | 1 | 2 | 1 |
| В | 3 | 3 | 1 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 | 1 | 2 |
| | <i>11</i> | <i>12</i> | <i>13</i> | <i>14</i> | <i>15</i> | <i>16</i> | <i>17</i> | <i>18</i> | <i>19</i> | <i>20</i> |
| A | 1 | 3 | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 3 |
| Б | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 2 | 3 | 3 | 1 | 2 |
| В | 3 | 1 | 2 | 1 | 2 | 3 | 2 | 2 | 3 | 1 |

Зерттеу нәтижесі және психолог кеңесі.

Егер сіз **35-44 ұпай**. Сіз аздап агрессивтісіз, бірақ өмір жолымен сәтті жүріп келесіз, Сізде таза шыншылдық пен өзіндік сенімділік айтарлықтай дәрежеде. Ісіңізде қиындық болса, онда оны болуы керек іс сияқты қабылдайсыз

45 және одан да көп. Сіз өте агрессивтісіз және басқа адамдарға өте қатал қарым-қатынастасыз. Сіз өз күшіңізге сүйене отырып, «жоғары» басшылыққа жеткіңіз келеді. Бір аймақта жетістікке жету үшін басқалардың кзқарасымен санаспайсыз. Басқалардың сыны сіз үшін әр түрлі, егер «жоғарғылар» айтса, қабылдайсыз, өзіңізден «төмен» адам айтса, оны ауыртпашылықпен қабылдап, ашуланасыз.

34-тен төмен ұпай. Сіз өзіңізбен өз күшіңізге сенімдеусіз, өте татулықты қалайтын адамсыз. Бұл сіздің соққан желдің күшімен жүріп кетесіз деген сөз емес. Сонда да сізге өзіңізге деген сенімділік жетіспейді. «Төмендегілердің» сынын жақсы қабылдап, бірақ «жоғарғыдағылардың» сынынан қорқасыз.

Егер сіз **жеті және одан көп сұрақтың әрқайсысынан үш баллдан** алған болсаңыз және жеті сұрақтан төменгілерінің әрқайсысынан бір баллдан алсаңыз, онда сіздің агрессивтілігіңіз бұзылған. Сіз ойға келмеген істерге және қатаң түрдегі пікірталастарға құмарсыз. Адамдарға деген менсінбеушілік, елемеушілік қасиеттеріңізді жоғарылатуға тырысыңыз.

Егер сіз **жеті және одан көп сұрақтардың әрқайсысынан бір балдан** алсаңыз және жеті сұрақтан төменгілерінің әрқайсысынан үш балдан алған болсаңыз, онда сіз өз әлеміңізден басқаларды көрмейтін адамсыз. Бұл сізде агрессивтілік жоқ деген сөз емес, бірақ сіз оны басып ұстайсыз.

Сіз қақтығыссыз адамсыз ба?

Бұл тест сіздің ымыраға тез келесіз бе, әлде көп жағдайда келіспеушілікпен жүретіндігіңізді анықтайды. Ол үшін сіз берілген сұрақтың үш жауабының ішінен өз мінезіңізге сәйкес жауапты таңдауыңыз керек.

Сұрақтар

1. Қоғамдық көлікте қақтығыс болып жатыр. Сіз не істейсіз?
 - А) Оған араласудан қашасыз
 - Б) Кімдікі дұрыс сол адамды жақтайсыз
 - В) Үнемі мұндай жағдайға араласып өз пікіріңізді жеткізесіз
2. Жиын кезінде сіз басшылықтың жіберген қателігіне сын айтасыз ба?
 - А) Жоқ
 - Б) ия, егер сіздің ол жағдайға қатысыңыз болса
 - В) Қателік кеткен барлық жағдайда сын айтамын
3. Сіздің тікелей басшыңыз сіздің көзқарасыңыз бойынша дұрыстау емес жұмыс жоспарын ұсынады. Осы жағдайда сіз өзіңіздің жоспарыңызды ұсынар ма едіңіз?
 - А) Егер мені барлығы қолдап жатса, ұсынамын
 - Б) сіз міндетті түрде өз жоспарыңызды қолдайсыз
 - В) сіздің осындай сыни көзқарас танытқаныңыз үшін айлық ала алмай қаламын ба деп қорқасыз
4. Сіз өзіңіздің достарыңызбен немесе қызметтестеріңізбен пікірталастырған ұнай ма?
 - А) ренжіп қалмайтындармен және бұл пікірталас арамызды бұзбайтын жағдайда ғана
 - Б) егер маңызды сұрақ болса, онда ия
 - В) сіз барлығымен кез келген жағдай үшін қарсыласа бересіз
5. Керек кезінде біреу кезексіз сіздің алдыңызға өтіп кетуге тырысады. Сіздің әрекетіңіз?
 - А) өзіңізді ол адамнан кем көрмей, оның алдына өтесіз
 - Б) өзіңізге ашуланасыз
 - В) өзіңіздің ашық көзқарасыңызды білдіресіз
6. Сіздің қызметтестеріңіздің арасында кеткен қателіктерді де, бірақ жақсы көзқарастар да бар тәжірибелік ұсынысы көрсетіліп жатыр. Егер осы жағдайда сіздің пікіріңіз шешуші болса, онда сіз не істер едіңіз?
 - А) бұл жобаның жақсы жақтарын да, жаман жақтарын да ашық айтасыз
 - Б) жақсы жақтарын көрсетіп, оны ары қарай жалғастыруды ұсынасыз
 - В) жаңалық ашу үшін қателік жібермеу керек деп ойлап, оны сынай бастайсыз
7. Егер сіздің жарыңыздың шешесі сізге ақшаны ұқыптап ұстау керек деп айтып, өзі қымбат заттардан алып жүрсе және ол кісі соңғы сатып алған затының қандай екендігін сізден сұрағысы келді. Сіз не дейсіз?

- А) егер сатып алынған өзіне ұнаса, қолдаймын
- Б) заттың талғамсыз алынғандығы жөнінде айтасыз
- В) осы үшін ол кісімен үнемі келіспеушілікке келіп ұрсысасыз

8. Сіз темекі шегіп тұрған жеткіншектерді көріп қалдыңыз. Сіздің әрекетіңіз?

А) «басқаның тәрбиелеген баласы үшін мен неменеге көңіл күйімді түсіремін» - деп ойлайсыз

Б) ескертулер айтасыз

В) егер мұндай жағдай қоғамдық орындарда болса, оларға ұрсасыз

9. Мейрамханада даяршының сіздің ақшаңызды өтірік санамағандығын байқап қаласыз. Сіз:

А) егер ол дұрыс істегенде қалдырып кеткелі отырған ақшаңызды бермейсіз

Б) одан ақшаны қайта санап шығуын өтінесіз

В) бұл ұрсысудың амалы болады

10. Сіз демалыс үйіндесіз. Администратор мәзірдің әр түрлі болуына және бөлмедегі тазалықты тексерудің орнына өзі көңіл көтеруде. Сізді бұл жағдай ашуландыра ма?

А) ия, бірақ сіз оған өз ойыңызды білдірсеңіз де ол ештеңені өзгертпейтініне сенімдісіз

Б) сіз оның үстінен шағым бересіз. Оны осындай қылығы үшін жұмыстан шығару керек

В) сіз бұл ашуыңызды еден жуушы мен даяршыдан аласыз

11. Сіз өзіңіздің жасөспірім ұлыңызбен қарсыласып отырып, оның дұрыс екеніне көз жеткізесіз. Сіз өзіңіздің қателігіңізді мойындайсыз ба?

А) жоқ

Б) әрине мойындайсыз

В) өзіңіздің қателігіңізді мойындаудан соң қандай дәреже болсын

Кілт:

«А» жауабы үшін – 4 балл

«Б» жауабы үшін – 2 балл

«В» жауабы үшін – 0 балл

Зерттеу нәтижесі және психологтың кеңесі

Қосынды **30 бен 44 аралығында**. Сіз өте ымырашыл адамсыз, сіз қиын сәттерден қашып, орын алған келіспеушілікті жоя алсаңыз да, келіспеушілікке келмейсіз. Егер сізге біреумен қарсыласу керек болса, бұл жағдай сіздердің ары қарайғы қарым – қатынастарыңызға әсер етпейтіндігі жайлы ойлайсыз. Айналадағы адамдарыңыз үшін жақсы болып көрінуге тырысасыз, бірақ оларға көмек керек болған жағдайда сізді табу қиын. Сіз бұл үшін басқа адамдардың сізге деген сый құрметін жоғалтып аламын деп ойламайсыз ба?

15 тен 29 балға дейін. Сіз туралы келіспеушілікке көп келетін адам деп айтады. Сіздің жағдайңызға пікіріңіз қалай әсер ететіндігіне қарамастан, сіз өз көзқарасыңызда қаласыз. Сізді осы үшін де құрметтейді.

10 мен 14 балл аралығы. Сіз ұрсысуға амал іздеп жүресіз. Сізге тиімді болғанда бәрін сынауға дайынсыз. Сізді ұрсысуды жақсы көретін адам деп айтса, ренжімейсіз бе?

Тест «Дұрыс қарым-қатынас жасай аласыз ба?»

1. Іскер кездесуді күтерде қобалжисыз ба?
2. Әбден қиналғанға дейін дәрігерге баруды кейінге қалдырасыз ба?
3. егер кенеттен сізге баяндамамен шығасыз деп тосын тапсырма берілсе, соған бола қобалжып, реніш білдіресіз бе?
4. Жатақханада орын барына кепілдік алмай, таныс емес қалаға іс сапардан шығудан бас тартасыз ба?
5. Өзіңізге жақын емес адамдармен, өзіңіздің қоболжуыңызды білесіз бе?
6. Көшеден бейтаныс адамның уақыт, жол сілтеуді сұрауы сізді қобалжытады ма?
7. Әр түрлі өмірлік мәселелерді шешуде жас ұрпақ пен аға ұрпақтың арасында түбегейлі түсініспеушілік болады деп есептейсіз бе?
8. бұдан бірнеше ай бұрын сіздің қарызға алған ақшаңызды досыңыздан сұрауға не оның қайтаруына есіне салуына ұяласыз ба?
9. Егер сізге асханада сапасыз тамақ берсе тарелканы ысырып қойып, үндемеуді таңдайсыз ба?
10. Егер ұзақ уақытта жолға шықсаңыз, вагон ішінде серіктесіңізді бірінші болып сөзге тартасыз ба?
11. Үлкен кезекке тұрудан бас тартасыз ба?
12. Әріптестеріңізді арасындағы кикілжіңді қараудан бас тартасыз ба?
13. Сіз өнер және әдебиет туындылары бойынша басқа пікірге қосыла аласыз ба?, егер ол бойынша сіздің көз қарасыңыз тіптен басқа болса?
14. Сізге жақсы таныс мәселе бойынша басқа қате пікір естісеңіз үндемей қалуды қалайсыз ба?
15. Сабаққа көмектесу немесе қызметін істі қарау өтініші сізді тудырады ма?
16. Өзіңіздің пікіріңізді ауысша айтуға мүмкіндік бола тұра, сіз қаламсап аласыз ба?

«Иә» деп жауап берсеңіз – 2 балл, «білмеймін» жауап беруге қиналамын, «кейде болады» - 1 балл

«Жоқ» - 0 балл

30-32 Сіз қарым-қатынас жасай алмайсыз, ол үшін сіз көбіне балл қиналасыз, әсіресе сіздің жақындарыңызға сізбен болу қиын.

Ұжымдық күшті қажет ететін істе сізге сену қиын, ашық болуға тырысыңыз.

25-29 балл Сіз тұйықсыз, аз сөйлейсіз жалғыз болғанды ұнатасыз, жаңа жұмыс, жаңа байланыс сізді тепе-теңдіктен шығарады.

Сондықтан сіз өзіңізге өзіңіз риза болмай жүрсіз.

19-24 балл Сіз қарым-қатынаста ашықсыз, және белгісіз жағдайда өзіңізді сенімді ұстай білесіз. Жаңа проблемалар сізді қорқыта алмайды.

14-18 балл Адамдармен тез тілтабысасыз, жарыс сөзге көп қатыспайсыз. Сіз көп нәрсені білгіңіз келеді, көп сөйлейтін пікірласушіңізді қызыға ынтамен тыңдайсыз. Өзіңіздің жеке позицияңыздың қызбалыққа салынбай жеткізе аласыз, солай бола тұра сіз шулы топты жақтырмайсыз, әртүрлі шектен тыс іс-әрекеттер сіздің ашу ызаңызды келтіреді.

9-13 Сіз қарым-қатынас тіпті ашықсыз жаңа адамдармен таныс болуды ұнатасыз. Сізді әр нәрсе қызықтырады, көп қарым-қатынас жасауды ұнатасыз. Әр түрлі нәрсеге өз көзқарастарыңызды білдіресіз. Кейде орындай алмасаңыз да әркімнің өтінішін орындауға бас тартпайсыз. Сізге барлығының ортасында болуы ұнайды. Әр түрлі күрделі мәселелерді шешуге сізге табандылық, шыдамдылық жетіспейтін сияқты. Бірақ өзіңіз қалаған мезетте өз райыңыздан қайта аласыз.

4-8 Қарым-қатынаста сізден ашық адам жоқ. Қай жерде не болып жатқанын сізден жақсы білетін адам жоқ. Әр нәрсе бойынша өз ойыңызды айтуға дайынсыз, қай жерде де өзіңізді жақсы сезінесіз, кез-келген істі орындауға ала білесіз, тіпті кейде оны орындалмай жатасыз. Сондықтанда сізге өз әріптестеріңіз сенімсіздікпен қарайды.

3 - балл Сіз лицейден тыс ашықсыз, көп сөйлейсіз, сізге қатысты болмаса да қатысасыз. Сондықтан, әр түрлі шиеленісті кикілжіңнің тууына себепші боласыз. Тез өкпелегішсіз, қызу қандысыз, көбіректе дұрыс баға бере алмайсыз. Сіздің қасыңызда адамдардың тұруы қиын. Сіз өзіңізбен жұмыс істіңіз. Сізге шыдамдылық, уәдеде тұру, адамдарға деген сүйіспеншілік, құрметтеу және т.б. қасиеттерді дамыту керек.

Мазмұны

| | |
|--|-----|
| Кіріспе | 3 |
| 1 Білім алушылардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі халықаралық және отандық тәжірибесі | 4 |
| 2 Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігінің негізгі аспектілері | 52 |
| 3 Білім алушыларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар | 86 |
| Қорытынды | 152 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 154 |
| Қосымша | 158 |

**Білім алушыларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін
ақпарат пен материалдардан қорғау**

Басуға 22.03.2023 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты б.т. – 25.